

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ**

ӘОЖ: 8, 1751; 81-13

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту әдістемесі

7М01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Әбдіқалиева Қуаныш

Қаскелен, 2022

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі
Ph.D, ассистент профессор
Ноғайбаева А.

« 19 » 05 . 2022

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Орындаған: 

Қ.М.Әбдіқалиева

Ғылыми жетекші: 

п.ғ.к., СДУ профессоры Ш.Л.Ерхожина

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
«Педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар» факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы

Бекітемін
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі
Ph.D, ассистент профессор
Ногайбаева А.
«04» 06 2022 ж.



Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Әбдіқалиева Қуаныш Мұратқызы

Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті

Тақырыбы: Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту әдістемесі

Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген ND9 3-05/946-1 «26» 01 2021 ж.
Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі «01» 06 2022 ж.

Тапсырмалар және диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы:
Диссертациялық жұмыста синтаксисті оқытудың лингвистикалық негіздеріне шолу жасалып, синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың маңызы анықталды. Синтаксисті оқытудағы интеграциялық ұстанымдар жүйеленіп, оны басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың әдістемесі ұсынылып, түрлі тапсырмалар құрастырылды.

Ұсынылатын әдебиеттер: С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, Қ.Жұбанұлы, Х. Арғынов, Р.Әмір, М.Балақаев, Б.Шалабай, Т.Қордабаев, Т.Сайрамбаев, Ф.Оразбаева, М.Серғалиев, Т.Ермекова, С.Исаев, Х.Есенов, В.Безрукова, Ж.Жақыповтың, т.б. синтаксис саласындағы еңбектері, Н.Оразахынова, А.Әлімов, А. Конышева, Ш. Ерхожина, т.б.

Тапсырмалар бекітілген мерзім «21» 10 2021 ж.

Ғылыми жетекші: 

п.ғ.к., СДУ профессоры Ш.Л.Ерхожина

Магистрант: 

Қ.М. Әбдіқалиева

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту әдістемесі

Жұмыстың құрылымы: Кіріспе, екі тарау (тараушадан), қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық жұмыстың көлемі: 104 бет, 6 кесте, 5 сурет, 13 сызба бар, зерттеу барысында 83 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: синтаксис, интеграция, басқа ғылым салалары, дидактика, әдіс-тәсілдер, функционалды сауаттылық, заман талабы.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде синтаксис саласындағы өзекті мәселелерге шолу жасалынды. Күрделенген жай сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемдердегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар турасындағы ғалымдардың зерттеулері мен еңбектері қарастырылды. Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың маңызы айқындалды. Отандық, шетелдік ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудағы интеграциялық ұстанымдар іріктелінді. Әр ұстанымға мысалдар мен тапсырмалар берілді.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде синтаксисті экономика, экология, нутрициология, құқық, философия, зоология, технология, әлеуметтану секілді ғылым салаларымен интеграциялай оқыту үшін оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес әдіс-тәсілдер іріктеліп, тапсырмалар жүйеленді. Синтаксисті интеграциялай оқыту үшін ең тиімді деген жаттығу, қатысымдық әдіс, интерактивтік, салыстыру, проблемалық әдіс, жобалау әдістері қарастырылды. Жасалған әр тапсырманың мақсаты мен күтілетін нәтижелері көрсетілді. Зерттеу жұмысында қарастырылған әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып түрлі бақылау жұмыстары бойынша эксперимент жүргізілді. Эксперимент нәтижесі бойынша тиімді тест түрлері, тапсырмалар мен жаттығулар анықталды.

Диссертация жұмыстың қорытынды бөлімінде синтаксисті оқытуда жалаң білім беріп қана қоймай, заман талабына сай функционалды сауатты, жан-жақты, дүниетаным көкжиегі кең тұлғаларды дамыту жолында мұғалімнің оқушыны басқа ғылым салаларынан хабардар ететін әрі пәнге деген қызығушылығын арттыра түсетін әдістер бойынша жасалған тапсырмаларды орындату маңыздылығы айқындалды. Сараланған әдістер негізінде құрылған тапсырмалар оқушылардың грамматикалық білімі мен әртүрлі дағдыларын қалыптастыруда маңызды орын алатындығы көрсетілді.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: Методика обучения синтаксису в интеграции с другими отраслями науки

Структура работы: исследовательская работа состоит из введения, двух глав (подглав), заключения и списка использованной литературы.

Объем диссертационной работы: Имеется 104 страниц, 6 таблиц, 5 рисунков, 12 чертеж, в ходе исследования было рассмотрено 83 литературы.

Ключевые слова: синтаксис, интеграция, другие области науки, дидактика, методы, функциональная грамотность, требования времени.

В первой части диссертационной работы проведен обзор актуальных проблем в области синтаксиса. Рассмотрены исследования и труды ученых по различиям и сходствам в сложноподчиненных простых предложениях и смежных составных предложениях. Определена важность обучения синтаксиса интеграции с другими отраслями науки. С учетом мнений отечественных, зарубежных ученых были отобраны интеграционные подходы в обучении синтаксису интеграции с другими отраслями науки. Каждой позиции были даны примеры и задания.

Во второй части диссертационной работы были отобраны методы и систематизированы задания в соответствии с возрастными особенностями учащихся для обучения синтаксиса интеграции с такими отраслями науки, как экономика, экология, нутрициология, право, философия, зоология, технология, социология. Рассмотрены наиболее эффективные для интегрированного обучения синтаксиса упражнения, метод причастий, интерактивный, сравнительный, проблемный метод, методы проектирования. Были показаны цель и ожидаемые результаты каждого выполненного задания. Проведен эксперимент по различным контрольным работам с использованием методов и приемов, рассмотренных в исследовательской работе. По результатам эксперимента были определены эффективные виды тестов, задания и упражнения.

В заключительной части диссертационной работы определена важность выполнения учителем заданий, разработанных по методикам, информирующим учащихся о других областях науки и повышающим интерес к предмету, для развития не только элементарных знаний в преподавании синтаксиса, но и функционально грамотных, разносторонних, с широким кругозором в соответствии с требованиями времени. Показано, что задания, построенные на основе дифференцированного подхода, занимают важное место в формировании грамматических знаний и различных умений учащихся.

ABSTRACT

Topic of the dissertation: Methods of teaching syntax in integration with other branches of science

Structure of the dissertation: research work consists of an introduction, two chapters (sub-chapters), conclusion and list of references.

Volume of the dissertation: There are 104 pages, 6 tables, 5 figures, 12 drawings; during research 83 references were considered.

Keywords: syntax, integration, other fields of science, didactics, methods, functional literacy, time requirements.

In the first chapter of the dissertation the review of actual problems in the field of syntax is carried out. The research and works of scientists on differences and similarities in complex simple sentences and related compound sentences are considered. The importance of learning the syntax of integration with other branches of science is determined. Taking into account the opinions of domestic and foreign scientists, integration approaches were selected in teaching the syntax of integration with other branches of science. Each position was given examples and tasks.

In the second chapter of the dissertation methods were selected and tasks were systematized in accordance with the age characteristics of students to teach the syntax of integration with such branches of science as economics, ecology, *nutritionology*, law, philosophy, zoology, technology, sociology. The most effective exercises for integrated syntax learning, the participle method, interactive, comparative, problem method, and design methods are considered. The goal and expected results of each completed task were shown. An experiment was conducted on various control works using the methods and techniques considered in the research paper. Based on the results of the experiment, effective types of tests, tasks and exercises were determined.

In the final chapter of the dissertation, the importance of the teacher performing tasks developed according to methods that inform students about other fields of science and increase interest in the subject is determined for the development of not only elementary knowledge in teaching syntax, but also functionally literate, versatile, with a broad outlook in accordance with the requirements of the time. It is shown that tasks based on a differentiated approach occupy an important place in the formation of grammatical knowledge and various skills of students.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|------------|
| КІРІСПЕ | 8 |
| 1 СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ | |
| 1.1 Синтаксис саласындағы және оны оқытудағы өзекті мәселелер | 10 |
| 1.2 Синтаксисті басқа ғылым салаларымен байланыстыра оқытудың маңызы | 41 |
| 1.3 Синтаксисті оқытудағы интеграциялық ұстанымдар | 56 |
| 2 МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ | |
| 2.1 Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес синтаксисті интеграциялай оқытудың әдіс-тәсілдері | 67 |
| 2.2 Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес синтаксисті интеграциялай оқытуға арналған тапсырмалар | 75 |
| 2.3 Синтаксисті оқытудың эксперимент нәтижесі | 93 |
| ҚОРЫТЫНДЫ | 100 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ | 101 |

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту әдістемесі арқылы жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілі сабақтарында оқушылардың синтаксистен білім, білігін дамыту мақсаты алға қойылған. Синтаксисті меңгерту арқылы оқушылардың материалды игеруде интеграциялық үрдістің мүмкіндіктері дәлелденді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Синтаксис - қазақ тіл білімі саласының ажырамас бөлігі. Сөйлем ойды жеткізудің басты құралы десек, ол заманға, қоғамға қарай жаңарып, өзгеріп отыратын сөз секілді тірі организм. Сөйлем арқылы ойды жеткіземіз. Қазіргі білім беру саласы оқушының жалаң білім алып қана қоймай, сол алған білімін өмірінде қажетіне қарай қолдана алатын функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру талабын қояды. Ғылым мен технология салаларының қарқынды дамуы және еліміздің ғылыми жаңалықтар ашуға деген ұмтылысы оны бұқара халыққа жеткізу үшін тілдік дағдыларды да дамытуды қажет етеді. Ол үшін мектеп қабырғасынан оқушыға қазақ тілінде ғылыми әдебиеттерді, басқа ғылым салаларының мәтіндерін оқыту қажеттілігі туындайды. Бұларды байланыстырып тұратын қазақ тілі пәні де ана тіліміздегі ғасырлар бойы қалыптасқан сөйлеу амалдары мен заңдылықтарын таныта келе, жас ұрпақтың тіл туралы лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырып, сауатты сөйлеу дағдыларын жетілдіруі тиіс. Грамматиканың күрделі әрі маңызды саласы болған синтаксисті оқыту барысында оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, ана тілінде сауатты жазып, ойын жүйелі білдіруге дағдыландыру үшін жаңашыл әдістерді пайдаланып, синтаксисті меңгертуде басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту мәселесі туындап отыр. Қазіргі таңда педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық үдерістер ой-өріс қабілеті жоғары, білікті, дүниетаным көкжиегі кең тұлғаны қалыптастыруды талап етуде. Синтаксисті оқытудың әдістемелік қырларын дамыту үшін, білім алушының грамматикалық білім деңгейін арттыру, бәсекеге қабілетті, жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету өте маңызды. Сондықтан синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту оқушылардың басқа ғылым салаларынан ақпарат алуын, болашақта мамандық таңдауына ықпал ету үшін, алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне жарата білуіне және танымдық: дүниетанымдық, оқутанымдық құзіреттіліктерін арттыруда интеграциялай оқытудың қажеттілігі туындайды. Бұл заман шартына сай білім берудің талабы десек те болады. Осы тұрғыдан алып отырған тақырып өзекті саналады. Синтаксисті оқытуда мәтіндердің сан алуан болуы, жаратылыстану ғылымымен, философиялық мәндегі мәтіндермен, экологиялық, әлеуметтік, экономикалық мәтіндермен интеграциялап, таңдаулы әдістермен ұштастыра отырып білім беру арқылы білім алушының білімі мен мәдени деңгейінің өсуіне, танымдық тұрғыдан дамуына, адами құндылықтарды бойына сіңіруіне септігін тигізеді. Сондықтан да оқушыларға меңгеруде қиынға соғатын

жауапты саланың бірі синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытуда тиімді деген әдістер іріктеліп, білім мен дағды белгілі мақсаттарға сай берілуі қажет.

Зерттеудің мақсаты. Мектеп бағдарламасындағы синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың маңызын айқындап, әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсатына сай төмендегідей міндеттер қойылады:

- қазақ тіл ғылымындағы синтаксистің зерттелуіне шолу жасау;
- синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың маңызын анықтау;
- синтаксисті оқытудағы интеграциялық ұстанымдарды жүйелеу;
- интеграциялауға негіз болатын мәтіндерді іріктеу;
- синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің нысаны. Жалпы білім беретін орта мектептің 8-9- сынып қазақ тілі.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Синтаксистің өзекті мәселелерін, лингвистикалық негіздерін қозғаған теориялық негіздер синтаксис саласындағы тың теориялық ұғымдармен сабақтастырылып, толықтырылды. Зерттеудің міндеттеріне сай жүктелген практикалық тапсырмалар синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың әдістерін жүйелеуге, жұмсалымды пайдалануға мүмкіндік берді. Жұмысты орта мектепте қазақ тілі сабақтарында, ЖОО филологиялық сала мамандықтарында оқытуға болады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Жүйелеу, салыстыру, контенттік талдау, анализ, синтез, индукция, дедукция, бақылау, эксперимент әдісі пайдаланылды. Шығарылған түйіндер теориялық жағынан тұжырымдалып, негізді мысалдармен дәйектеледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

- синтаксисті оқытудың лингвистикалық негіздеріне шолу жасалды;
- синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың маңызы анықталды;
- синтаксисті оқытудағы интеграциялық ұстанымдар жүйеленді;
- интеграциялауға негіз болатын мәтіндер іріктелді;
- синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың әдістемесі ұсынылды.

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланым. 2021 өткен халықаралық жастар конференциясында «Синтаксисті меңгертудегі интерактивті әдістер» атты мақала қорғалып, жарияланды. 2022 жылы «QAZAQ BILIMI» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік журналға «Мектепте синтаксисті оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер» атты мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Кіріспе, екі тарау, үш тараушадан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Синтаксис саласындағы және оны оқытудағы өзекті мәселелер

Синтаксисті грамматиканың бір саласы ретінде ұғынып, ол жөнінде алғаш сөз қылған жыл санауымыздың екінші ғасырында ғұмыр кешкен Александрия тіл зерттеушілерінің белді өкілдерінің бірі Апполони Дискол еді. Ол сөздердің байланысын, байланысу тәсілдерін зерттеген. Сөйлем туралы ілімді синтаксис ретінде танып, синтаксисті түрлі жіктеу мәселелері бойынша ғылыми жағынан кеңінен кіріскендер он тоғызыншы ғасырда лингвистикада көрініс тапқан қисындық бағыттың ұстанушылары еді. Бұл бағыттың өкілдері сөйлемді логикалық ойлаудың көрсеткіші және екі мүшеден ғана тұрады, яғни субъект және предикат қана болады деп санады. Бұлар тілдік көрсеткішке сай бастауыш пен баяндауыш екенін айтты. Бұл бағыт көптеген кемшіл тұстарына қарамастан XIX ғасырдың соңына дейін болды. Көп жылдық тарихы болғанына мән берілместен синтаксистің басты объектісін анықтауда осы кезге шейін қайшылықты пікірлер бар екен. Грамматикалық ой-пікірдің даму тарихына зер салсақ, синтаксис ілімін құруда, оның қызметі мен міндетін айқындауда үш түрлі бағыт болған:

1. Қисынға құралған сөйлем мен сөйлем мүшелері жөніндегі ілім ретінде синтаксисті құру;
2. Сөз тіркестері, сөздердің өте ауқымды мағынада ұғынылатын бірлестіктері (тіркестері) жөніндегі ілім сияқты синтаксисті құру;
3. Сөйлем туралы ілім мен сөз тіркесі туралы ілімнің бірлігі (синтезі) сынды синтаксисті құру.

Антикалық кезеңдегі грамматика ғалымдары синтаксисті сөйлеудегі жеке сөздердің тіркесі жөніндегі ілім деген. Одан соң тіл білімінде логикалық мектептің басым болуына сай (өкілі Ф.Буслаев) синтаксистің міндеті сөйлеудегі логикалық категорияларды (байымдау, субъект, предикат, объект) табу деп санады, яғни оның пәні формалды түрде логикаға негізделген сөйлем болды. Одан кейін де формальды-грамматикалық бағыттың ұстанушылары Ф.де Соссюр, Л.Теньер, Ш.Балли, Ф.Фортунатов, Ф.Реформаторский, т.б. синтаксистің объектісі сөз тіркесі және сөз тіркесінің бір түріне жататын сөйлем деп түйіндеді. Бұл көзқарасты қазіргі күнге дейін ұстанатындар бар. Жиырмамыншы ғасырдың басында синтаксистің пәні сөз тіркестері және сөйлем туралы ілімдердің бірлігі ретінде қарау қалыптасты. Орыс ғалымдарынан А.Шахматов, А.Пешковский, В.Виноградов еңбектерінде осы теория жетілдірілді. Кейін синтаксиске қатысы бар ғалымдардан М.Балақаев, Н.Шведова, М.Закиев, Н.Гвоздев осы ұйғарымды қолдады.

Ғалым Т.Қордабаев М.Балақаевтың синтаксистің бірінші нысаны деңгейіне сөз тіркесін көтеруін қолдамайды және ол сөйлеммен бірге берік байланыста қаралғаны жөн, алайда сөйлем синтаксистің басты тұлғасы, ал сөз тіркесі оның басты тұлғасы болмайды деген қорытындыға келеді. Т.Қордабай синтаксистің негізгі объектісі болып табылатын бірнеше мәселені бөліп көрсетеді: [1, б. 5]

1. Жай сөйлем синтаксисі, оның құрамы, құрылымдық және мағыналық түрлері;
2. Сөздер тіркесі, оның өзіндік ерекшеліктері;
3. Сөйлемдер тіркесі, оның түрлері мен құрылымдық сипаттары.

Профессор Б.Шалабай синтаксисті бір сөздік тұлғаның екінші бір сөздік тұлғамен және одан да ірі тұлғалар өзара тіркескенде пайда болатын мағыналарды зерттейтінін айтады. Оның объектілеріне сөз тұлғасы, сөз тіркесі, сөйлем жатады дей келе, соңғы кездері сөйлемнен де ірі бірліктердің синтаксистік құрылысы қарастырылып жүргенін атап өтеді. Соған байланысты синтаксистің зерттелетін объектілері үшеу дейді: [2, б. 291]

1. Сөз тіркесінің синтаксисі;
2. Сөйлем синтаксисі;
3. Мәтін синтаксисі.

Рахметова Р., Қобланова А., Көпбаева Ж. қазіргі қазақ тіліндегі синтаксис туралы зерттеулерінде синтаксистің зерттелу объектілерін төртеу етіп көрсетеді: 1. Сөз тіркесі синтаксисі; 2. Жай сөйлем синтаксисі; 3. Құрмалас сөйлем синтаксисі; 4. Мәтін синтаксисі. [3, б. 415] М.Балақаев болса сөз тіркесінің синтаксисі және сөйлемнің синтаксисі деп екі салаға бөледі.

Синтаксистің зерттеу нысанын айқындауға байланысты бірдейлік осы күнге шейін анық емес. Тіл білімінің синтаксистік құрылуын зерттеушілер оның нысаны деп бірі сөз тіркесін санайды, бірі синтаксистің нағыз өзегі сөйлем ғана деп санайды, енді бірі қарым-қатынастың нағыз құралы деп мәтінді ғана санайды. Сөз тіркесін басты нысан ретінде санайтындар сөйлем құрылу үшін ондағы мүшелер болатын сөздер өзара тіркесімділікте болып, ұласып тұру қажет болатынын алға тартады, сондықтан сөйлемнің жай не құрмалас түрі болсын сөз тіркесі түрлерінің бірі ғана дегенді ұстанады. Синтаксис зерттеп қарастыратын басты нысан сөйлем дегенді алға тартатындар сөйлемді құрастыратын бірліктерге сөздердің көмегімен емес, сөздердің тіркесуі көмегімен емес, сөйлем мүшелеріне, сөз тіркестеріне сөйлем көмегімен ғана жақындау керек дейді, тіптен, сөздерге де негізінде сөйлем арқылы жетуіміз қажет екен. Олардың ойынша, сөз тіркесін зерттеу тек морфологияның нысаны болуы тиіс. Мәтінді синтаксистің нысаны деп алғандар адамдар тілдескенде, бірімен-бірі тілдік қарым-қатынасқа түскенде мәтінді ғана қолданатынымызды айтады, сол себептен мәтінді басты нысан санайды.

Т.Сайрамбаев сөз тіркесі мен құрмалас сөйлемді қазірдің өзінде синтаксистің объектісіне жатқызбайтындар бар екенін айтады [4, б. 26]. Олардың ойынша, оған себеп мынадай: біріншіден, сөз тіркестерінде пікір алысу, ойды нақтылау сынды мәселелер жоқ, бұл олардың синтаксистің объектісі болуына кедергі екен; екіншіден, құрмалас сөйлем негізінен екі сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретіні айтылса да, құрмалас сөйлемді құрайтын әрбір сөйлемнің тиянақтылық, тиянақсыздық қасиеттерін жай сөйлемдермен салыстыру кезінде құрмаласқа қатысқан сөйлемдердің жеке алғанда өзіне тән тиянақтылық қасиеті жоқ екен. Ондағы сөйлемдер бүтіннің

тек бір бөлшегі сынды және өз алдына жеке сөйлем бола алмайды екен, сондықтан синтаксис объектісіне жатпайды. Олар синтаксис объектісіне тек сөйлем синтаксисін жатқызады. Бұдан бөлек мәтінді де синтаксис объектісіне жатқызу мәселесі де бар.

Мәтін қазақ синтаксисында тәуелсіздік алған жылдардан кейін зерттеле басталды делінеді. Тіл ғалымдарының бір тобы мәтін, құрмалас сөйлем, сөйлем, сөз тіркесі, морфология, лексика, фонетика жүйесі бойынша жұмыс істеу керектігін алға тартады. Мәтін мәселесі кейіннен пайда болғанымен де, А.Байтұрсынов Тіл тағылымы кітаптарында сөйлеу һәм сөйлем деп айта келіп, әуелі мәтін сосын сөйлемді талдауды бастағанын Т.Сайрамбаев дұрыс тұжырымдаған. Мысалы, Еділ бойы тоғай бар, тоғай толған ноғай бар, бурыл атта бұғау бар, оны да кесер егеу бар, сол темірге балға бар, қомсынғанға алла бар. А.Байтұрсынов бұл мысалда алты сөйлем бар деп талдауды бастайды. Аш бала тоқ баламен ойнамайды деген мысалда бес сөз бар деп, бір сөздің ішінде бірнеше буын болады деп фонетикаға қарай талдауды жалғастыруы және сол кездің өзінде мәтін деген терминді қолданбаса да сөйлесу деп жеткізуінде де жаңашылдық бар[5, б.144]. Қазір елімізде жаңартылған білім мазмұны бойынша мектеп оқушылары гуманитарлық-қоғамдық және жаратылыстану-математика бағытындағы мәтіндерді қолдану арқылы қазақ тілі сабағын басқа қоғамдық пәндермен байланыстыра оқитынын ескерсек, мәтін мәселесі А.Байтұрсынов кезінен бастап өзектілікке ие бола бастағанын байқаймыз.

М.Серғалиев Қ.Жұбановтың сөз тіркесін сөз қиыны деп, сөз қиынының құрамына енген сыңарларды жетек сөз және жетекші сөз деп атап, теориялық ұсыныстар тастап кеткенін айтады. Ал С.Аманжолов сөз тіркесін арнайы қарастырмағанмен де сөйлем мүшелерінің байланысу түрлері ретінде қабысу, жанасу, меңгеру, қиысуды көрсетті, онда тек матасу жоқ еді[6, б. 277]. Н.Сауранбаев та 1939 жылы жарияланған осы еңбекті жазуға ат салысып, ол да осы пікірді қолдады. Бұл пікірді алғаш оқулығында М.Балақаевтың да қолданғанын Т.Сайрамбаев өз еңбегінде атап өтті [7, б. 7]. Олар бұл байланысу формаларына қатысты терминдерді сөйлем мүшелеріне қатысты қолданғанынан сөйлем мүшелері де байланысатын, сөз тіркесі де байланысатын деген сөздермен беріліп, түсінбестік туып отырғанын Т.Сайрамбаев жеткізді. Бұл жағдай ол тұста синтаксистің объектісі сөйлем болып қарастырылғаннан туындағанын айтады. Негізінде орыс тілі, түркі тілі зерттеулерінің барлығында байланысу формаларына қатысты бұл терминдер тек сөз тіркесіне ғана қатысты қолданыс тауып отыр.

Қ.Жұбанов сөйлемнің ішіндегі сөздердің өзара бір-бірін ерте де, бір-біріне де ере де байланыса алатынын, еруші сөздің жетек сөз, ал ертуші сөздің жетекші сөз деп аталатынын айтқаны бар. Сөздердің өзара бір-бірін ертіп не болмаса еріп тұрғанын жалғауынан білуге болады екен. Біздер мектепке келдік деген үш сөздің байланысуындағы мысалды келтіреді. Әуелі, біздер деген сөз бен келдік деген сөз бір байланысқан дейді. «Кім келді?» дегенге біздер келдік деп жауап қайтарылады. Екіншіден, келдік деген сөз мектепке деген сөзбен

байланысады. «Қайда келдік?» дегенге мектепке келдік деп жауап беріледі [8, б. 44].

М.Балақаев сөз тіркестері мен сөйлемнің бір нәрсе емес екенін мағыналарына қарасақ та, тұлғалық дәйекші қоя салу арқылы да айыру мүмкін болмайтынын айтады. Сөздер тобын сөз тіркесі деп те, сөйлем деп те айтудың жөні бары рас екен. Алайда сөйлемді сөйлемдік қасиеттеріне қарап, сөз тіркесін өзіне тән қасиеттеріне қарап танып, мысалы үшін, жазық дала дегенді сөз тіркесі ретінде қарап, атқа мінді дегенді әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі ретінде қарастыру қажет екен. Осы тұрғыдағы мысалдарды сөз тіркесі не сөйлем деп тану үшін Н.Дмитриев, Н.Баскаков атрибуттық топтарды ғана сөз тіркесі деп қарастырған. Н.Баскаков анықтауыштық сөз тіркесі дегенді кең мағынада ұғынады. Сонда анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынастағы сөздер тобы байымдауды білдірмесе, онда сөз тіркесі деп таниды да, ал білдірсе сөйлем деп таниды [9, б. 11].

Сөз тіркесін анықтауда да қазақ тіл білімінде бірнеше мәселелер бар. М.Балақаев сөз тіркесі болу үшін мынадай шарттар орындалу керек дейді: кем дегенде құрамында тұтас мағынасы бар екі сөз болу керек; ол сөздердің біреуі екіншісіне сабақтасып айтылады, сонымен қоса мағыналылық болып және синтаксистік байланыспен айтылады. Олардың байланысы сабақтасып қана болады, оларда салаластық байланыс мүлдем болмайды; сөздер тіркескенде толықтауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық өзара әрекеттестікте пайдаланылады. Осылайша, М.Балақаев синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі деп атаймыз деп қорытындылайды [9, б. 32]. Сабақтаса байланысу арқылы сөз тіркесі басыңқылы-бағыныңқылы қатынасты көрсетеді. Ж.Жақыпов та сөз тіркесі тек сабақтаса байланысу арқылы құралатынын алға тартады. Өз кезегінде ол салалас байланыстың синтаксистік байланыстың бір саласы екенін мойындайды, бірақ сөз тіркесінде ондай байланысқа орын жоқ дейді [10, б. 38]. М.Балақаев қазақ және бүкіл түркі тілінің сөз тіркесі саласында алғашқы зерттеушілердің бірі болғандықтан да оның еңбегін көбісі бағалайды. Алайда кейінгі кезде бұдан өзге байланыс түрлері, яғни салаласа байланысу түрлері де бар дегенді ұстанатын ғалымдар да көбейіп келеді. Қазақ грамматикасы жинағында да бұл байланысу түрінің қолдау табуы орынды деп бірнеше дәлелдер де келтіріледі [11, б. 589]. Профессор Р.Әмір алғашқылардың бірі болып осы ұстанымды қолдады. Ол синтаксистік қатынасты білдіру үшін толық мағыналы екі не одан да көп сөздің сабақтаса, салаласа байланысқан тобын сөз тіркесіне жатқызды [12, б. 13]. Б.Шалабай да сөздердің салаласа және сабақтаса байланысу түрлері бар екенін жазады. [2, б. 292]. М.Серғалиев сөз тіркесі дейтін түсініктің мазмұны мен мақсатына, сөйлем ішіндегі атқаратын қызметіне тереңірек үңілсек, онда толық мағыналы сөздердің өзгеше де байланысу мүмкіндіктері бар екенін байқаймыз, осылайша сөйлем ішіндегі сөздердің салаласа да байланыса алатынын ұғынамыз дейді [6, б. 264]. Т.Сайрамбаев та сөздердің салаласа да, сабақтаса да байланысатынын құптайды. Ғ.Беғалиев, Н.Сауранбаев сөздердің салаласа

да, сабақтаса да байланысатынын жазды. Сөздер бір-біріне бағынбай, тең дәрежеде тұрып байланысса, онда ол салалас тіркес болады деген [13, б. 149].

Қазақтың еркін сөз тіркестерінде салаласа байланысу туралы пікірлердің қалыптасуына 1954 жылы В.Виноградовтың осы байланыс түрі туралы айтқандары әсер еткені айқын екенін М.Серғалиев атап өтті. Одан бөлек кейін М.Петерсон, А.Пешковскийлердің бұндай сөз тіркестерінде сөздердің бірінен кейін бірі бағыныңқылық қатынассыз орналасатынын айтқандары да бар. А.Баскаков та В.Виноградов сынды мұндай сөз тіркестерін бірыңғай сөйлем мүшелерімен салыстырады. Р.Әмір лингвистикада бірыңғай мүшелердің бір-бірімен қатынасын сөз тіркесі ретінде танымауымыз тиіс дейтін пікірлердің барын жоққа шығармайды. Көптеген ғалымдардың зерттеуінде сөйлемнің өзіндік құрылымына сай бірыңғай мүшелерді сөйлемнің дамуына қатысы бар компонент секілді санамайды. Оларды жеке-жеке сөйлемдерге тән сыйысу амалы ретінде қарайды. Алайда лингвистика ғылымына арналған біршама жұмыстарда сөйлемнің құрылысындағы бірыңғай мүше болатын сөздерді сөз тіркесінің қатарына жатқызады. Олардың мынадай дәлелдері бар: бір-бірімен ыңғайластық, қарсылықты, талғаулық, т.т. белгілі бір грамматикалық қатынасқа түсетін сөйлем құрамындағы бірыңғай мүшелер. Бұл өзара әрекеттестік интонация арқылы, шылау сөздер беріледі. Осындай пікірлердің барлығы салаласа байланысатын сөз тіркестері туралы қазақ синтаксисінде әлі де көп мәселелерге зерттеулер жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Қобланова А., Рахметова Р., Көпбаева Ж. сөз тіркесінің салаласа байланысу түрлері дегенді мүлдем қабылдамайтындарын айтады [3, б. 425]. Салаласа байланысқан тіркестердің қатарына бойжеткен мен бозбала, әке мен бала, ақылды да көрікті сынды тіркесулер жатқызылады. Мына үлгідегі тіркесулердің өзгешеліктерін сөз тіркесінен ажыратып алу мақсатында оның құрылымдық өзгешеліктеріне баса көңіл аудару керек. Сөз тіркесі өзіне тән тұйықтылық ерекше белгісімен көрініс табады екен, сөз тіркесі жұптарының бірінің басыңқы, екінші біреуінің бағыныңқы болу ерекшелігінен байқалады. Сөйлем құрамындағы басқа сөздерден сөз тіркесі басыңқы сыңарларының тұлғалық өзгеріске ұшырауымен байланысқа түсетін, ал бағыныңқы сыңарларының өздерінің әуелгі қалпын сақтап өзгеріске түспейтіндігімен сипатталады. Осындай ерекше белгі тек түркі тілдерінің құрылысына тән, бұл олардың ерекшелігі болып табылады. Орыс тіл білімінде бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардың жекеше, көпше, септік және тек (род) тұлғасына сай түрленіп отырады. Ал салаласа байланысқан тіркестерде мұндай ерекшелік жоқ және олар бір-бірімен тең дәрежеде байланысады. Бұл байланыстың тағы бір ерекшелігі орнын ауыстыруға болады және одан салаластық қатар жойыла қоймайды. Мысалы жігіт пен қыз, қыз бен жігіт десек болады, олар сөйлемнің бірыңғай мүшелерін құрап тұр. Сабақтас байланысқа түскен сөздердің сыңарларын бұлай өзгертуге болмайды, себебі мұндай жағдайда сөздердің мазмұны және грамматикалық тұлғасынан өзгеріске ұшырайды.

Сөздердің байланысу тәсілдерін анықтауда да біршама мәселе бар. Қазақ грамматикасында сөздердің синтаксистік байланысу тәсілдерін аналитикалық

тәсіл, синтетикалық тәсіл деп қарастырады [11, б. 587]. Қазақ грамматикасының анықтамасына сәйкес, аналитикалық тәсіл арқылы байланысқан сөздер интонация, орын тәртібі және шылау арқылы байланысқа түседі. Ал синтетикалық байланыс жалғаулар арқылы, яғни септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулар көмегімен жүзеге асырылады. Кей ғалымдар сөз тіркесінің байланысы туралы зерттегенде, бағыныңқы сыңары мен басыңқы сыңарларының орын тәртібі, шылаулар, жалғаулар және интонация арқылы байланысады деп шектелсе, ғалымдардың басқа бір тобы оған аналитикалық және синтетикалық тәсілдерді қосады. Ғалым М.Балақаев сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін бір дегеннен аналитикалық және синтетикалық деп көрсетеді. Тек кейбір еңбектерінде оған үшінші етіп аналитикалық-синтетикалық тәсілдерді де қосады. Ғалым Б.Шалабай сөздердің байланысу тәсілдерін синтетикалық, яғни қосымшалар арқылы байланысу, аналитикалық, яғни интонация, сөз тәртібі арқылы байланысу, аналитика-синтетикалық, яғни септеулік шылаулар арқылы байланысу деп топтайды [2, б. 292]. Т.Сайрамбаев ол байланыстарды синтетикалық және аналитикалық тәсілдер деп бөліп келді [4, б. 33]. Дегенмен кейінгі еңбектерінде сөз тіркестері саласындағы жаңалық ретінде аналитикалық-синтетикалық тәсілді де қосып көрсетті. Оның аналитикалық-синтетикалық байланысу тәсілдерінің мынадай өзгеше жолдарын бөліп көрсеткенін айтуға болады: көмекші есімдер арқылы; шылаулар арқылы; көмекші етістік арқылы. Р.Әміров синтетикалық тәсілге септік, жіктік, көптік жалғауларын жатқызды, ал аналитикалық тәсілге шылаулар, сөздердің орын тәртібі мен интонацияны жатқызды. Ж.Жақыпов бұл тәсілдердің үшеуін де қолданып, оларды өзгеше жіктеп көрсетеді. Ол синтетикалық байланысу тәсілі жалғаудың барлық түрі арқылы және жұрнақ арқылы жүзеге асатынын айтады. Аналитикалық байланысу тәсілі сөздердің орын тәртібі арқылы, интонация арқылы және көмекші сөздер арқылы орын алатынын айтады. Аналитикалық-синтетикалық байланысу тәсілі көмекші сөздерден шылаулар арқылы, көмекші есімдер арқылы, көмекші етістіктер арқылы, модаль сөздер арқылы іске асырылады [10, б. 34].

Ж.Жақыпов сөздердің орын тәртібі арқылы тіркесімділігінің ерекше тұсы ретінде сөз тіркесіндегі сөздердің әр сыңарының сөйлемде іргелес тұруымен қатар, алшақ та тұру ерекшелігін атап өтеді. Кей жағдайда мамандар сөздердің орын тәртібі мен интонацияны бір нәрсе деп қарау байқалады. Бұл дұрыс болмайды, өйткені олардың зерттейтін нысандары әр түрлі. Орын тәртібінің нысаны сөз тіркесі болса, интонацияның нысаны көбіне сөйлем болады. Интонациялық құбылыс сөйлемнің негізгі белгілерінің бірі болып, оның дыбыстық жамылғысы болып, әсіресе айтылу мақсатына қарай қолданылады. Қобланова А., Рахметова Р., Көпбаева Ж. интонация тәсілінің есім сөздерден жасалған сөйлем мен анықтауыш сөздерден болған сөз тіркестерінің жігін ажыратудағы қызметі зор дейді. Мысалы, Бұл – мұғалім, бұл мұғалім. Бірінші сөйлемде бұл сөзінен соң кідіріс жасап айтылса, сөйлем болады, себебі бастауыш баяндауыштық құрылым байқалады. Ал екінші тіркесте кідіріс жасамаса, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болады. Олардың пікірінше,

көптік жалғаулары әр уақытта сөз бен сөзді байланыстыра алмайды. Тек екінші жақта жіктік жалғауымен қабаттасып келсе ғана сөз ббайланыстыруға болады дейді. Мысалы, сендер оқушысыңдар, сендердің айтқыларың келмейді. Сонымен бірге, жіктік жалғауы арқылы байланысқан сөздер көп жағдайда бастауыш пен баяндауыш болады, өзара қиыса байланысады. Қиысу сөйлемнің ішінде қаралу керек, себебі, қиысу екі жақты байланысқа негізделеді, яғни бірінші сөз атау септігінде тұрып, екінші сыңары атау септікте тұрған сөздің қай жақта тұрғанына қарай сол жақтағы жіктік жалғауда қолданылады. Сол жіктік жалғаудың жақ түріндегі тұлғасына қарай бірінші сөз де семантикасы арқылы белгілі жақта тұрады. Алайда бұл байланыс субъектілік-предикаттық қатынаста жұмсалатындықтан сөз тіркесі болмай сөйлем болады екен.

Көптеген тілдерде байланысу формаларынан меңгеру, қиысу, қабысу ғана бар. Біздің тілде олардан бөлек жанасу, матасу бар. Ж.Жақыпов сөз тіркесінің сыңарлары қабыса, меңгеріле, матаса ғана байланысу керек дейді [10, б. 16]. Қиысу байланысу формасының аясында сөз тіркесіне жату керек пе, сөйлем ретінде қарастырылу тиіс пе деген мәселелер туындап отыр. Қиысу байланысу формасы туралы Н.Дмитриев, Н.Баскаков, А.Канонов сынды ғалымдар бастауыш пен баяндауыштың байланысын аяқталған ойды білдіреді, сол себептен де ондай құбылыс тек сөйлем деп танылу керек дейтін түйінге келеді. Қобланова А., Рахметова Р., Көпбаева Ж. да қиысуды сөйлем аясында қарастыру қажеттігін қолдайды. Бұл мәселе бойынша профессор С.Исаевтың пікірінше, қиысу сөз байланысудың негізгі бір түрі болса да, ондай сөз тіркесі жоқ, яғни қиысу сөз тіркесінің шеңберіне енбеуі тиіс, тек сөйлем деп анықталғаны дұрыс екен. С.Исаев қиысу сөз байланысудың бір жолы болуы жағынан сабақтаса байланысудан да, салаласа байланысудан да өзгеше, сол себепті қиыса байланысқан сөздер тобы сөз тіркесі емес, сөйлем құрайды, өзара байланысқа түскен сыңарлары грамматикалық меншіктілік, объектілік, қатынастық, мезгілдік, мекендік, себеп-мақсаттық, т.б. сынды синтаксистік қатынастарды білдірмей, сөз тіркесінің аясына енбейтін бастауыштық-баяндауыштық (субъектілік-предикаттық) қатынасты білдіреді, сондықтан коммуникативті қызмет атқарады деген [14, б. 41]. М.Балақаев сөйлемдегі сөздердің байланысы жағынан сөз тіркесі деп тілде ауыс-түйіс бола беретін қырынан алуын Т.Сайрамбаев кұп көретінін жазады. Сол кезде қиысу бастауыштың баяндауышпен сан және жақ жағынан үйлесімділігі негізінде қиысу байланысу формасы сияқты алынуы орынды болады екен [7, б. 39]. Түркологтар қиысуға ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздердің өзара байланысын жатқызады.

М.Балақаев жанасуды қабысудың бір түрі ретінде қарастырады. Т.Сайрамбаев жанасудың қабысу мен меңгерумен ара қатынасы шешілмей келе жатқанын айтады. Негізгі мәселе меңгеру, қабысу, жанасу байланысу формаларының арасындағы өзара бір-біріне ауысып жүрген мәселелерде жатыр. Ғалымдардың бір тобы жанасуды қабысудың бір түрі деп қарастырады, яғни арасына сөз салуға болса жанасу, сөз салуға болмаса қабысу деп таниды.

Қабысу байланысындағы сөздердің бірінші мүшесі сын есім, сан есім, сілтеу есімдіктерінен тұрады да, екінші мүшесі зат есімнен болады және арасына сөз салуға болмайды. Жанасу байланысындағы сөз тіркесінің бірінші сыңары көбінесе үстеуден, кейде септеулік шылаулар арқылы жасалады. Мысалы, қасақана айтты, үйге дейін барды. Сонымен қатар, қабысудағы сөз тіркесінің бірінші сыңары сөйлемде анықтауыш, екінші мүшесі бастауыш болады. Жанасудың бірінші мүшесі пысықтауыш, екінші мүшесі баяндауыш болады, сол себепті сыртқы тұлғалары бірдей сөз тіркестерін өзара ажырата алу мақсатында қай сөз табынан болғанын біліп алып, сұрақ қою арқылы қай сөйлем мүшесі екенін анықтап не болмаса екі мүшенің арасына, не бірінші мүшенің алдына сөз айтып көрсе, сонда оның қай байланысу формасына жататынын ажыратуға болады [3, б. 436]. Ж.Жақыпов жанасудың сөз тіркесін жасай алмайтынын айтады, себебі ол тек сөйлем ішінде ғана көрінеді екен, ал сөз тіркесін межелеген тұста тек екі сыңарды ғана аламыз, сондықтан сөз тіркесін жіктегенде бұл байланыс есепке алынбайды. Бұл жанасудың дербес бірлік болып келетін сөз тіркесінің аясында емес, сөйлем ішіндегі байланыс екенін көрсетеді дейді. Т.Сайрамбаев дербес мағыналы сөз-көмекші сөз-дербес мағыналы сөз формуласы арқылы жанасуды қабысудан, негізгі сыңары дербес мағыналы сөзбен шылау, т.б. арқылы топтардан ешбір сәйкестігі болмайтын тілдік құбылыстарды арқау етіп өзіндік жасалу жолдарын анықтай алатынымызды айтады. Бұл жердегі көмекші сөздер тұлға жағынан мүлдем септелмейтін сөздер болуымен ерекшеленеді екен [7, б. 43].

Қабысу байланысу түрін меңгеру, матасу, күрделі сөздермен шатастыратын жағдайлар да бар [3, б. 436]. Кейде меңгеру байланысындағы сөздер қатар тұрған сәтте септік жалғауы түсіп қалып, қабысуға ұқсап қалады. Мысалы, мен қант әкелдім. Ол хат жазды. Қант әкелдім, хат жазды тіркестерінің арасына сөз қойылса, не алдынан сілтеу есімдігі жалғанса, жасырын тұрған септік жалғауы ашық тұрады. Мысалы, мына қантты мен әкелдім. Хатты жиі жазады. Бұдан шығар түйін, қабысуды меңгерумен шатастырмау мақсатында сырт тұлғасы ұқсас байланысқан сөздердің арасына басқа сөз қойса, не алдына сілтеу есімдігін қойса, ұқсас сөз тіркестерінің байланысу түрлерін ажыратуға болады. Ал матасудың бірінші сыңарындағы ілік септік жалғауы түсіп қалып, ол да қабысу сияқты көрінеді. Мысалы, әке ақылы, ауыл баласы. Мұндай тіркестердің матаса байланысып тұрғанын соңғы сөздегі тәуелдік жалғауынан байқай аламыз, егер тәуелдік жалғауын түсіріп айтатын болса, олардың арасындағы грамматикалық байланыс бұзылады. Әке ақыл, ауыл бала болып қалады да, мағынасына нұқсан келеді. Әке баласы, ауыл баласы сынды тіркестердің екінші бір ерекшелігі изафеттің екінші түрі үшінші түріне ұласады. Бұл аталған тіркестердің генетикалық тұрғыдан байланысы бар екендігін, ауыл баласы, әке баласы дейтіндер меншіктілік мәнді білдіру қасиетінен мүлдем қол үзіп кетпегенін білдіреді. Күрделі сөздерде сөз тіркесіне тән негізгі белгілер болмайтындықтан, оның бірінші сыңары екіншісіне қабыса байланыспайды.

Н.Сауранбаев «Жай сөйлемдердің негізгі байланысу тәсілдері» деген мақаласында жай сөйлемдердің өзара байланысу тәсілдері мен олардың түрлерін құрмалас сөйлем синтаксисінің ең негізгі мәселесі ретінде қояды, өйткені құрмалас сөйлем бірнеше жай сөйлемдердің өзара қосындысынан құралады дейді [15, б. 15]. Р.Әміров болса, құрмалас сөйлемдер жай сөйлем типтес компоненттерден құралады дейді. Мысалы, Шұқырма көктемде тасып, шолақ сай суға шөпілдеп толады. Осы құрмалас конструкция екі предикативтілік құрылымнан тұрады. Әр құрылымның предикативтік байланысқа түсіп отырған бастауышы мен баяндауышы бар. Осы белгісіне қарамай бұл құрылымдар жай сөйлем болып танылмауы тиіс. Олар жай сөйлемге тән грамматикалық белгілерге ие емес екен: дара интонациялық қалыпқа ие емес; компоненттердің біреуінің баяндауышы тиянақты форма ала алмаған; бұлар дара ақпарат хабарлап, дара қызмет атқарып тұрған жоқ [16, б. 3]. С.Аманжолов пен Н.Сауранбаев 1939 жылғы қазақ тілі синтаксисіне арналған еңбектерінде құрмалас сөйлем деп екі ия бірнеше сөйлемнің, яғни бірнеше субъекттің көрінісі болған сөздің ия сөздер тобының жиынтығын атаймыз деген [17, б. 117]. Ал 1940 жылы С.Аманжолов өзінің қазақ тілі грамматикасына арналған еңбегінде құрмалас сөйлем деп жай сөйлемдердің ұласып, күрделі ойды білдіруден тұруын атаған [18, б. 49]. Т.Қордабаев құрмалас сөйлем деп екі не одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі бір ойды білдіретін сөйлемді айтамыз деген. Алайда арнайы сөз қылуды қажет ететін мұнда бір мәселе бар екенін, ол құрмалас сөйлем компоненттері мен дербес жай сөйлемдер арасындағы бірлік пен өзгешелік екенін жазды. Құрмалас сөйлем синтаксисіне арналған еңбектердің көбісінде құрмалас сөйлем жай сөйлемдерден құралады деген қағида бар, осылайша құрмалас сөйлем компоненті де жай сөйлем аталып кетеді. Т.Қордабаев оның себебі мағыналық жағынан құрмалас сөйлем компоненттері де жай сөйлемдер сынды жеке бір ойды білдіретіндігінде, жай сөйлемдер секілді бұлар да өз ішінде бастауыш, баяндауыш, басқа да мүшелерге жіктелетіндігінде болып отыр деген. Құрмалас сөйлем компоненттерінің дербес айтылатын жай сөйлемдерден ерекшеліктері де бар дейді [1, б. 22]. Құрмалас сөйлемде кез келген жай сөйлемдер тобы кездейсоқ тіркесе салмайды, оның компоненттері өзара органикалық байланыста, берік бірлікте болады және өзара бір-біріне бағынышты, өзара шарттас болып келетін мағыналық күрделі бір бүтін болып есептеледі.

Синтаксис саласындағы күрделенген жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерге байланысты да мәселелер бар. Қазақ грамматикасы жинағында күрделенген жай сөйлем деп оны жай сөйлемдердің қатарына жатқызады [11, б. 680]. Бұл сөйлем түрін қазақ тіл біліміне алғаш енгізген ғалым Қ.Есенов оны жай сөйлемнің де, құрмалас сөйлемнің құрамында қарастырмай, оны қазақ синтаксисіндегі дербес санат ретіндегі күрделенген сөйлем ретінде қарастыру керек деген. Ол бұл сөйлемдерді бір бастауышқа телінген күрделенген сөйлем ретінде және баяндауыштарын пысықтауыш деңгейімен тең қарайды [19, б. 19]. М.Балақаев күрделенген сөйлем деп синтаксистің

арнайы объектісі ретінде қарастыру қажеттілігі жоқ екенін, ол мәселе оқшау сөздер, бірыңғай мүшелер, т.б. ретінде бұрынғы қалпында қарала бергені дұрыс екенін мәлімдеді [9, б. 230]. Т.Қордабаев бұндай құрылымдарды сабақтас деп тауып, олардағы тиянақсыз формаларды баяндауыш деп табады. Қобланова А., Рахметова Р., Көпбаева Ж. қазіргі әдеби тіліміздегі сөйлемдер жасалу құрылысы жағынан үлкен үш салаға жіктелетінін айтады: жай сөйлем, күрделенген жай сөйлем, құрмалас сөйлем. Жай сөйлемдердің бір предикаттық қатынастың төңірегінде ұйымдасып, сонымен бірге олардың құрамында түрліше айқындауыштық конструкциялар, оралымдар орын алатын түрін жай сөйлемнің күрделенген жай сөйлемі ретінде қарастырады [3, б. 478]. Күрделенген жай сөйлемді қолдаушы ғалымдардың пікірінше, олардың жай сөйлемдерден айырмашылығы екі предикаттық бірліктен тұратындығында, ал құрмалас сөйлемнен айырмашылығы екі предикативтілік қатынастың да бір бастауышқа телінуінде екен. Р.Әмір бірыңғай мүшелі сөйлемдер деген терминді ұсынады, ол күрделі ойды, бірнеше сөйлемді сыйыстырып білдірудің амалы, оларды құрмалас сөйлемнің функциялас сыңары деп те айтуға болады [20, б. 181]. Көп жағдайда сөйлемді бірыңғай мүшелі етіп құрастыру не оны құрмалас етіп беру сөйлеушінің сөйлеу мақсатына байланысты болады. Мысалы үшін, Рас айтасыз, бұл дүниеде атадан не қалған, бабадан не қалған. Бұл құрмалас сөйлемді Рас айтасыз, бұл дүниеде бабадан, атадан не қалған деп алып, бірыңғай мүшелі жай сөйлем құрауға болады. Б.Шалабай күрделенген сөйлемдер деген терминді қолданады. Ол сөйлемнің күрделенуі мынадай жолдармен жүзеге асады дейді: сөйлем мүшелерінің бірыңғайланып жұмсалуды және үйірлі мүшелер мен айқындауыш мүшелердің көмегімен; сөйлемнің оқшауланған құрылымдары арқылы, яғни қаратпа, одағай, қыстырма сөздер мен тіркестер, қыстырынды сөйлемдер. Бұлардан бөлек Қ.Есенов есімшелі және көсемшелі оралымдарды қосады [9, б. 333]. С.Жиенбаевтың күрделенген сөйлемдер деп отырған синтаксистік категорияның қайсыбір түрлерін, яғни есімшелі қабыспалы оралымдарды үйірлі мүшелі сөйлемге жатқызғанын Қ.Есенов өз еңбегінде айтты [21, б. 19]. Ж.Жақыпов та күрделенген сөйлем деген терминді қолданды және ол түрлі құрылымдармен күрделеніп тұратын сөйлемдер, оның жай сөйлем заңдылықтарынан ерекше бөліп алатындай заңдылықтары байқалмайтынын, жай сөйлем синтаксисіндегі жайылма сөйлемге қатысты айтылатын қағидалар мұндай сөйлемдерге де қолданыла беретінін айтты [10, б. 149]. Күрделенген сөйлемді жай сөйлем мен құрмалас сөйлем арасындағы ауыспалы деңгей деп қарайтын болса, яғни жай сөйлемнің күрделеніп, құрмаласқа қарай бағыттталып бара жатуы десе, оның күрделеніп тұрған бөлігінің предикативтелу шамасын ескеру қажет болады. Бұл жартылай шама болады. Мысалы, Асқар келгенде, мен үйде жоқ едім дейтін сөйлемде екі предикативтілік бар, ал енді оның бірінші сыңарының бастауышын контекстегі басқа сөйлемге жылжытып тастап Келгенде, мен үйде жоқ едім десе бірінші тәуелді құрылымның предикативтелуі жартыкештеніп шығады.

Қ.Есенов өз еңбегінде көп жылдан бері сабақтас құрмалас сөйлем мәселелерін зерттеу барысында күрделенген сөйлемдерді жекеше топтастырып, оны арнайы қарастыру қажеттігі туындағанын айтады. Оған себеп көп жағдайда сабақтас сөйлем мен күрделенген сөйлемдердің ара қатынасы жақындап, өзара байланыстырылып жататындығы болып тұр. Көп жағдайда есімше, көсемше, т.б. синтаксистік оралымдармен келген құрылымдарды сабақтас құрмаластан ажырату мәселесі туындайды. Қазақ тілінің күрделенген сөйлемдері басқа тілдердегі сынды коммуникативтік қызметі мен құрылыстары бойынша біркелкі бола бермейді. Бір сөйлемде ішінара сөйлем мүшелері біркелкі болып қайталанса, басқа бір сөйлемде баяндалған жайға қатысты айтушы адамның түрліше көзқарастары танылады, енді бірінде сөйлемнің басты желісі түрлі жақтардан сипатталып, қосымша мәнмен үстемеленіп отырады. Бұлар өзара синтаксистік тәсілдері және іштей құрылыстары арқылы ерекшеленеді. Мына сөйлемдердің құрылысына көңіл аударсақ: 1. Бұл жағынан қарағанда, бұл колхозда егінді жырту, жию, соғуда болсын, қоғамдық істерде болсын, мінез-құлқымен көпшілікке жағуда болсын Айбаршадан алға ұстарлары жоқ. 2. Еміс-еміс естуімше, қыздың бір дұшпаны (неге дұшпан болатыны айтпай-ақ мәлім) қызға мен жіберетін өлеңдердің біреуін қолына түсіріп алады да, мінезі қатал ағасының қолына тигізеді. 3. Жас баланың жұдырығындай сүйкімді сол бір жұдырықты жұтып қояр ма еді деп, мен оған да қызыға қарадым. 4. Магазиннің тұсынан өте бергенде, терезеден жайнап тұрған нәрсені көрді [21, б. 23]. Қ.Есенов осылардың барлығын күрделенген сөйлемдер деп қарастырды. Сол кезде бұлардың ешқайсысы әдеттегідей жайылма сөйлем (1) не бағыныңқы сөйлем (3, 4) ретінде саналмайтын болады. Бұларды саралап қарастырса, бірінші күрделенген сөйлемнің құрылысында қыстырма сөз тіркестері де, бірыңғай сөйлем мүшелері де бар, ал екіншісінде қыстырма, қыстырынды сөйлемдер қатыстырылды. Ал үшінші мен төртінші сөйлемде көсемше, есімшелі оралымдар қатыстырылды. Осылайша, күрделенген сөйлемдер өзара осындай ішкі құрылыстарының әр алуандығымен сараланып тұрады.

Қ.Есеновтың еңбегінің желісімен күрделенген жай сөйлемдердегі мәселелерді зерттеп, қазіргі қазақ тілінде өзіндік шешімдер ұсынған ғалым Ж.Жақыпов болып отыр. Ол субъект-предикаттық қатынастың межелеуіштік сипаты сабақтас құрмаластың бағыныңқы сыңарынан ғана емес, күрделі сөйлемдегі тәуелді бөліктен де талап етіледі, алайда екеуіндегі талапта өзгешелік бар деген. Ж.Жақыпов ол өзгешелікті айрықшалайтын мәнмәтін деп таниды, алайда бағыныңқы не тәуелді сыңарды анықтауда мәнмәтін қолдану әзірге синтаксис теориясына еңбегенін ескертіп отыр [10, б. 150]. Енді осыны түсіндіріп көреді. Кей күрделенген сөйлемдердегі тәуелді конструкцияның субъектісі сол сөйлемнің ішінен табылмайды, алайда оны мәнмәтін маңайынан не мәнмәтін ықпалы арқылы анықтайды, ол сөйлеу жағдаятына сай не көмес тұрады, не мәтіндегі басқа сөйлемде көрінеу қатысып тұрады. Бұндай құрылымдағы предикативтену толық емес, жартылай не қосымша болады. Сол себептен күрделенген сөйлемдегі жартылай (қосымша) предикативтілікке

мына тұрғыдағы өзгерістер енгізу керек: жартылай предикативтілік жағдайында тәуелді құрылымның есімше, көсемше арқылы берілген қимыл-әрекеттің не күй қалыптың иесі субъектісі сол сөйлемнің өз ішінен табылмайды, жағдаяттан білініп тұрады не мәтіндегі басқа тұста қатысып отырады. Ал осындай тәуелді конструкцияның субъектісі сөйлем ішінде болса, онда тәуелді оралым субъектінің белгісінің белгісі болып келеді не субъектінің бірыңғай не әрыңғай предикаты болады. Бұндай кезде күрделену емес жайылмалық алға тартылады. Мәселен, дәстүр бойынша, Есікті ашып жіберіп Сайдалы малды шығара бастады. Тамақ ішіп жайланған соң Сайдалы әңгіме бастады деген сөйлемдер күрделенгенге жатады. Байқап тұрғанымыздай, бұл сөйлемдегі тәуелді құралымдар (Есікті ашып жіберіп; Тамақ ішіп жайланған соң) Сайдалы субъектісінің предикаты болудан гөрі, шығара бастады, бастады баяндауыштарының пысықтауыштары (яғни, субъектінің белгісінің белгісі).

Егер де бір субъектінің әр белгісін бір предикат деп танысақ, онда бір жай сөйлемнің ішіне бірнеше сөйлемді сыйыстыруға тырысқан болады екенбіз. Ойлау үрдісі әрқашан ықшамдылыққа талпынады. Осылайша, қосымша (жартылай) предикативтілігі бар күрделенген сөйлем деп тәуелді бөлігінің субъектісі сол сөйлемде болмағанмен, мәнмәтіннен, жағдаяттан табылатын сөйлемді айтамыз [10, б. 151]. Жартылай предикативті сыңардың сөйлемдегі басты бөлікпен байланысы мен мағыналық қатынасы сабақтас құрмалас сыңарларының арасындағы байланыс пен қатынасқа ұқсасып тұрады. Мүмкін күрделенген сөйлемді жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің арасындағы өтпелі деңгейге жатқызуға да осы сипат себеп болған шығар.

Қазақ тілі синтаксисінде кезінде сабақтас құрмаластың бағыныңқысының бастауышы болуы міндетті ме дейтін мәселе болып, бастауышы қатысуы тиіс дейтін түйінге келген етін. Ж.Жақыпов субъектісі не грамматикалық бастауышы мәнмәтіндегі басқа сөйлемдерде тұратын, баяндауышы болса есімше, көсемше, арасында қимыл есімдерден не шылаулы тіркестерден болған бағыныңқы құрылымдарға қандай тұрғы беруге болады деген мәселені көтереді. Бұл тұрғыдағы құрылымдар сыртқы құрылыстары, баяндауыштарының пішіні бойынша, басыңқы бөлікпен мағыналық жағынан қатынасы бойынша сабақтастың бағыныңқы сыңарына да, күрделенген сөйлемнің оралымына да ұқсап тұрады. Сабақтастың бағыныңқысына телу үшін құрамында бастауыш болуы тиіс, сол себепті бұндай құрылымды сабақтас құрмаласқа жатқызу оңай емес. Тағы бір себеп предикативтіліктің толық еместігінде болып тұр. Яғни, мұндай құрылымдар жартылай предикативті саналып, күрделенген сөйлем деп танылғаны ұтымдырақ екен. Бұл тұрғыдағы құрылымның анық танылуына мәнмәтін әсер етеді. Тіпті, мәнмәтіннің жетпей жатқаны, оралымның бастауышы жетпей жатқаны сол сөйлемнің өзінің бойынан да көрініп тұрады екен. Оны дәлелдей түсу үшін мына мысалдарға назар салсақ, Содан бері үздіксіз жылау үстінде жиі-жиі талып кетіп, қасындағы Бөке, Диканбай сияқты үлкендер су бүркіп, зорға тірілтіп алып отырғанды. Бұл сөйлемнің Содан бері үздіксіз жылау үстінде

жиі-жиі талып кетіп бөлігінің субъектісі үлкендер емес, оның субъектісі бұл сөйлемде жоқ, қимыл-әрекет өзге субъектіні талап қылып тұр. Яғни, мәнмәтінге жүгінуге тура келіп тұр. Мәтінде осы сөйлемнің алдында Байғұс әйел кеше кеште Дәмежан қазасын естіген сәтте-ақ қара шашын жайып жіберіп, әлі нұры таймаған алқызыл сұлу жүзін тырнағымен осып қан-жоса еткен сөйлемі тұр. Енді екі сөйлемді біріктіріп оқып көрсек: *Байғұс әйел* кеше кеште Дәмежан қазасын естіген сәтте-ақ қара шашын жайып жіберіп, әлі нұры таймаған алқызыл сұлу жүзін тырнағымен осып қан-жоса еткен. Содан бері үздіксіз жылау үстінде жиі-жиі *талып кетіп*, қасындағы Бөке, Діқанбай сияқты үлкендер су бүркіп, зорға тірілтіп алып отырғанды [10, б. 151]. Ерекшелеп көрсеткен бөліктердің арасында субъект-предикаттық қатынастың бар екенін байқау оңай екен. Бұндай жартылай предикативтенген құралымдардың тірек сөйлеммен мағыналық қарым-қатынастары сабақтас құрмалас компоненттердің арасындағы қатынастар мен сабақтастың бағыныңқысының баяндаушының пішіміне үйлес болып тұрады.

Ж.Жақыповтың жаңашылдық ретінде ұсынуы бойынша, мәнмәтін арқылы да күрделенген сөйлемді анықтауға болады екен. Яғни, күрделенген сөйлемнің құрылуына мәнмәтін әсер етеді екен, оның бағыныңқы оралымының (тәуелді құралымының, бөлігінің) бастауышы сол сөйлемде тұрмағандықтан, жартылай предикативтеніп тұрғанын мәнмәтіннен байқай алады екенбіз. Мектептерде қазіргі қазақ тілі сабақтары функционалдық сауаттылықты арттыру мақсатында, өзге ғылым салаларымен байланыстыра оқытуды қолға алу үшін мәтінмен жұмыс істеуді толықтай қолға алған. Ж.Жақыповтың бұл зерттеуі ары қарай басқа тіл білімі ғалымдары тарапынан тағы да осыған байланысты мәселелерді кеңінен көтеріп, қазақ тілі сабағында синтаксисті оқытуда мәтін синтаксисіне де кеңінен көңіл бөлуге жол ашады. Мәтінді синтаксис объектісіне жатқызудың қажет не қажет еместігі де ғалымдар тарапынан орын алған әлі де шешімін таба қоймаған, терең зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады.

Қазақ грамматикасын зерттеп, ол туралы 1894-1897 жылдары қысқаша жазған П.М.Мелиоранскийдің екі бөлімді «Краткая грамматика казак-киргизского языка» атты кітабы жария болды, алайда ол жалпы қазақ-қырғыз тілін үйрету мақсатында ғана жасалған және онда тілдегі синтаксистік құрылысты ықшам түрде ғана көрсеткен. П.М.Мелиоранский қырғыз синтаксисін құру барысында алтай тілінің грамматикасы көмек болғанын және барлық түркі тілдерінің синтаксистік құрылымы бірдей екенін, солардың бірін білу арқылы жалпы түрік тілін синтаксистік талдауға болады дейтін пікірге тоқтады. Ресейде XVIII ғасырдың жартысынан бастап түркология ғылымы қалыптасып, өздеріне енген жұрттың тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын зерттеу мақсаты көзделді. Ал он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан қазақ даласына миссионерлік мақсатта орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Бұл қазақ елін айналып өтпейтін үдеріс болғандықтан, А.Байтұрсынов қазақтың ұлттық жазуын қалыптастыруды 1915 жылдан бастап шыққан Тіл құралы атты еңбектерінің жинағында қолға алды. 1913-

1915 жылдар аралығында жарияланған Тіл құралы еңбегі тұңғыш қазақ грамматикасының ғылыми негізін қалағаны жөнінде ғалым Р.Құсайын былай деген: «А.Байтұрсынов осы үш бөлімнен тұратын Тіл құралының көмегімен қазақ тілі грамматикасының ғылыми негізделу дәрежесін аздаған уақыт аралығында өзінен көп ғасыр бұрын дамыған, ғылыми жағынан кемелденген өзге тілдер грамматикаларының деңгейіне жеткізді» [11, б. 4]. Қазақтың нағыз синтаксистік зерттеулері 1925 жылғы «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты А.Байтұрсыновтың кітабынан бастау алғанын айта аламыз. Ол сөйлем мүшелері мен сөйлем түрлерін нақтылап, құрмалас сөйлемдер жайында жазды және ана тіліміздің синтаксисінің терминологиялық жағынан құрылуына мол еңбек сіңірді.

Қазақ грамматикасы жинағында синтаксис термині тіл білімінде екі мағынада жұмсалып, дейді: біріншісі – коммуникация (пікір алысу) үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларының құрылысы, екіншісі – тілдің коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы мағынасында. Синтаксистік жүйе - қазақ тілі конструкциясындағы бір деңгей, ол тілдің лебізді білдіру, жариялау қызметін істейді. Лебіз жай пікірді, күрделі пікірді, тіпті концептуалды ойды хабарлай алады. Жай пікірді айтуға жай сөйлем, күрделі пікірді айтуға құрмалас сөйлем қызмет етеді. Мазмұны бұлардан күрделі лебізді айтуға синтаксистік шалым, текст деп аталатын тұлғалар қолданылады [11, б. 581]. Жай сөйлем, құрмалас сөйлем, синтаксистік шалым, текст коммуникативтік процеске дербес қатысады. Сөз тіркесі, сөйлем мүшесінің коммуникативтік дербестігі жоқ, олар коммуникативтік дербестігі бар тұлғалардың құрылымдық компоненті ретінде ғана танылады. Синтаксис гректің құрау деген мағынаны беретін сөзінен шыққан. Р.Әмір синтаксис ойды білдірудің амалы, формасы, алайда сонымен қоса өзі де ойлау жұмысының, рухани ізденістің нәтижесі деген. Синтаксис сонымен қоса сөйлемдердің құрамындағы сөздердің функциялық қарым-қатынасын зерттейді. Синтаксис түгел мәтін ішіндегі жеке-жеке сөйлемдердің өзара байланысу, сөйлесу амалдарын зерттейді. Бұндай көлеміне сай синтаксисті сөйлеудің құрылысын, стильдік нормаларын зерттейтін тіл ғылымының саласы деп есептеу керек деген [20, б. 9]. Б.Шалабай синтаксис грек тілінен алынған қоспа, біріктіру деген мағына бергенін, әуеліде сөздердің бірігуі, қосақталуы деген мағынада жұмсалып, кейін келе тілдің синтаксистік құрылысы және оны зерттейтін ұғымдарға жіктелгенін айтады [2, б. 290]. М.Балақаев сөз тіркесі сөйлем құраудың материалды негізі де, сөйлем кісінің ойын айтудың негізгі формасы деген. Синтаксис сөз тіркесін, сөйлемді, олардың түрлерін, сөйлем мүшелерін және өзге синтаксистік формаларды адамның ойын білдірудің грамматикалық тәсілдері ретінде, өзара байланысты санаттар ретінде қарастырады. Синтаксис сөздерді сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал жалғауларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік санат ретінде тексереді. Осылайша, сөз тіркесінің, сөйлемнің грамматикалық құрылысын зерттейтін ілімді синтаксис десек, тілдің синтаксистік құрылысын да сол термин бойынша анықтаймыз [9, б. 4]. Қобланова А., Рахметова Р., Көпбаева

Ж. синтаксис сөздердің бір-бірімен байланысу амалдарын, сөз тіркесін, сөйлемді құру тәсілдерін, олардың құрамы мен түрлерін, сөйлемдердің ірі бірліктерге бірігу тәсілдері мен түрлерін, ондағы жеке сөйлемдердің бір-бірімен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым дейді [3, б. 415]. Қазіргі орыс тілі синтаксисінде оның пәні ретінде байланысу тілінің грамматикалық құрылымын қарастырады. Сөйлеудің және ойды тілдік ұйымдастырудың ең кіші бірлігі сөйлем болып табылады. Ол синтаксисті оқытудың негізгі объектісі саналады [22, б. 5].

Синтаксисті Қ.Жұбанов қоспа деп айтқан. Расында синтаксисте ой бір сөз арқылы да, көп сөз арқылы да кез келген сөз екінші бір сөзбен қосылуы арқылы іске асады. Кейін қоспа сөзі байланыс деген сөз болып қолданыла бастады. Осылайша синтаксис қазақ тіл білімінде сөз бен сөздің байланысы аясында қолданыла бастады. Байланыс сөзін С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, алғашқы еңбектерінде М.Балақаев та пайдаланды. М.Балақаевтың 1954 жылғы қазақ тілінің академиялық грамматикасына арналған еңбегінде бірден тіркес сөзі қолданысқа ене бастады. Сөз тіркесі жөнінде Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Қ.Жұбанов сөз тіркесі туралы алғашқы еңбектерінен жазып келді. Қ.Жұбановтың меңгереді, қиысады, жанасады, қабысады, матастырылады деген етістіктерін С.Аманжолов өз еңбегіне арқау етіп қиысу, меңгеру, жанасу, қабысу деген терминдерді енгізді. Осы байланысу формаларының ықпалымен сөз тіркесі қалыптасты. Алайда бұл байланысу формаларының қалыптасқан уақытында әр байланысу формаларының не сөйлем мүшелері мен сөйлем мүшелерінің байланысын ажырату мәселесі қозғалмаған еді. Сондықтан да анықтауыш мүшенің анықтауышпен, толықтауыш мүшенің толықтауышпен байланысы сынды меңгеру, қиысу, жанасу, қабысу формаларының бағыныңқы сыңарлары да, басыңқы сыңарлары да сөйлем мүшелерімен бір негіздес сөйлем мүшелерінің байланысы аясында беріліп келген. Сонда ол терминдер сөз тіркесінің термині болғанымен де сөйлем мүшелерінің байланысымен тең болады. Осы пікір арқылы сөз тіркесі синтаксисі әуелгі уақытта сөйлем мүшелеріне кірігіп қалғандықтан, сөз тіркесі синтаксисі еленбей қалған етін. Қазіргі таңда бұл мәселе бойынша ғылыми пікір қалыптасты. Сөз тіркесі синтаксисінде қай сөз табы қай сөз табымен тіркеседі делінсе, сөйлем мүшесі де қай сөйлем мүшесі қай сөйлем мүшесімен байланысады делініп нақты ара жігі ажыратылды.

Сөйлем құрамына енетін сөздер өзара қалыптасқан ережеге сай тіркесіп, грамматикалық байланысқа түседі. Сөздердің өзара байланысу дәрежесін сөз тіркесінің синтаксисі зерттейді. Сөз тіркесі синтаксисі қазақ тіл білімінің ең жас саласы болып табылады. 1930-40 жылдары синтаксиске арналған азын-аулақ зерттеулері бар қазақ тілінің грамматикасы шыққан, алайда ол жерде жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің негізгі мәселелері қозғалып, сөз тіркесі туралы ештеңе айтылмайды. 1939 ж. шыққан профессор Қ.Жұбановтың, С.Аманжолов пен Н.Сауранбаевтың қазақ грамматикасына арналған еңбектері жарияланды. М.Балақаев осы кітаптардағы сөйлем мүшелерінің тіркесі жайында айтылған байланыс формаларын сөз тіркесіне жатқызуға болар,

алайда синтаксистің елеусіз қалған саласы сөз тіркесі екенін, оны синтаксистің зерттеу объектісі екенін, мүлдем сөз тіркесі деген терминді қолданбағанын айтады. С.Аманжоловта сөздердің тізбектері дейтін тақырып бар, онда лексикалық пен тұрақты тіркеске қатысты мысалдарды екі бөліп баяндаған. Қазақ тілі синтаксисіне елеулі үлес қосқан С.Жиенбаев та сөз тіркесін айтпаған, алайда үйірлі мүше деген атпен қай сөз қай сөзбен топ құрайтыны жайлы айтқандарының сөздердің пысықтауыш, толықтауыш қызметтерін айыру жайындағы дәлелдерінің есімді, етістікті сөз тіркестеріне қатысы бар екенін М.Балақаев жазады. 1954 жылғы М.Балақаевтың Қазіргі қазақ тіліне сөз тіркесін арнайы тарау қылып енгізген. Онда сөз тіркестерінің зерттейтін объектілері, байланысу тәсілдері, формалары, т.б. жайлы қозғалады. Ол кітаптың синтаксис саласындағы бір жаңалығы сөз тіркесі синтаксисін жай сөйлем синтаксисінен бөліп алып, өзіндік өзгешеліктері бар мәселелер ретінде қарастырылуы еді. М.Балақаев бұл жұмысында қате тұжырымдарым болды деген. Ол кітапта сөз тіркестері әр түрлі сөз таптарының, сөйлем мүшелерінің түрлері ретінде салаласатын, сабақтасатын байланыстағы сөздер деп анықталыпты. Кейінгі зерттеулерінде мәселеге басқаша қарап, сөз тіркесі сөйлем мүшелерінің емес, сөз таптарының тіркесі деп, ондағы мүшелер тек сабақтаса ғана байланысады, ал салаласа байланысатын бірыңғай мүшелер сөз тіркесі деп есептелмеді деген түйін шығарады [9, б. 9]. М.Томанов «Қазақ тіліндегі мезгілдік қатысты білдіретін сөз тіркестері» бойынша кандидаттық диссертация қорғап, мезгілдік қатынастағы сөз тіркестерін үлкен екі түрге есімді, етістікті бөліп қарастырған. Т.Сайрамбаев етістік пен сан есімнің тіркесуі жайлы диссертация қорғап, қазіргі қазақ тіліндегі есімдер мен етістіктердің байланысу мүмкіндіктері жайлы біршама мәселенің бетін ашты. Ә.Аблақов өз диссертациясында қазақ тіліндегі меңгеріле байланысу жайын сөз етсе, ал М.Серғалиев етістік сөз тіркесіндегі синонимдігі жайлы сөз етті [6, б. 289].

1967 жылғы шыққан қазақ грамматикасында сөз тіркесін айтқанда, синтаксистің басты арнайы объектісі екеу, яғни сөз тіркесі мен сөйлем деген. Екі сөзді тіркестіріп жаңа сөз жасау үшін емес және бір сөздің грамматикалық мағынасын дәлдеу, толықтыру үшін емес, қосымша, жаңа грамматикалық мағына тудыру үшін тіркескен сөздер тобы ғана сөз тіркесі деп есептеледі [3, б. 418]. Р.Әмір сөз тіркесіне берген анықтамасына екі шарт қояды: бірінші, сөз тіркесі деп тану үшін сөздер бағыныңқы қатынаста болуы тиіс, яғни екі сөздің бірі екіншісіне грамматикалық формасы, қызметі жағынан бағыныңқы қатынаста тұруы тиіс; екінші, олар салаластық қатынасқа түсіп те байланысуы мүмкін [20, б. 13].

Сөз тіркесінің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары бойынша сөз тіркестерін ғалымдардан М.Балақаев, Т.Сайрамбаев, Р.Әмір, Б.Шалабай, Т.Ермекова т.б. барлығы мынадай етіп топтастырады:

1. Байланысу тәсілдері: жалғаулар (септік, тәуелдік, көптік, жіктік); шылаулар арқылы (жалғаулық, демеулік); сөздердің орын тәртібі; интонация;
2. Байланысу формалары: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Қазіргі қазақ тіл білімінде сөз тіркестерін басыңқы сыңарларының қай сөз табынан жасалуына қарай есімді сөз тіркесі және етістікті сөз тіркесі; байланысу тәсіліне қарай: аналитикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, аналитика-синтетикалық тәсіл; синтаксистік қатысына қарай: атрибутивтік, объектілік, адвербиальдық не анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық [3, б. 430].

Х.Арғыновтың синтаксисті оқытуда басшылыққа алынатын еңбектерінде балалардың грамматикалық дағдыларын бекіте түсу үшін арнайы әдістерді іріктеп, көрсете білген. Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемді оқытқанда мұғалім ең бірінші осыған дейін өткен тақырыптарды байланыстыра отырып, жаңа тақырыпты байқау, түсіндіру, әңгімелеу әдістерін қолданып меңгертуді басшылыққа алады. Х.Арғынов салалас құрмаласты өз еңбегінде кестеге салып мынадай түрлерге бөліп қарастыруды жөн көреді. Олар: Ыңғайлас жалғаулы, қарсылықты, себеп-салдар, талғаулы, кезектес, интонация, орын тәртібі арқылы жасалатын салалас сөйлемдер.

Қазіргі орта мектептердегі қазақ тілі сабақтарында негізгі үш баспаның кітаптары қолданылады. Қазіргі орта мектептегі қазақ тілі сабақтарында Т.Ермекова, Ш. Ерхожина, А.Токбаева сөз тіркесі және оның белгілерін, түрлерін топтастырып көрсеткен. Бұл баспаның кітаптарында жетекші ғалым ретінде Т.Ермекова табылады. Т.Ермекова, Ш. Ерхожина, А.Токбаева сөз тіркесі деп синтаксисті қатынасты білдіретін, кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын атайды [23, б.90]. Сөз тіркесіне тән белгілерді олар былай көрсетеді: 1) сөз тіркесінің құрамында кем дегенде толық мағыналы екі сөз болады; 2) сөз тіркесін құрайтын сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық байланыста айтылады; Мысалы, Кешкі ауыл тіршіліктің жәрмеңкесі сияқты, а) кешкі ауыл; ә) тіршіліктің жәрмеңкесі. 3) сөз тіркесі белгілі бір синтаксистік (анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық) қатынасты білдіреді. Мысалы, а) кешкі ауыл — анықтауыштық қатынас; ә) тіршіліктің жәрмеңкесі анықтауыштық қатынас. Мектеп оқулығында салаласа байланысу емес, тек сабақтаса байланысуды ғана сөз тіркесіне қатысты қолданғанын байқаймыз.

Аталған басылымда сөз тіркестері басыңқы сыңарларының жасалуына қарай есімді және етістікті тіркестер болып бөлінеді делінген. Есімді тіркестер: ағаш табақ, темір кереует, бес қару, он сарбаз, ақылды бала, сусыз жер. Етістікті тіркестер: ғарышқа аттану, жетістіктерге қол жеткізу, мамандар даярлау. Сондай-ақ тұрақты тіркестер туралы былай делінген: кемінде екі сөзден тұрғанымен, бір сұраққа жауап беріп, бір мағынаны білдіреді. Мысалы, Төбеден жай түскендей (қалай?) жаңа ғана естіп отырмыз.

Екі баспаның синтаксистікке қатысты берілген ақпараты қарапайым тілде, мектеп оқушыларына ұғынықты тілде ықшамдалып жазылған. Үшінші басылымда синтаксистікке қатысты мәліметтерді авторлары ЖОО арналған кітаптардан алып, күрделі етіп берген. Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова сөз тіркесі туралы бөлімді жазғанда Т.Сайрамбаев, М.Балақаев, А.Әбілқаев, Р.Әмір, Ж.Жақыпов сынды ғалым-профессорлардың еңбектеріне

сүйенген. Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова сөз тіркесіне тән белгілерді былай сипаттайды: [24, б. 71] 1. Сөз тіркесінің сыңарлары бір-бірімен предикативтік, атрибутивтік, нысандық қатынаста, яғни баяндауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық және толықтауыштық қатынаста тұрады; 2. Сөз тіркесінің сыңарлары бір-бірімен предикативтік (сабақ бітті), атрибутивтік (ұлттық мектеп), адвербиалды (шапшаң сөйлеу), нысандық (балуанмен күресті), яғни баяндауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынаста тұрады; 3. Сөз тіркесіндегі сөздер сөйлем ішінде орын тәртібі, жалғау, шылау тәсілдерімен байланысады; Сөз тіркесінің сыңарлары бірі екіншісіне бағына байланысып, екіншісі сол тіркеске ұйытқы, тірек болып тұрады; 4. Сөз тіркесінің әрбір сыңарының мағынасы айқын болып, әрбір сыңары дербес сұраққа жауап береді; 5. Сөз тіркесінің басыңқы сыңарының қай сөз табынан болуына байланысты етістікті және есімді тіркестер деп бөлінеді. Есімді сөз тіркестерінің басыңқы сөзі де, оларға бағынып тұратын сөздер де көбіне есімдер болады. Сөздердің орын тәртібі қабысу арқылы байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс тәсілі болады. Қабысу көмегімен байланысқа түсетін есімді сөз тіркестерінің құрамы әр алуан: зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, үстеу оның бағыныңқы сыңары болады. Зат есімнен, субстантивтенген сын есімнен, сан есімнен басыңқы сыңары құралады; 6. Етістікті сөз тіркестеріне тән грамматикалық негіз, дінгек етістіктен болады да, осының негізінде өзге сөздер етістіктердің маңайына топталады. Көптеген есім сөздер етістіктермен ешбір қосымшасыз тіркеседі; 7. Сөз тіркестерінің әр сыңары семантикалық тұсынан алып қарағанда белгілі бір толықтық мағынасына ие болып тұрады, ал фразеологиялық тіркестер қанша сөзден құралса да, тұтас бір мағынаны береді; 8. Қазақ тіл білімінде сөздердің байланысу формаларының бес түрі кездеседі: қабысу, матасу, меңгеру, қиысу, жанасу.

Қазақ тіл білімінің синтаксисінде тіркесетін сөздерді сөз тіркесі деп табу үшін біршама талаптар мен шарттар қойылады. Ж.Жақыпов сөз тіркестері туралы еңбектерді зерттеп, өзінің зерттеулеріне сүйеніп бұл шарттарды төмендегідей етіп көрсетті:

1. Сөз тіркесіне қатысты түсінікке сөздердің тіркесуі деп қарамай, сөз пішіндеріне қатысты тіркес деп қарастыру шарт. Расымен де, сөздердің тіркесуінен күрделі сөздер де құралады, мысалы, жазып отыр дейтін тіркесу жазып дейтін көсемшеден болған негізгі сөз бен отыру дейтін көмекші сөз арқылы тіркесуі болады. Осы тіркесу сөздің аналитикалық формасы ыңғайында сөз тіркесінің тек қана бір сыңары бола алады. Қас пен көздің арасында жоқ болу дейтін осы сынды тіркес алты сөздің тіркесуі арқылы құралған, алайда тек қана екі сыңардан, екі аналитикалық сөз пішінінен сөз тіркесі сынды құралады, яғни тұрақты тіркес болып, күрделі сөз болып қас пен көздің арасында деген бөлігі табылса, ал құрама күрделі етістік болып жоқ болу деген бөлігі табылады. Сол себептен сөздердің тіркесуі дейтін ұғым мен сөз тіркесі дейтін категорияны айыра алу мүмкін болу үшін сөз тіркесі деген ұғымды сөз пішіндерінің тіркесі ретінде тануымыз керек.

2. Сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың барлығы толық мағынаға ие болуы тиіс, яғни әрбір сыңары бір-бір сұраққа жауап беретіндей болуы тиіс. Мысалы, қалай? не істеу? деген екі сұраққа қас пен көздің арасында жоқ болу дейтін тіркестің екі сыңары жауап беріп тұр, сонымен бірге қандай? және не? дейтін сұрақтарға қызық кітап дейтін сөз тіркесінің екі сыңары да жауап беріп тұр.

3. Синтаксистік-мағыналық қатынастың үш түрі синтаксистік бірлік сыңарларына тиесілі: атрибутивтік, нысандық (объектілік) және предикативтік. Анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынас дегеніміз сөз тіркесінің сыңарларының бір-бірімен атрибутивтік және нысандық қатынаста тұруын айтады. Бастауыш-баяндауыштық қатынас болса предикативтік қатынас, яғни сөз тіркесін жасау үшін қатыспауы тиіс, өйткені ол қатынас сөйлемге ғана тиесілі. Предикативтік сөз тіркесі дейтін кей тәжірибелік жаттығу тапсырмаларында кездесетін түсінік қарама-қайшы ұғым болуы тиіс. Ондай қатынас сөз тіркесінде болады деп табу сөз тіркесін сөйлеммен тең көріп, сөз тіркесі мен сөйлемді ажырата алмау дегенді білдіреді. Мысалы, 1. жасыл желек; 2. төмен түсу; 3. үлкенді сыйлау; 4. ауылға бару дейтін сөз тіркестердің біріншісі атрибутивті, яғни анықтауыштық қатынасқа үйлесуде және анықтауыш заттың сипатын білдіруде, екіншісі атрибутивті, яғни пысықтауыштық қатынасқа құрылады және пысықтауыш іс-қимылдың сипатын білдіреді, үшіншісін байланыстырып тұған нысандық, яни толықтауыштық қатынас десек, төртіншісін нысандық-пысықтауыштық қатынас үйлестіріп тұр. Егер желек жасыл деп айтатын болсақ, жасыл деген желектің сипаты болса да, бастауыш-баяндауыштық қатынастағы сипаты болып шығады, демек бұндай тіркестер сөйлемге айналып шыға келеді.

4. Сөздердің байланысуының қазақ тілінде төрт түрлі тәсілі болатынын білеміз. Байланысудағы орын тәртібі, жалғау, шылау амалдарымен сөз тіркесіндегі сөз пішіндері байланысуы тиіс. Мысалы үшін, көңілді сауық деген тіркесте ешқандай қосымша қолданбай қатар тұрып сыңарлары байланысқа түссе, қаланың баласы дейтін тіркесуде ілік септігі мен тәуелдік жалғауы байланыс орнатып тұрса, ал соң септеулігі алған соң бердім дейтін күрделі тіркесуде екі сөздің пішінін ұштастырып отыр. Қарым-қатынас үстінде қолданылатын интонация термині сөйлемге байланысты құбылыс, ал сөз тіркесі қарым-қатынастық бірлігіне жатпайтын сөйлемнің тетігі ғана деген түйінге келді.

5. Сөздердің байланысуының қазақ лингвистикасында формасы бесеу екені белгілі. Алайда сөз тіркесі қабысу, меңгеру, матасу арқылы байланысуы тиіс дейтін ғалымдар бар. Мысал ретінде қарасақ, егемен ел, қызығып жазу, кілт тоқтау сөз тіркестерінің сыңарлары қабыса, яғни өзара жалғаулықсыз орын тәртібі бойынша бірге тұрып байланысса, мекенді көру, қаламмен жазу, теледидар арқылы көру дейтін сөз тіркестерінің сыңарлары меңгеріле, яғни атау мен іліктен басқа септік жалғаулары мен септеулік шылаудың әсерімен байланысып тұр, сонымен бірге дала күзі, елдің тілегі, біздің аймақ дейтін сөз тіркестерінің сыңарлары матаса, яғни ілік септігі мен тәуелдік жалғаудың

көмегі арқылы байланысып тұр. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы болғандықтан қиысуды тек сөйлем ретінде қарау керек екен. Жанасу орны жағынан басыңқы сөзбен қатар орналасатын атау тұлғалы бағыныңқы сөздің алшақ тұрып-ақ еркін байланысуын жанасу дейді. Оның байқалатын жері тек сөйлемнің ішкі жағында ғана болғандықтан, алайда сөз тіркесіне қарағанда тек қана қос сыңарды алатындығымыздан сөйлем ішіндегі байланыс болып қарастырылу керек.

6. Сөз тіркесінің сыңарларының сипаты оны дербес бірлік етуге әсер қылатын сипаты болып табылады. Сөз тіркесінің сыңарлары бірі екіншісіне бағына байланысып, екіншісі сол тіркеске ұйытқы, тірек болып тұруы тиіс. Есімді сөз тіркестері мен есімдікті сөз тіркестері байланысу формасы және бағыныңқы сыңарларының сөз табына байланысты белгісі бойынша бірнеше топшаларға жіктеледі. Қабысу арқылы байланысатын есімді сөз тіркестері, матасу арқылы байланысатын есімді сөз тіркестері, меңгеру арқылы байланысатын есімді сөз тіркестері деген түрлері есімді сөз тіркестерінің байланысатын формасына сай аталады. Қабысу арқылы байланысатын есімді сөз тіркестерінің сыңарларының сипатына сай ішіндегі жіктелуін үлгі-формалармен бейнелей аламыз. Анықтауыштық қатынасқа құрылған сөз тіркестері зат есім + есім (темір табақ); сын есім + есім (қара табақ); сан есім + есім (жеті табақ); есімдік + есім (сол табақ); есімше + есім (жарылған табақ); пысықтауыштық қатынасқа құрылатын үлгі үстеу + есім (бүгін сәби, ертең жігіт); Матаса байланысқан есімді сөз тіркестерінің үлгі қалыптары көрінеу ілік септікті сөз + көрінеу тәуелдік жалғаулы сөз (ағамның ауылы); көмес ілік септікті сөз + көрінеу тәуелдік жалғаулы сөз (аға ауылы); көрінеу ілік септікті сөз + тәуелдік жалғаулы сөз (сіздің ауыл); ал меңгеру негізі етістікке тән байланыс екені белгілі, сол себепті есім сөздердің бұндай байланысын үлгілеп, типтеу қиын, мысал келтірумен шектелуге тура келеді: қазынаға бай, сөйлегенде ақылды, көршісімен дос, менде көп, т.с.с

Қабысу арқылы байланысатын етістікті сөз тіркестері, меңгерілу арқылы байланысатын етістікті сөз тіркестері деген етістіктің сөз тіркесінің байланысу формаларына қарай бөлінетін түрлері болып табылады. Қабысу арқылы байланысатын етістікті сөз тіркестерінің үлгі-формалары пысықтауыштық қатынаспен құралады: үстеу + етістік (әдейі сөйлемей), көсемше + етістік (айғайлап айту), еліктеу сөз + етістік (жалт қарау), сын есім + етістік (жұмсақ айту); сан есім + етістік (бір айту). Атау мен іліктен басқа септіктерді меңгеру арқылы байланысатын етістікті сөз тіркестерінің үлгі-формалары тірек етеді, құрылуы толықтауыштық және пысықтауыштық қатынаста болады: барыс септігіндегі сөз + етістік (интернетке кіру), табыс септігіндегі сөз + етістік (адамды жақсы тану), жатыс септігіндегі сөз + етістік (қалада жүру), шығыс септігіндегі сөз + етістік (даладан келу), көмектес септігіндегі сөз + етістік (баламен танысу, күрекпен қазу), шылаулы сөз + етістік (мектепке шейін жету).

7. Грамматикалық тұсынан ғана байланыспай, семантикалық тұсынан да сөз тіркесінің сыңарлары үйлесіп байланысқаны шарт, демек сыңарларының

тіркесімділік қабілетіне мән берілуі тиіс. Демек, тіркескен сөз формаларының білдіретін ұғым-түсінігі нақты ақиқатқа сәйкес келуі керек. Мысалы, дөңгелек шар, тікұшақпен ұшу, кір қоқыс дейтін тіркестер үйлесім табады да, шаршы шар, кірсіз қоқыс, жылқымен ұшу дейтін тіркестер үйлесім таппайды, ойға қона алмайтын, демек объективті модальдігі болмайтын логикаға құрылмаған қатар болып жасалады. Алайда ескере кететін бір жайт болады, ол оксюморон дейтән, катахреза дейтін стильдік айшықтар туралы, мұнда мағынасы қарама-қайшы, тіпті үйлеспейтін сөздерді тіркестіру арқылы жасалатын айшық туралы айтылып тұр. Олардың белгіленген шамаға үйлеспеуінен болса керек, бұл тұрғыдағы стильдік ерекшеліктердің барлығы тұрақты тіркесуге бейім болып келеді. Мысалы, тірі өлік, мақтамен бауыздау, нәзік жыртқыш, үнсіз әуен, тілсіз тіл, т.б.

Осы аталған шарттар мен талаптардың барлығы сөз тіркесімен байланысты ұстанымдар деп саналады. Сөз тіркесі туралы үйреткенде бұл көрсеткіштер ескерілуі тиіс.

Жай сөйлем синтаксисі сөйлемді құрылуына себеп болатын грамматикалық формаларды, олардың бір-бірімен байланысын, сөйлемнің грамматикалық түрлерін зерттейді. Жай сөйлемдердің зерттелу тарихы ертеректен басталады, бірақ кеңестік дәуірге дейінгі зерттеулердің авторлары ұлттық тілдің өзгешеліктерімен толығымен таныс болмағандықтан олардың еңбектерінде бұл мәселе толық шешім таппаған. Қазақ тіл біліміндегі жай сөйлемдер ғылыми-әдістемелік жағынан анық игеріле басталып, 30-жылдарға сай толық емес мәліметке қарағанда, 35-40 жылдары жиырмаға жуық мақала жазылған екенін М.Серғалиев өз зерттеуінде жазады. 40 жылдары ЖОО арналған оқу құралдарын жазуда жай сөйлем туралы әуелгі бастамалар жасалды. Бұл тұста 1939 жылы жарық көрген С.Аманжоловтың қазақ тілінің ғылыми синтаксисіне арналған еңбекті атауға болады. Алғашында жай сөйлем деген терминді қолданбаса да, сөйлем туралы өз еңбегінде жазған А.Байтұрсынұлы осы саладағы зерттеулерді бастап берді.

А.Байтұрсынұлы айтушының ойын тыңдаушы ұғатындай дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздерді ғана сөйлем дейміз деген. Ж.Жақыпов бұл жерде айтушының айтуы, тыңдаушының ұғуы сынды әрекеттерге назар аудартады. А.Байтұрсынов сөйлемнің тілдің негізгі қызметі коммуникативтік қызмет тұрғысынан шығып отырғанын, осы қызметтің тірегі сөйлем болып табылатынын айқындаған. С.Аманжолов пен Н.Сауранбаев сөйлем дегеніміз тиянақты ойды білдіретін бір сөз, болмаса бірнеше сөздердің өзара байланысқан тобы деп анықтама берген [17, б. 3].

Олар біз ойымызды өзгелерге сөйлеу арқылы білдіретінімізді, сөйлегенде, жазғанда, сөздерді сөйлегенде, жазғанда сөздерді бір-бірімен байланыстырып, белгілі бір тиянақты ойды айтамыз деген. Кейде ой бір сөзбен де айтылады. Ғалымдардың бұл айтқандары қазіргі күнгі қазақ тілі сабағын оқытуда өте өзекті болып табылып отыр. Қазіргі қазақ тілі сабақтарында айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым мәтіндері бар және олар арқылы жұмыс барысын жүргізу түрлі-түрлі саладағы ғылымдармен байланыстыра

отырып, қазақ тілінің грамматикасын оқытуға септігін тигізетін басты әдіс болып тұр. 1940 жылы С.Аманжолов сөйлеуге берген анықтамасының өзінде сөйлемнен де күрделі бірліктер қазіргі жұмсалымды грамматикадағы күрделі синтаксистік тұтастық, абзац пен мәтін сынды ұғымдармен таныстырғысы келгені көрініп тұр. Бірақ А.Байтұрсыновтан басталған бұл бастама кеңестік саясаттың аясында тұншықтырылғанын көптеген тіл ғалымдары жазады. Оған дәлел ретінде сөйлеу туралы С.Аманжоловтың берген анықтамасына назар аударсақ: «Бір сыпыра сөйлемді ішіне алған ия бірнеше абзацты ішіне алған сөздер сөйлеу десе, ал енді басқалары сөйлеу мен сөйлемнің бірінен бірінің айырмасы тек сыртқы көлемінде ғана емес, ішкі көлемінде, оның мәнісі айтайын деген ойды тиянақтап айтса, айта алса, сөйлеу сол» [18, б. 12]. Автор ол кезде сөйлеуді синтаксистік емес, стильдік санатқа жатқызған еді. Бірақ сөйлеудің де синтаксиске кіретін жағы болатынын айтады, ал қазіргі заманғы қазақ тілімізде мәтін, абзац, күрделі синтаксистік тұтастық та синтаксистің зерттеу нысанына айналғанын білеміз. Бұл қазақ тіл білімі үшін мүлдем жаңа сала, дәстүрлі грамматиканы ғана емес, жұмсалымды грамматиканы да зерттеуге, оны шынайы өмірде функционалдық сауаттылықты, коммуникативтілік қабілетті арттыру мақсатында қолдануға мүмкіндік берді. Сол жылдардан бері бұл сала қолға алынғанда қазақ синтаксисі мүлдем жоғары деңгейде зерттелген болар еді. С.Аманжолов әдетте біреу баяндама жасағанда, не біреу шығып сөйлегенде оның сөзі (сөйлеуі) қандай екен, қалай екен деп сұрайтынымызды айтады. Сонда біз оның әрбір сөйлемін тексеріп тұрған жоқ екенімізді, жалпы шешендігін, сөзшендігін, оны сыртқа түсінікті, түсініксіздігін сөз қылатынымызды айтты. Сөйлеу синтаксиске осы түсініктілік, түсінбестік жағынан кіретінін айтады. Онда да біз әрбір сөйлемді, оның ішкі қарым-қатынасын, байланысын жеке алып қараймыз. Сонымен сөйлеу бір сөйлемді де, бір бүтін баяндаманы да, біреудің шығып сөйлеген сөзін де ішіне алатын кең ұғымды термин деген тоқтамға келеді. Осылайша, қазіргі кезде зерттелуі қолға алына бастаған коммуникативтік синтаксис, жұмсалымды грамматика жөнінде бастаманың сонау А.Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Қ.Жұбановтардың кезінде қолға алынбақшы болғанын, алайда ары қарай жалғасын таппай, тәуелсіздік алған жылдардың соңғы он шақты жылында нақты қолға алына бастағанын байқаймыз.

Қ.Жұбанұлы аяқталған ойды білдіретін бір не бірнеше сөзді сөйлем дейміз деп үйреткен еді [25, б. 152]. С.Аманжолов өз еңбектерінде тиянақты ойды білдіру дегеннің өзі шекті нәрсе екенін айтады. Ақынның не жазушының бүтін романы, поэмасы, баяндамашының жасаған баяндамасы түгелімен бір ойға, күрделі бір пікірге байлаулы болады дейді. Сол роман не поэма аяқталғанда ғана, ақын не жазушының ойлаған ойы, айтпақшы болған сөзі бітеді. Міне, осыдан ойдың өрісі, ішкі көлемі кең болатыны айқын байқалса керек. Осылайша сөйлем дегеніміз кей жағдайда ұзын ойдың бір бөлшегін, кей тұста қысқа ойдың бүтінін қармайтын сөздер тобы деген. М.Балақаев ойымыз әрқашан жеке сөйлеммен аяқтала бермейтінін, сөйлемнің аяқталмаған ойды білдіруі оның жанындағы басқа сөйлемдермен қарым-қатынасына сай

анықталатынын, мәнмәтіннен бөліп алған сөйлемдер әркез аяқталған ойды білдіре бермейтінін, біршама ғана аяқталған ойды білдіретінін жазды. Т.Қордабаев ойды аяқтау үшін бір емес, толып жатқан сөйлемдер айту керектігі тәжірибеден белгілі екенін, сөйлемнің аяқталған емес, жеке ойды білдіретінін, ондай жеке ойлардың логикалық жағынан аяқталмауы мүмкін екенін айтты. Ол сөйлем жеке ойды оған тетелес өзге ойдан бөліп көрсететін коммуникативтік дербес тұлға деп жазған.

А.Байтұрсынов сөйлем түрлерін үш негізгі түрге бөледі: 1. Жалпы түрлері: а) болымды сөйлем – не жайынан да болса болдыра, бар қыла сөйлеген сөйлем; ә) болымсыз сөйлем – не жайынан болса да болдырмай, жоқ қыла сөйлеген сөйлем; б) толымды сөйлем – тұрлаусыз мүшелері бар сөйлем; в) толымсыз сөйлем – тұрлаулы мүшесінің бірі немесе екеуі де жоқ болған сөйлем; г) жалаң сөйлем – тұрлаулы мүшелері ғана бар сөйлем; ғ) жайылма сөйлем – тұрлаулы мүшелерінен басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем. 2. Айтылуынша айырылатын түрлері: а) сұраулы сөйлем – жауап сұралғанда айтылатын сөйлем; ә) лепті сөйлем – адам көңілі күйі, жан жайымен сөйлегенде, мәселен, жан ауырғанда, не кенелгенде, таңданғанда, сұқтанғанда, кейігенде, есіркегенде, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөйлемдер. б) тілекті сөйлем – нәрсенің болғанын, істің істелгенін көңіл тілеген орында айтылатын сөйлем түрлері: бұйрық түрде, өтініш түрде, үгіт (ақыл) түрде, жай тілек (мұрат) түрде. Тілексіз, лепсіз, сұраусыз айтылған сөйлемдердің бәрі жай сөйлем деп аталады деген. 3. Құрылуынша айырылатын түрлері: а) іргелес сөйлемдер – өзара ой іргесі арқылы жанасатын, мағына жақындығынан өзге жақындығы жоқ сөйлемдер. ә) құрмалас сөйлемдер – мағына жақындығынан өзге қисын жақындығы бар сөйлемдер: 1) сыйыса құрмаласу; 2) қиыса құрмаласу [5]. Автордың тілекті сөйлем дегенінің орнына қазір бұйрықты сөйлем қолданылады, ал жай сөйлем деп отырғаны хабарлы сөйлемді айтқаны болып тұр.

А.Байтұрсынұлы сыйысулы құрмаласқа мынадай мысалдар келтіреді: 1) Қарабай мен Сарыбай аңға шықты. 2) Екі дос бірін-бірі сүйді, құшты. 3) Қолға алды татулықты, араздықты. 4) Далада, ойда, қырда, орман-тауда сау қалған жан болмады бұл індеттен. Осы мысалдар негізінде сыйысулы сөйлемдердің белгісі ретінде бірнеше мүшелерінің бір өңкей болуын атады. Мысалы, бірінші сөйлемде екі мүшесі бір өңкей: Қарабай, Сарыбай - екеуі де бастауыштар; екіншісінде де екі мүшесі бір өңкей: сүйді, құшты - екеуі де баяндауыш; үшінші сөйлемде екі мүшесі бір өңкей: татулықты, араздықты – екеуі де толықтауыш; төртінші сөйлемде төрт мүшесі бір өңкей: далада, ойда, қырда, орман-тауда – төртеуі де мекен пысықтауыш [5, б. 301]. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі бірыңғай мүшелі сөйлемдерге, күрделенген жай сөйлемдерге сәйкес келіп тұр.

С. Аманжолов жай сөйлемдер құрылысына қарай екіге бөлінеді дейді: 1. Жалаң сөйлем; 2. Жайылма сөйлем. Жалаң сөйлем тек бастауыш пен баяндауыштан құрылатын сөйлем дейді. Жайылма сөйлем бастауыш пен баяндауыштан басқа да сөйлем мүшелерінен құралатын сөйлем дейді.

Бастауышы, не баяндауышының сөйлемдегі айтылу, айтылмауына байланысты жай сөйлемдерді толымды және толымсыз сөйлем деп бөледі. Бастауыш, баяндауышы түгел айтылған сөйлем толымды сөйлем деп, ал енді не бастауышы, не баяндауышы, не осы екеуі бірдей айтылмай түсіп қалған сөйлемді толымсыз сөйлем дейді. Толымсыз сөйлемнің бастауышы, баяндауышы айтылмағанмен, олардың бар екені сезіліп тұрады, кейде олар бірнеше сөйлемге ортақ түрде басқа бір сөйлемде айтылады. Бастауыштың жоқ болуына қарай жай сөйлемнің жақсыз сөйлем түрін бөледі. Бастауышы мүлдем жоқ, баяндауышы бейтарап сөйлемді жақсыз сөйлем дейді. Өздері жеке-жеке тұрып-ақ әрі бастауыш, әрі баяндауыш орнына, әрі анықтауыш, әрі толықтауыш орнына жүретін сөйлемдерді атаулы сөйлем деген [17].

Ғ.Беғалиев пен Н.Сауранбаев басқа сөйлемдермен мағына жағынан да, тұлға жағынан да құрмаласпай, дара айтылған жалаң, жайылма сөйлемдерді жай сөйлем дейді [13, б. 148]. Олар тұрлаулы мүшелердің айтылу, айтылмауына, бары, жоқтығына сай сөйлемді: толымды, толықсыз сөйлем, жақсыз сөйлем, атаулы сөйлем деп бөлді. Бастауыш мен баяндауышы, кейде толықтауышы түгел айтылған сөйлем толық сөйлем деп аталады деді. Тұрлаулы мүшенің біреуі я екеуі бірдей айтылмай жасырын тұрған сөйлем сол сияқты толықтауышы айтылмаған сөйлемді толымсыз сөйлем деген.

М.Балақаев жай сөйлем түрлерін жақты сөйлем, жақсыз сөйлем, белгісіз жақты және жалпылама жақты сөйлем, толымды және толымсыз сөйлем, атаулы сөйлем деп ажыратқан [26]. Жақты сөйлемдердің бастауыштары сөйлем ішінде ерекше айтылмаса да, ол қай сөз екені айқын болып тұрады. Жақты сөйлемдердің бастауышын түсіріп айту мынадай жағдайларда мүмкін: 1. Ұзақ оймен байланысты болған, өзара мағыналық, кейде тұлғалық байланыста айтылатын жеке сөйлемдердің бастауышы бірінде болса, екіншісінде қайталанып айтылмай, соған ортақтасып тұра береді. Сонда тізбектеліп қатар айтылатын бірнеше жай сөйлемнің не құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің бірінің бастауышы екінші сөйлемге де бастауыш болып ортақтасады. Мысалы, Бидай тиеген эшелондар зыр қағып, теміржолды қайқаң қақтырып, суыт кетіп барады. Мұнда эшелондар деген бастауыш құрмалас сөйлемнің екінші жай сөйлемінде түсіп қалып тұрғанын М.Балақаев айтады. Бұл мысалдағы сөйлем қазіргі қазақ тілінде ғалымдардың бір тарапы қолдаған, ал енді бір тарапы қолдамаған күрделенген жай сөйлем болып қарастырылады. Ал енді екінші мысал: Асқар ұзақ уақыт ұйықтай алмады. Бірақ жатқан қалпында тырп етіп қозғалған жоқ. Бұл сөйлемнің бастауышы Асқар алдыңғы сөйлемде айтылғандықтан, екінші сөйлемде ерекше айтылмаған. Бұл жерде қазіргі кезде зерттеле бастаған сөйлемдер арасындағы синтаксистік байланыс туралы да сөз болып тұрғанын байқай аламыз. 2. Бастауыштың қай сөз екені баяндауыштық тұлғадан айқын болып тұрғанда (бастауышқа ой екпіні түспесе), әсіресе бірінші-екінші жақтық бастауыштар сөйлемде ерекше айтылмайды. Осылайша, бастауыштың жақты сөйлемде дербес айтылу не айтылмауы баяндауыштың тиісті предикаттық жалғауда тұру не тұрмауымен ғана байланысты емес, бастауыштың

сөйлемдегі қызметінің ерекшелігімен де байланысты болады екен. Қазіргі кезде жеке бөлініп қарастырылмайтын белгісіз жақты сөйлемдер былай жасалады: 1. III жақ, ауыспалы шақ тұлғалы етістіктерден болған баяндауыштар осы шақтық мағынада айтылу арқылы кейде бастауышы белгісіз сөйлем жасалады. 2. Өткен, келер шақтық, үшінші жақтық тұлғадағы етістіктер не есімшелер баяндауыш болғанда, сөйлемнің бастауышы белгісіз болуы мүмкін. Жалпылауыш жақты сөйлем деп кейде баяндауышы II жақтық жіктік жалғауда айтылған сөйлемдердің бастауыштары болмай, үш жаққа бірдей ортақ мағынада жалпылауыш жақты сөйлем болып жұмсалуды айтады. Бұл жай сөйлем түрлері туралы Б.Шалабай да жазған.

Б.Шалабай сөйлемдердің жалпы құрылымына сай жіктелу ерекшелігі мынадай дейді: сөйлемде бір предикативтілік орталық болса - жай сөйлем, екі не одан көп болса - құрмалас сөйлем [2, б. 317]. Р.Әмір, Ж.Сәдуақасұлы, Б.Шалабай, т.б. ғалымдар қолға алып, зерттеген жіктелу түрлері қалыпты синтаксистік құрылымды емес сөйлем түрлері барын ескеріп, жалпы жай сөйлемді мүшеленетін сөйлемдер және мүшеленбейтін сөйлемдер деп ажыратуымен ерекшеленеді. Ж.Жақыпов осы жіктелу түрлерінің негізінде жай сөйлемді төмендегідей жіктеп көрсетті: [10, б. 110]

Мүшеленетін сөйлемдер:

1. Бас мүшелердің қатысына қарай: бір негізді және екі негізді;
2. Бір негізді сөйлемдер логика-грамматикалық құрылымы жағынан: белгілі жақты, белгісіз жақты, жанама жақты, жалпылама жақты;
3. Бір негізді және екі негізді сөйлемдер:
 - а) тұрлаусыз мүшелердің қатысына қарай: жалаң және жайылма;
 - ә) баяндауыш мүшесі жасалатын сөз табына қарай: етістікті және есімді;
 - б) жалпы модальдік сипатына қарай: болымды және болымсыз;
 - в) ойға қатысты мүшелерінің толықтығына қарай: толымды және толымсыз;
4. Екі негізді сөйлемдер грамматикалық жақтың қатысына қарай: жақты және жақсыз;
5. Мүшеленбейтін сөйлемдерге жатады: атаулы сөйлемдер, вокатив сөйлемдер, модаль сөздер мен одағайлардан жасалған сөйлемдер.

Қобланова А., Рахметова Р., Көпбаева Ж. өз еңбектерінде сөйлем, жай сөйлем деп ажыратпай, жай сөйлемнің түрлеріне барлық сөйлемге қатысты жіктеулерді жатқызады [3]. Жай сөйлем: 1. Мағынасына қарай: хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты; 2. Предикативтік бас мүшелердің қатысына сай: бір негізді, екі негізді, сөз-сөйлем; 3. Структура семантикалық компоненттердің қатысына қарай: толымды, толымсыз, жалаң, жайылма; 4. Субъект, жақтың қатысына қарай: жақты, жақсыз. Бұл еңбектің авторлары өзге авторлардың бұдан бөлек жай сөйлемнің типтеріне күрделенген жай сөйлемді жатқызатынын да атап өтті. Алайда өздері оны жай сөйлемнен жеке санат ретінде қарастырады.

Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдерді Қ. Есенов жалпы екі үлкен топқа бөледі: 1. Айқындауыштық қосалқы сөйлемдер; 2. Синтаксистік

оралымды сөйлемдер. Біріншісіне оңашаланған айқындауышты, қыстырма, қыстырынды және бірыңғай мүшелі сөйлемдер жатады. Екіншісіне көсемше, есімше, шартты рай тұлғалы және қимыл есімді оралымды сөйлемдер кіреді. Орта мектеп бағдарламасында күрделенген жай сөйлем қарастырылмайды.

Ермекова Т., Ерхожина Ш., Тоқбаева А. мектеп оқулығында жай сөйлем деп бір немесе бірнеше сөз бен сөз тіркесінен құралып, біршама тиянақталған бір ойды білдіретін сөйлемді айтады [23, б. 198]. Олар жай сөйлемді былай жіктейді: 1. Жалаң және жайылма; 2. Жақты, жақсыз; 3. Толымды, толымсыз; 4. Атаулы сөйлем. Қапалбек Б., Омарова А., Закиряева Г., Абнасырова Г. мектеп оқулығына арналған еңбектерінде алғашқы екі басылымға қарағанда М.Балақаев, А.Әбілқаевтың еңбектерін пайдалана отырып, жай сөйлем түрлерін өзгеше жіктейді: 1. Жақты, жақсыз; 2. Жалаң, жайылма; 3. Болымды, болымсыз; 4. Етістікті, есімді; 5. Толымды, толымсыз; 6. Атаулы сөйлем [24, б.154]. Олар жай сөйлемнің негізгі ерекшелігін былай сипаттайды: құрамындағы сөздер өзара бірімен-бірі семантикалық бірлікте болады, екпін тұтастығы, сөздердің орын тәртібі сақталады. Бұл еңбектегі жай сөйлем синтаксисіне қатысты ережелер алдыңғы екі басылымдыкіне қарағанда күрделі етіп берілген.

Құрмалас деген атау қазақ тіл білімінде А.Байтұрсыновтың 1925 жылғы Тіл құралы еңбегінен бастап қолданылып келеді. Құра, құралу сынды етістіктерден құралған туынды сөз. Құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелуіндегі әуелгі он жыл (1930-40 ж.ж.) арасы практикалық кезең болады. Осы жылдарда шыққан оқу құралдары мен мақалаларда құрмалас сөйлем туралы Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, С.Жиенбаев, Х.Басымовтардың еңбектерінде жазылды. 1936 ж. Қ.Жұбановтың жазған еңбегінде салалас құрмалас сөйлем мағыналық белгілеріне сай ажыратылды. Олары ыңғайлас салалас, ереуіл салалас, талғама салалас, себеп-салдар салалас және шарт жағдай салаластар болып табылады. Қ.Жұбанов құрмаласты күрделі сөйлем деп атаған. Ол құрамында үйірлі мүшесі бар жай сөйлемді сабақтас құрмаластың қатарына жатқызады. Ол оған мынадай мысал келтіреді: Жұрт мақтайтын – жырау осы. Ол бұл сөйлемнің бағыныңқысына жұрт мақтайтын дейтінді, басынқысына жырау осы дегенді жатқызады. Қазір қазақ тілінде бұл тұрғыдағы сөйлемдер үйірлі мүшесі бар жай сөйлем деп танылып жүр.

1938 жылғы еңбегінде М.Балақаев құрмалас сөйлемнің әрбір жеке компоненттерінің арнаулы бастауышы болатындығын, кейде олардың ортақтасып та келе беретінін де жазған. 1939 жылғы С.Аманжоловтың еңбегінде бұрын айтылмаған көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем, оның бірыңғай, сатылы түрлері және аралас құрамалас сөйлемдер жайында түсінік берген. 1951 жылға дейінгі еңбектерде С.Аманжолов, А.Әбілқаев, И.Ұйықбаевтардың еңбектерінде құрмалас сөйлем туралы жазылды.

1935 жылы С.Жиенбаев сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы мақала жариялады. Бұл жерде үйірлі мүшені құрмаласқа тән санат деп, бірақ салалас және сабақтас сөйлемге ұқсамайтын ерекше түрі деп санады. Кейін үйірлі

мүшелерді бағыныңқы сөйлемнің бір түрі ретінде қарастырды. Осы кезеңде Х.Басымовтың мақаласында сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқысы тұлғалы сөзден соң болды көмекші етістігінің келуімен жасалатынын жазды. Мысалы, Ол атса болды, оғы босқа кетпейді. Ол әңгіме айтса болды, тыңдаушы ұйып тыңдайды [6, б.293]. 1940 жылы А.Ысқақов сабақтас пен салалас құрмаластарды бір-бірінен ажырату үшін басты критерий қылып екі жай сөйлемді байланыстыратын баяндауыш сөзінің тұлғасын негізге алған. Осылайша, күн жауып, жер көгерді сынды сөйлемдерді сабақтас құрмалас деп ұғындырды. 1948 жылғы мақаласында ол аккад тіліндегі құрмалас сөйлемнің дамуындағы екі жолдың, яғни жай сөйлемдердің өзара салаласуы және бір мүшенің күрделенуінен болатын тәсілдердің қазақ тілінде де болатынын айтқан. 1941 жылғы синтаксис мәселелеріне арналған еңбегінде С.Жиенбаев құрмаластың бір түрі болып табылатын аралас құрмалас сөйлемді өзінше бөлек санат ретінде қарастырмайды. Бұл зерттеуінде ол Қ.Жұбанов секілді мағыналық белгісі бойынша да өзара тең дәрежелі, бірі екіншісіне бағына айтылмай тұрған –п тұлғалы көсемше баяндауышты құрмаластарды салалас сөйлемге жатқызды: Мен кітап оқып, ол жазу жазды. Ғ.Бегалиев та Омар кітап оқып, Жібек қағаз жазды сынды сөйлемдерді С.Жиенбаев, Қ.Жұбановтар сынды салаластың қатарынан көреді. Ал бағыныңқы сөйлем туралы ұғынуында оны басыңқы сөйлемнің күрделі мүшесі сияқты қарайды.

1940 жылдардан бастап Н.Сауранбаев құрмалас сөйлемнің синтаксисін зерттеуге көп үлес қосты. Ол жай сөйлем мен құрмалас сөйлемді ажыратып қарады, жай сөйлем жеке сөздерден, сөз тіркестерінен құралса, құрмалас сөйлемдер әр сөйлемі өз бастауышы, баяндауышы, тұрлаусыз мүшелері бар бірқатар жай сөйлемдерден құралатынын айтты. Ол құрмалас сөйлемнің өзіндік ерекшеліктеріне құрамындағы синтаксистік компоненттерге айтылатын ойдың даралығын, компонентте дара бастауыш пен баяндауыштың болуын, құрамындағы әр бірліктің интонациялық жігі анық болуын жатқызды. Н.Сауранбаев сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемдердің қызметі бірдей болмауына сәйкес сабақтас сөйлемдер мағына жағынан бірдей болмайтынын, әрқилы екенін жазды. Сол себепті де сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрмаласу тәсіліне сәйкес айыру мүмкін емес, өйткені жай сөйлемдерді құрмаластыратын формалардың мәні әр түрлі болады. Мысалы шартты райдың формасымен құрмаласқан сабақтастағы бағыныңқы әркез шартты білдірмейді, сонымен бірге мезгілді, қайшылықты білдіреді дейді. Осындай себептен сабақтастарды түрлерге жіктеудің дұрыс жолы ондағы бағыныңқыларды қызметіне сай жіктеу болып табылады. Бағыныңқы сөйлемдер басыңқы сөйлемдегі тұтастай ойды анықтайды (анықтайды, толықтайды, пысықтайды) немесе сол басыңқыдағы бір тұрлаусыз мүшенің қызметін атқарады да, соның орнына жүреді [10, б. 223].

М.Балақаев 1949 жылғы еңбегінде бағыныңқы сөйлемдердің жасалу жолдары мен шартты рай тұлғасындағы сөздердің мағыналық ерекшеліктеріне көбірек назар аударады. Көсемше арқылы жасалуына назар аударып, -п тұлғалы көсемшелі сөйлемдерді тұлғасы жағынан сабақтас, мағынасы

бойыншас салалас деген. Ол қазақ тіліндегі сабақтас сөйлемдердің көбісі пысықтауыштық ыңғаймен келетінін жазып, оларды алты топқа бөледі: шартты, қарсылықты, мезгіл, амал, себеп-салдар, мақсат бағыныңқылы сөйлемдер [6, б.294]. Ал 1950 жылдардан бастап Т.Қордабаев, О.Төлегенов, А.Әбілқаев, Қ.Есенов, Қ.Арғынов сынды ғалымдар құрмалас сөйлемді зерттей бастады. Н.Сауранбаев құрмаласты салалас сөйлемнен дара қарастырған еді, енді бұл кезеңде ол салалас сөйлемнің бір түрі ретінде бірге қарастырылды. Анықтауыш, толықтауыш бағыныңқылар үйірлі мүшелі сабақтастардың қатарында қаралған. Ә.Хасенов іліктес салалас деп атап жүрген сөйлемдерді түсіндірмелі салалас деп атады. Мысалы осы тұрғыдағы сөйлемді: Маған жаңа арман пайда болды: ол наградты ақтау жолындағы арман еді.

А.Байтұрсынов қиысулы құрмалас біріне-бірі тең болып та, бірінен-бірі кем болып та қиысады деген. Қиысулы құрмаластағы сөйлемдер тең болса салалас құрмалас деп, тең болмай, бірінен-бірі кем болып қиысса, онда қиысулы құрмалас сабақтас деп аталынады. Ол салаластарды былай жіктеді: 1. Жиылыңқы; 2. Қайырыңқы; 3. Айырыңқы; 4. Сұйылыңқы; 5. Қойылыңқы. Сөйлемдер сабақтасып біріккенде бірі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болады. Бағыныңқы сөйлем - бітпеген шала сөйлем. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің шылауындағы ғана қосшы есебіндегі сөйлем. Басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында болса, бағыныңқы сол мүшенің атауымен аталып, сол мүшенің сұрауына жауап береді. Бағыныңқы сөйлемдер былай топтастырылады: 1. Бастауыш бағыныңқы; 2. Анықтауыш бағыныңқы; 3. Толықтауыш бағыныңқы; 4. Мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы; 5. Мекен пысықтауышының бағыныңқысы; 6. Сын пысықтауышының бағыныңқысы; 7. Себеп пысықтауышының бағыныңқысы; 8. Мақсат пысықтауышының бағыныңқысы; 9. Шартты бағыныңқы; 10. Ереуіл бағыныңқы [5].

С.Аманжолов пен Н.Сауранбаев 1939 жылғы еңбегінде құрмалас сөйлемдерді құрылысына қарай үшке бөлінеді деген: 1. Салалас; 2. Сабақтас; 3. Аралас. Жалғасып байланысу түрлеріне қарай салаластарды екіге бөлді: 1. Жалғаулықты; 2. Жалғаулықсыз. Жалғаулықты салаластардың мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: 1. Тіркес салалас; 2. Қарсылас салалас; 3. Үдетпелі салалас; 4. Талғаулы салалас; 5. Себепті салалас; 6. Кезектес салалас; 7. Бейтараптық салалас. Сабақтас құрмаластарды мынадай түрлерге бөледі: 1. Себеп-салдар сабақтас; 2. Мезгілді сабақтас; 3. Шартты сабақтас; 4. Салыстырмалы сабақтас; 5. Мақсатты сабақтас; 6. Қарсылықты сабақтас; 7. Нұсқаулықты сабақтас; 8. Іргелес сабақтас; 9. Аяулы сабақтас; 10. Сілтеулі сабақтас. Бұлардан өзгеше жасалатын бірыңғай бағыныңқылы сабақтас сөйлемді бөліп көрсетеді, ол бірнеше бағыныңқы сөйлемдер басыңқы сөйлемге өз беттерімен бағынып тұратын сөйлемдер дейді. Бұған қарама-қарсы болатын сатылы бағыныңқы сабақтас сөйлем түрін де бөліп көрсетеді. Бірнеше бағыныңқы сөйлемдер басыңқыға өз беттерімен бағынбай, өздері бір-біріне бағынып барып, ең соңғысы ғана басыңқы сөйлемге бағынатын сөйлемдерді бірыңғай сатылы сабақтас бағыныңқылы сөйлем деп атайды [17].

1940 жылғы еңбегінде С.Аманжолов құрмалас сөйлемдерді төртке бөледі: 1. Салалас; 2. Сабақтас; 3. Аралас; 4. Тиянақты басыңқысыз сабақтас [18]. С.Аманжолов үйірлі мүшелердің сабақтас құрмаластың компоненті бола алмайтынын, тек жай сөйлемнің күрделі бір мүшесі болатынын дәлелдеген. Осының нәтижесі бойынша Н.Сауранбаев анықтауыш бағыныңқыларды үйірлі мүшелі жай сөйлем деп тану керек деген қорытындыға келді.

Н.Сауранбаев құрмаластарды іргелес құрмалас, салалас және сабақтас құрмаластар деп бөлді. Іргелес құрмаласты жайлыңқы және қойылыңқы деп екіге бөледі. Кейінгі зерттеулер бойынша қазақ тілі ғалымдары жайылыңқы іргелесті жалғаулықсыз салалас деп, қойылыңқы іргелесті бірыңғай мүшелі жай сөйлемдер етіп қарастырды.

Н.Сауранбаев іргелес құрмалас сөйлемдерді қазақ тіл білімінде алғаш рет құрмалас сөйлемнің жеке түрі қылып қарастырған. Оның еңбегінде іргелес дейтін термин осыған дейінгі лингвистикалық әдебиеттерде жалғаулықсыз деген терминнің орнына пайдаланылған. Алайда онымен тең мағынада емес, бірақ өзгеше мағынада жұмсалды. Осыған дейінгі әдебиеттерде жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдер салалас құрмаластың бір түрі боп саналса, Н.Сауранбаев оны салаласқа да, сабақтасқа да жатқызбай, құрмалас сөйлемнің бір жеке түрі етіп санайды. Оған себеп, іргелес құрмаласта салаластың да, сабақтастың да белгілері бар. Салаласқа сай белгісі боп ондағы жай сөйлемдердің грамматикалық жағынан бір-бірімен тең дәрежеде құрмаласатындығы және сөйлемнің баяндауышы тиянақты қалыпта болатындығы табылады. Сабақтасқа ұқсастыратын белгі ретінде іргелестегі жай сөйлемдер ішкі мағына бойынша бірін-бірі сипаттап, бір-біріне тәуелді боп байланысуы жатады [27, б. 181].

Ұ.Салиева жалғаулықты және жалғаулықсыз сөйлемдердің өзаралық айырмасын көрсетіп жазады. Ол арнайы грамматикалық көрсеткішсіз құрмаласқан жалғаулықсыз құрмаластарды жалғаулығы айтылмаған сөйлемдер және таза жалғаулықсыз сөйлемдер деп екіге бөлетінін айтады [28, б. 198]. Жалғаулығы айтылмаған сөйлемдер мағыналық жағынан жалғаулықты сөйлемдерге синонимдес болады да, таза жалғаулықсыз сөйлемдер жалғаулықты сөйлемдермен мағыналық жақтан сәйкес келе бермейді және оларға байланысудың грамматикалық көрсеткіші ретінде сол сөйлемнің өзінің құрылымдық элементі қолданылады, яғни компоненттердің орналасу тәртібі, есімдік, үстеу сөздер, лексикалық, морфологиялық элементтер, интонация, етістік баяндауыштардың шақ, жақ жағынан сәйкес келуі.

1948 жылғы еңбегінде Ғ.Бегалиев пен Н.Сауранбаев құрмалас сөйлемдерді салалас және сабақтас құрмалас деп екіге бөледі. Салалас құрмалас сөйлемдерді өзіне енген жай сөйлемдердің өзара қатынас мәніне қарай мына түрлерге бөледі: 1. Жалғаулықсыз (іргелес) салалас; 2. Жалғаулықты салалас сөйлемдер: а) мезгілдес салалас; ә) себепті салалас; б) қарсылықты салалас; в) талғаулы салалас. Сабақтас құрмалас сөйлемдер бағыныңқының басыңқымен құрмаласу түріне қарай бөлінеді: 1. Көсемше

бағыныңқылы сабақтас; 2. Есімше бағыныңқылы сабақтас; 3. Шартты бағыныңқылы сабақтас; 4. Төл сөзді сабақтас. Бағыныңқыларының түрлеріне қарай сабақтас сөйлемдердің қалыптасқан, көбірек айтылатын түрлері: 1. Шартты бағыныңқылы; 2. Қарсылықты бағыныңқылы; 3. Пысықтауыш бағыныңқылы. Құрмалас сөйлемнің құрылысы бойынша ерекше түрін жеке бөліп көрсетеді, яғни жай сөйлемдердің салаласып та, сабақтасып та байланысқан түрін аралас құрмалас сөйлем деп атап көрсетеді. Бұдан өзге көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді де атап өтеді [13].

Т.Қордабаев салалас құрмаласты 8 түрге бөлді: мезгілдес, себептес, қарсылас, талғаулы, кезектес, түсіндірмелі, салыстырмалы, шартты салаластар. Сабақтастарды жеті түрге бөледі: шартты бағыныңқылы, қарсы бағыныңқылы, салыстырма бағыныңқылы, мезгіл бағыныңқылы, себеп бағыныңқылы, сын бағыныңқылы, мақсат бағыныңқылы сабақтастар. [1, б. 55] Бұл салаластардың кей түрлерін жоғарыда аталған авторлар сабақтасқа жатқызғанын байқаймыз. Қазақ грамматикасының соңғы жинағында салалас құрмаластар былай жіктеледі: 1. Ыңғайлас (мезгілдес); 2. Себептес; 3. Қарсылықты; 4. Талғаулы; 5. Кезектес [11]. Б.Шалабай да осылай жіктейді. Ол сабақтас құрмаластардың мынадай тоғыз түрін көрсетеді: шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, амал, мақсат бағыныңқылы сабақтастар, түсіндірмелі, ыңғайлас, салыстырмалы сабақтастар. Бағыныңқы компоненттерді қалыптастыруда тіл ғылымында үш түрлі ұстаным қалыптасқан. 1. Функционалдық ұстаным бойынша, сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненті жай сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметімен теңестіріледі. Бағыныңқы компонент басыңқы компоненттің бір мүшесі ретінде танылып, оның жеке түрлері де сөйлем мүшесінің атымен айтылады. 2. Тұлғашылдық ұстаным бойынша, бағыныңқының басыңқымен байланысу амалдары ескерілетін болады. 3. Үшінші ұстаным бойынша, бағыныңқы, басыңқы компоненттердің өзара қарым-қатынасы олардың құрылу жолдары және компоненттердің байланысынан туындайтын мағыналық белгілер негізге алынады [2].

Р.Әмір құрмалас сөйлемдер құрамына сай екіге бөлінеді деді: 1. Екі компонентті құрмаластар; 2. Көп компонентті құрмаластар. Грамматикалық жағынан ұйымдасу ерекшелігіне сай: салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдер. Мұнда автор салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдерді толықтай ажыратып жіктейді [16]. Қобланова А., Рахметова Р., Көпбаева Ж. салалас сөйлемдерді мағыналық қатысына қарай ыңғайлас (мезгілдес), себеп-салдар (себептес), қарсылықты, түсіндірмелі, шартты салаластар, салыстырмалы салалас, талғаулы салалас, кезектес салаластар деген түрлерін ажыратады. Сабақтас құрмаластардың түрлерін Б.Шалабайдыкіндей етіп жіктеген [3].

Т.Ермекова, К.Бертілеуова, Р.Абишева жазған мектеп оқулығында жоғарыда аталған авторлардың жіктеуіне сай келеді, салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін алтау деген, тек шартты, салыстырмалы салаластар онда жоқ. Сабақтас құрмаласты алты түрге жіктейді: 1. Шартты бағыныңқы; 2. Қарсылықты бағыныңқы; 3. Мезгіл бағыныңқы; 4. Себеп бағыныңқы; 5.

Қимыл-сын бағыныңқы; 6. Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер. [29] Дәулетбекова Ж., Рауандина А., Дусимбаева М. да өз баспаларында мектеп оқулығына арналған материалда салаластар мен сабақтастарды тура осылай жіктеген. [30] Мамаева М., Мұқашева Ж. жазған баспаның мектеп оқулықтарында Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Р.Әмір, Т.Сайрамбаев, Қ.Есенов сынды ғалымдардың еңбегін пайдалана отырып, құрмалас сөйлемнің ережелерін алдыңғы екі баспамен салыстырғанда күрделі етіп жазған. Олар құрмаластың құрамындағы сөйлемдерді санына қарай былай жіктеді: 1. Екі құрамды: салалас, сабақтас. 2. Көпқұрамды: көпқұрамды салалас, көп бағыныңқылы салалас, аралас құрмалас. Салаластар мен сабақтас құрмаластарды алдыңғы екі басылымдағыдай түрлерге жіктеген [31].

Сабақтас сөйлемнің құрмаласуы оның бағыныңқы компоненті арқылы жүзе асады. Ғалымдардың бір тобы бағыныңқының барлық түрінде бастауыш болу қажет дейді. М.Закиев, Т.Қордабаев, Қ.Есеновтар осыны қолдайды. Олар құрмалас сөйлемнің әр компоненттерінде бастауыштық-баяндауыштық қатынастың болуын жақтайды. Тіпті жіктік жалғауында қиыса айтылған шартты бағыныңқының өзінің де басыңқы компоненттен бөлек бастауышы болуын талап етеді. Егер сөйлемде қимыл иесі ортақ болса, ондай сөйлемдерді жай сөйлем құрамында қарау керек дейді. Қазақ тілінде Қ.Есенов бұндай сөйлемдерді күрделенген жай сөйлем деген.

Сонымен сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентін айқындауда мынадай белгілер негізге алынады: [10, б. 215]

- Компоненттің белгілі шамада сөйлемдік мағына дербестігі болады, яғни бұл компонент;
- Тұлғалық жағынан тиянақсыз болғанымен, толық сөйлемдік мағынаға ие болады;
- Баяндауыш формасы есімше, көсемше, шартты рай тұлғаларымен бірге шылаулардың тіркесуі арқылы жасалып, шартты рай тұлғалы баяндауыштан басқасы өз бастауыштарымен жақтаспайды;
- Бағыныңқы компонент дербес бастауышты болады;
- Бағыныңқы компонентке тән интонация тиянақталмаған интонация.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауышы мынадай формада тұрады: а) көсемше; ә) есімше; б) шартты рай және басқа етістік, есім формалары.

Салалас құрмалас компоненттерін байланыстыруда лексика-семантикалық тәсілдердің (мағыналық тұтастық, есімдік, үстеулер (қатыстық сөздер, анафоралық, катафоралық элементтер), лексикалық қайталау, ықшамдау, ассоциативті синонимдік байланыстар, ассоциативті антонимдік байланыстар), сондай-ақ аналитикалық синтетикалық тәсілдердің ішінде орын тәртібі мен интонация, шылаулардың рөлі зор. Ал грамматикалық (синтетикалық) тәсіл сабақтас құрмаласқа тән боп саналады.

1.2 Синтаксисті басқа ғылым салаларымен байланыстыра оқытудың маңызы

Кез келген пәнді оқыту әдістемесі қандай да бір ғылымға негізделеді. Әдебиет пәнін оқыту әдебиеттану ғылымымен, тарих пәнін оқыту тарих ғылымымен, қазақ тілін оқытудың әдістемесі қазақ тіл білімімен байланысып қарастырылады. Тіл білімінде өрбімей, өзгеріске түспей, бір қалпы қалатын өзгеріссіз ешнәрсе болмайды, өзгерістер болып тұрады. Осындай өзгеріс пен өрбуді тілдің синтаксистік құрылысынан да байқайды екенбіз. Тілдің синтаксистік жүйесіндегі өзгеріс, даму, ең әуелі, сөздердің, яғни сөз таптарының өзара бірімен-бірі тіркесімділік қасиетіндегі құбылыстардан, синтаксистік элементтерді бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіретін амал-тәсілдердегі, формалардағы құбылыстардан, грамматикалық формалардың мағыналары мен функцияларындағы құбылыстардан байқалады. Мұндай құбылыстардың нәтижесінде сөздердің бір кездегі грамматикалық топтарының басқа бір топтағы сөздермен не өзді-өзімен синтаксистік байланысында кездеспейтін жаңа тіркестер пайда болып қалыптасады. Бұл өзгерістердің пайда болуы басқа ғылым салаларында пайда болып жатқан жаңа терминдермен, жаңа үдерістермен де байланысты болады. Сондықтан синтаксисті басқа ғылым салаларымен байланыстыра оқыту мәселесі өзекті болып табылады.

Х.Арғынов қазақ тілінде өз ойын айтып, не жазып бергісі келетін адамға қазақ тілі синтаксисін білу ең негізгі басты шарт екенін, өзара түсінудің басы ойды дұрыс жеткізе білуден басталарын айтқан. М.Балақаев сөз байлығын молайту, сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс түсініп, дұрыс құрай білу, жұрт алдында сөйлей білу, сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтап дұрыс оқу қазақ тілі пәнін оқытындардың барлығына ортақ, бәріне тиісті талаптар деген [32, б. 76]. Қазіргі функционалды білім беру жүйесінде де синтаксисті оқу өз өзектілігін жойған жоқ, өйткені түрлі ғылым салалары дамыған тұста мәтіннің, сөйлемнің, сөз тіркестерінің құрылымын, синтаксистік бірліктердің жұмсалымдық рөлін білу қажеттігі маңызды болып қалады.

Т.Қордабаев тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы бар екенін жазды. Еш нәрсемен байланысы жоқ өз алдына тұйық болатын құбылыс қоғам өмірінде де, табиғатта да кездеспейді. Осы сияқты ғылымдағы құбылыстар да өзара байланысып, бір-біріндегі өзгеріске әсер етеді. Басқа ғылым салаларымен тура тіл біліміндей көп байланысатын ғылым түрі жоқ. Тіл білімі мына ғылым салаларымен байланысады: тіл білімі және философия, логика, психология, физиология мен физика, медицина, әдебиеттану, тарих, археология, кибернетика, қолданбалы тіл білімі, семиотика [33]. Әлімжанов Д., Ы.Маманов 1965 жылғы еңбектерінде қазақ тілін басқа пәндермен байланыстыра оқытудың ғылыми-практикалық және тәрбиелік мәні зор деген. Білім беру кезінде пәндерді өзара байланыстыра оқу педагогика ғылымының марксистік-лениндік принциптерінен пайда болатын шарт дейді. Барлық пәндердің мұғалімі ана тілін білуі шарт, сол кезде ғана оқушыларды білім алу барысында ойлана білуге, сауатты жазуға, білгенін жүйелі мазмұндауға,

өмірде шығармашылық тұрғыда қолдану жолдарына дағдыландыруға болады. Ағартушы мұғалім А.Ниязбеков тілді оқытуды ғылымның барлық салаларымен, өмірмен байланыстырып, түрлі практикалық жұмыстар жүргізген, сондықтан оның әдістері бір жүйеге келтірілген. Пән мен пәнді байланыстыра оқытудың қазіргі таңдағы жаңа қағидалары оқушылардың алған білімдерінің тиянақты болуына, оны нақты фактілерден өздері бақылап, саналы меңгеруіне, алған білімін жан-жақты зерттеп, кеңейтуіне және ақыл-ойының да жан-жақты дамуына жол ашатын ғылыми-практикалық маңызы бар әдіс болып тұр. Олар қазақ тілін оқыту методикасының тіл білімімен, әдебиетпен, педагогика мен психологиямен байланысы зор екенін жазды [34].

Нұржан Ж. қазақ тілін оқытуда көптеген қиындықтардан құтылу жолын психология, педагогика ғылымының соңғы жетістіктеріне сай материалдардан баяндама, газет-журналдардағы озық әдістемелер туралы көзқарастарын оқытушылар дискуссия ұйымдастыру және өздерінің ең озық тәжірибелерін ортаға салу, оқытудың тиімді жолдарын қолдану мен ғылыми жұмыстар жазу арқылы тапса болады деген.

Дамыта оқыту әдісі оқушының түрлі деректері бар білімді терең және сапалы меңгеруіне әсер етеді. Мұнда мұғалім оқушының білімді қабылдау қабілетіне сай ойлау ерекшеліктеріне тікелей әсер етіп, әр түрлі әдіс-тәсілдермен жұмыс істейді. Нұржан Ж. қазақ тілін дамыта оқытудың бір жолы ол қазақ тіліне берілетін ғылым-білімнің (негізгі ұғымдар, теориялар, фактілер) бір-бірімен өзара тығыз байланысқан мазмұнын интеграциялай оқытудың тиімді нұсқаларын таңдау, іздеу қажеттігі екенін жазды. Мектептерде оқылатын ана тіліміз барлық пәндерді меңгеріп алудың, игерудің бірден-бір құралы болып табылатындықтан, оның кез келген тақырыбын өзге пәндермен тығыз байланыстырып оқытудың маңызы зор. Интеграция термині латын тілінен қалпына келтіру, қайта құру, толысу, толықтыру дейтін ұғымдарды білдіреді [35, б. 85]. Интеграциялай оқыту барысында әр ғылым саласына қатысты мағлұматтар ішінен қажеттісін іріктеп, оны қазақ тілі сабағымен тиімді байланыстыра алу маңызды. Оқушылар бойына ой сезімін тұтастыққа дарыта отырып, синтездік қабылдаудан аналитикалық оқуға көшуі басқа материалдарды байланыстырудың, кіріктірудің танымдық жағы да мол екенін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ тілінен білім берудегі басты талап оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін көтеру, оларға тілді таным құралы ретінде терең меңгерту, толықтай пәннің мазмұнын интеграциялай оқыту болып тұр. Ол үшін түрлі саладағы мәтіндерді таңдап, олардың танымдық, тәрбиелік, сауаттылықты арттыру жағына аса назар аудару қажет.

Қазіргі қазақ тілі сабақтарында синтаксисті оқытқанда да, басқа грамматиканың салаларын оқытқанда да жаңартылған білім мазмұны негізінде мәтіндермен жұмыс істейді және білім берудің мақсаты функционалдық сауаттылықты арттыру болып табылады. Адамның сөйлеудегі мақсаты бірдемені білу, я белгілі нәрсені білдіру, аз сөйлесек те, осы сөйлеудің негізі білу, білдіру болатынын Н.Сауранбаев айтып кеткен. Сөйлеу деген терминді А.Байтұрсынов та қолданғаны белгілі. Олардың барлығы мәтін деген

терминді тікелей қолданбаса да синтаксистік талдаулар мәтіннен басталу керек екенін және синтаксисті жұмсалымды қолдану қажеттігін жеткізгісі келген. Ж.Аймауытовтың та айтып кеткен көзқарасы қазіргі күні өзекті болып табылып отыр. Ол тілді оқыту тек жалаң білімге үйрету ғана емес, тірі адамның жан дүниесін тану, оны түсіну деп білдірді. Ол ана тілін үйрену сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қоса оқушы тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой пәлсафасын да меңгеретінін айтты [36, б. 17]. Ж.Жақыпов та бүгінгі ғылымның даму нәтижесіне сүйенсек, оқушыға да, студентке де, аспирантқа да дәстүрлі грамматиканы ғана оқыта беру дұрыс еместігін, жоғарғы мектепке тек жүйені ғана емес, оның жұмсалыу ортасын, қолдану заңдылықтарын қоса алып қарастыратын, оны адамның ойлау, шығармашылық әрекетімен байланыстыра қарайтын жұмсалымды грамматиканы да оқыту қажеттігін айтқан болатын [10].

Интеграция жалпы ғылыми термин ретінде философиядан алынған, оған алғашқы ғылыми анықтама берген Н.И.Кондакова еді. Интеграция бір бүтінге, қандай да бір элементтердің тұтастығына бірігу, қандай да бір тұтастықтың қайта қалпына келтірілуі деді [37, б. 12]. 1983 жылы педагогикадағы интеграция туралы Г.Батурина, С.Баев, Н.Петуховтар жаза бастады, алайда олар әлі де философиялық ұстанымдардан алшақ кете алмаған еді. Ғылым, мәдениет, білімнің өзара байланысы мен өзара әрекеттесуі туралы О.Анисимов, М.Берулава, Е.Галицких, А.Данилюк, Л.Редько, Н.Чапаев, Е.Шиянов, т.б. ғалымдар жазды.

В.Безрукова бұндай интеграциялай оқыту сабақтарында сабақтың мақсаты, мазмұны, құрылымынан бөлек, өзге байланысқан пәндердің әдістері жинақталып, оқытудың әдістері, тәсілдері мен құралдары да өзгеріске ұшырайтынын айтады. Интеграциялай оқыту нарықтық экономика жағдайында көп қолданысқа ие болуы тиіс. Білім беру көбіне экономикалық факторларға, өндіріске, адамға бағытталып бара жатыр. Сондықтан сабақта технологиялық тәсіл қажет, яғни оқытушы уақытты үнемдеуге, теорияны пайдалы етуге тырысуы тиіс, ал оқушыда жан-жақты дамуға деген құлшыныс, кең ойлау және бәсекеге қабілетті болып шығуға деген талпыныс болу керек.

Мектептерден оқушылар қоғамдық, кәсіби және рухани құндылықтарды ұғына алатындай дәрежедегі тұлға бейнесін қалыптастырып шығуы тиіс. Осыған байланысты қазіргі таңда білім беруде интеграциялық тенденциялар басымдыққа ие, сонымен бірге қазіргі педагогикалық мәселелердің шешімін табуда бір ғылым шеңберінде қалу мүмкін емес. Кәсіби білімді ізгілендірудегі педагогикалық интеграцияның қызметі жөніндегі мәселе де өзекті болып табылады. Білім жүйесіндегі белгілі жұмыс тәртібін ұстануда педагогикалық қызмет түрлі тапсырмаларды орындауда белсенділік танытуы маңызды [38, б. 288]. А.Беляева интеграция кәсіби дайындықтың қорытынды нәтижесін оңтайландыру тетігі, кәсіби шеберліктің негізін игерудің шарты, тиімділікті жоғарылатудың құралы және уақытын қысқарту қызметін атқарады деген [39, б. 22].

В.Максимова интеграциялық негізде оқудың мынадай методологиялық қызметтерін бөліп көрсетеді: теориялық және ғылыми білім деңгейін жоғарылату; қазіргі заманғы ғылымның методологиялық аппаратымен оқудағы танымды қамтамасыз ету; ғылыми дүниетанымды қалыптастыру; пәндік оқуды ұйымдастыруды қамтамасыз ету [40, б. 27]. В.Безрукова педагогикалық интеграцияның методологиялық қызметінің үш аспектісін бөліп көрсетеді: эвристикалық, инструменталдық, аксиологиялық-дүниетанымдық. Эвристикалық аспект жаңа педагогикалық тұжырымдарды интеграция арқылы жасау мүмкіндігін өзекті етеді. Инструменталды аспект педагогикалық ғылымды тану мен түрлендіру, оқу тәжірибесін тану мен түрлендіру, яғни интеграциялық технологияларды өзектендіру және дайындау үдерістерін жиілендіру арқылы нақтыландыру, жаңа мен ескінің, теориялық білім мен практикалық тәжірибенің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін маңызды. Аксиологиялық-дүниетанымдық аспект педагогикалық интеграцияны педагогикалық үдерістің қатысушыларын интеллектуалды-рухани байыту құралы ретінде қызмет еткізуімен танылады [37].

Г.Вернер, К.Левин, Д.Креч, Г.Олпорт, т.б. сынды батыс ғалымдары тұлғаның қалыптасуында дифференциация мен интеграцияның рөлін маңызды деген. Олардың көзқарасы бойынша, дифференциация қабылдаушылық, мнемоникалық, ойлау, т.б. жаңа әрекеттердің пайда болуына, психикалық қызметтің көбеюіне, молаюына, жетілуіне әкеледі, ал интеграция олардың нәтижесінің реттелуіне, бағынылуына және иерархиялануына әкеледі. Интеграция жаңа психикалық білімнің, жаңа қызметтің құрылымын құраудың құралы қызметін атқарады [41, б. 120].

Интеграциялық дүниетаным қазіргі заманғы сыни ойлаудың басты құрамдас бөлігі болып табылады, оның басты қасиеттері диалектілік және альтернативтілік болып табылады, яғни әр түрлі бір-біріне қарама-қарсы көзқарастардың арасынан келісім, бірауыздылық таба білу шеберлігі. Интеграциялай оқудың маңызы осы сыни ойлаудан көрініс табады. Қазіргі қазақ тілі сабақтарында грамматиканы үйренгенде де, басқа материалды игергенде де сыни ойлау технологиясы қолданылады. Сыни ойлаушы адам өзіне мынадай сұрақтар қояды: Мен не білемін? Мен жаңадан не білдім? Мен оны қалай қолданамын?

Сыни ойлау барысында оқушылар мынадай нәтижеге қол жеткізеді: түрлі білім саласындағы үздіксіз жаңарып отыратын және және молайып отыратын ақпараттар ағынымен жұмыс істеп үйрену; ақпаратты интеграциялаудың түрлі әдістерін қолдану; өз бетінше сұрақ қою, болжам құру; мәселерді шешу; түрлі тәжірибе, идеялар мен болжамдарды ұғыну негізінде өз ойын машықтандыру; өз ойларын (ауызша және жазбаша) қоршаған ортасындағыларға нақты, сенімді және дұрыс жеткізе білу; өз көзқарасын аргументтеу және өзгелердің көзқарасын да есепке алу; өз бетінше оқу қабілеті (академиялық мобильділік); өзіне жауапкершілік алу; бірге шешім шығаруға қатысу; өзге адамдармен конструктивті қарым-қатынас құру; топта жұмыс істеу қабілеті [42, б. 135].

Қазіргі қазақ тілі сабағын интеграциялай оқыту барысында педагогикалық технология термині қолданылады. Педагогикалық технология оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын педагогика-психологиялық нұсқаулардың жиынтығы, педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы деген Б.Лихачевтің анықтамасы бар [43, б. 86]. Педагогикалық технология мұғалімнің жоспарланған мақсатқа және оқыту мен тәрбие нәтижесіне жетудегі оқыту үрдісі емес, ол оқу жоспары мен бағдарламада көрсетілген іс әрекеттің түрлері мен білім беру мазмұнын меңгерудің әр кезеңдегі жұмыстағы балалармен болатын өзгерістер, оқушылардың өзін-өзі және өзара оқытуы деген қазіргі жаңартылған оқу мазмұнына сай анықтаманы Ғ.Құсаинов берді [44, б. 12].

Қазақ тілін саналы және сапалы меңгерту мақсатында жаңа технологияларды тиімді пайдалану керек. Қазіргі таңда әдістеме ғылымы жаңарып, даму үстінде болып отыр. Білім беру жүйесінің мақсаты мен міндетіне сай оқытудың проблемалық оқыту (М.Махмутов), программалық оқыту (Ю.Самарин, Т.Ильина), саралап жекелей оқыту (М.Унт, т.б.), дамыта оқыту (Ю.Эльконин), ұжымдық оқыту (В.Дьяченко), дистанциялық оқыту (Нұрғалиева Г., Жүсібалиева Д.), т.б. сынды түрлері оқу үдерісінде пайдаланылып жүр [44, б. 85]. Орта мектепте қазіргі қазақ тілі сабақтарында көп қолданылатын сыни ойлау технологиясы, сатылай кешенді оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, саралап-денгейлеп оқыту технологиялары туралы айтуға болады [45].

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының ғылыми негізі Л.С.Выготский, Ж.Пиаже, Д.Дьюи еңбектерінен алынған. Жоба 60-қа жуық технологиядан тұрады. Солардың біріне Джиксо ұжымдық оқыту әдісі жатады. Мақсаты – жалпы мәселені бірінші жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жерде әрбір оқушы өзін бір сәт мұғалім сияқты сезініп, оқуға деген жауапкершілік артады. Ұжым әуелі төрт адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұлар жанұя топтар деп аталады. Ал содан соң 1,2,3,4 деп санап, 1-лер бөлек шығып, 2,3,4-тер жұмысшы топты құрайды. Мәтінді 4 логикалық бөлікке бөліп алып, әр топ өз бөлігін оқып, меңгереді. Жұмысшы топ жанұя топқа өз түсінгенін түсіндіру керек болады. Келесі кезекте топтан алдыңғы кезеңде бөлініп шыққандар қайта келіп, өз ақпараттарын тобымен бөліседі. Ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуды, ойлауды үйренеді. Осы арқылы ұжыммен қарым-қатынас, әлеуметтік жауапкершілік, ойлау, оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын арттыруға болады.

Сыни ойлау технологиясын жетістікпен жүзеге асыру мақсатында топтау, түртіп алу, ойлану, жұпта талқылау, болжау, әлемді шарлау, т.б. әдістер пайдаланылады. Оқушы өз білетінін еске түсіріп, қағазға жазып, көршісімен бөлісіп, тобында талқылайды. Бұл кезеңде жаңа білім туралы ақпарат жинап, оны бұрын алған білімімен сабақтастырады. Ойлау мен үйренуге арналған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысып, тақырып бойынша жұмыс істеп, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс істеп,

белсенділік танытуына жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс істеуіне көмектесетін оқу стратегияларының бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында: «V» – білемін, «-» - мен үшін түсініксіз, «+» - мен үшін жаңа ақпарат, «?» - мені таң қалдырады деген белгілерді қоя отырып оқу тапсырылады. Бұл әдіс оқығанын түсінуді, өз ойын басшылық қылуды, ойын білдіруді үйрететін ұтымды құрал. Оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмауды, өмірмен сабақтастыра алмауды болдырмауға көмектесетін жақсы әдіс.

Тақырып жөніндегі ой-толғаныс бағдарламаның үшінші кезеңі болып табылады. Күнделікті оқыту барысында оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, өзгеге сыни көзбен қарап бағалауына мүмкіндік береді. Оқушылар өз ойларын, қарастырған ақпараттарын өз сөздерімен жеткізе алады. Осы сатыда оқушылар өзара әсерлі түрде ой алмасу, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатымен өзгелердің әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысында ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасауға болады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді жасауға лайықталған Бес жолды өлең, Венн диаграммасы, Семантикалық карта, Еркін жазу, Т кестесі сынды стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр не жеңіл болуына сай лайықтала пайдаланылады.

Сыни тұрғыда ойлау технологиясында интербелсенді әдістер молынан қолданылады. Оқытудың бұл әдістері жоғары ынтаны, шығармашылық, қиял, белсенді өмірлік ұстанымдар, коммуникабельділік, даралық құндылық, топтық рух, өз-өзін көрсету, еркіндік, қызметке назар аудару, өзара құрмет пен демократиялық қарым-қатынасты орнықтырады. Құрмалас сөйлемдерді интербелсенді оқу арқылы оқушылар сыни ойлауды, күрделі мәселелер бойынша ой қозғауды, шешім шығаруды, балама пікірлерді саралауды, пікірталасқа қатысуды, өзгені тыңдауды үйренеді. Ол үшін интербелсенді оқу мен оқытудың мынадай тәсілдерін жүзеге асыруға болады: жұппен, топпен, сыныппен жұмыстар; жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары; пікірталастар; оқу, рөлдік және іскерлік ойындар; ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.); жағдаяттар арқылы үйрену: нақты жағдаяттарды талдау, кейс-стади; шығармашылық жұмыстар; презентациялар; компьютерлік оқу бағдарламалары; интервью; тренингтер; кез келген оқу әрекеттерін кері байланыс арқылы қорытындылау; сауалнама өткізіп, қорытындыларын талдау, т.б.; [46] Құрмалас сөйлемді оқыту мен оқу барысында осы тәсілдердің бірін не бірнешесін қолдануға болады.

Құрмалас сөйлем әр сабақта тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдыларымен бірге меңгеріледі. Интеграциялай оқытудағы қазақ тілі сабағындағы негізгі құралдардың бірі мәтін, онда көркем мәтін, публицистикалық мәтін, ғылыми мәтін, ресми-іскери мәтін, ауызша мәтін түрлерімен танысу барысында өзге ғылым салаларына байланысты ақпараттармен жұмыс істеп, сол салаға сай мәтіннен, күрделі синтаксистік тұтастықтан, абзацтан, сөйлемдерден құрмалас сөйлемдерді анықтау қажет

болады. Жұмысты бастау барысында тыңдалымға көңіл бөлу маңызды. Тыңдалым тапсырмасы былай ұйымдастырылады: мәтін тақырыпқа, оқушының жасына, тілдік деңгейіне байланысты таңдап алынуы тиіс; оқушының ойын белсендіру үшін тақырып туралы алдын ала сұрақтар қойылады. Жаңа сөздер ұғындырылады; мәтінді тыңдамастан бұрын оқушылар әуелі мәтіннің тапсырмасын, сұрақтарын алдын ала талқылаулары тиіс; тыңдалым мәтіні кемі екі рет тыңдалуы тиіс; мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріп алған соң, оқушылар жауаптарын жұпта не топта салыстырады; ашық сұрақтар көмегімен оқушылар мәтіндегі ақпаратты өмірмен ұштастырып, өз ойын ортаға салады. Тыңдалым дағдысы сабағының маңызы оқушыларға тиімді тыңдауды үйрету, ақпаратты ұғыну үшін онымен қандай жұмыс істеу қажеттігін үйрету болып табылады.

Құрмалас сөйлемді меңгерту барысында тыңдалымнан соң оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру үшін интеграциялай оқыту әдісі ретінде ойын ойнатуға болады. Жалғасын тап дейтін ойынды қолдануға болады. Алдымен төмендегі аудиомәтінге назар аударамыз:

Біздің планетамыз және ондағы адамзат өмірі үнемі өзгеріп отырады. Әр дәуірдің өз қиындықтары, әр ғасырдың өз құндылықтары және әр қоғамның өзіне тән өзекті мәселелері бар. ХХІ ғасырда табиғат ресурстарының кең көлемде игерілуі және адамдардың мұқтажына жұмсалуды, сондай-ақ отын-энергетика саласындағы антропогендік әрекеттер бұрын соңды болмаған экологиялық мәселелер мен табиғат апаттарын туғызуда. Дүниежүзілік жиында шикізатты қарқынды өндірудің, өңдеудің нәтижесінде отын қорының азайып бара жатқаны туралы айтып, баламалы қуат көздерін тұтыну үрдісіне өту жайлы бірегей идея мен тың ой салған бірден-бір мемлекет – біздің еліміз, яғни Қазақстан. «Жасыл планетаны» құру мақсатында «ЭКСПО-2017: болашақтың қуаты» деген жаңа жобаны ұсынды [29, б. 78].

Мәтінді интеграциялық талдау тапсырмасы: А) мәтінді тыңдау; негізгі ақпаратты анықтау. (Негізгі ақпарат арқылы мәтіннің экологиялық және экономикалық мәтін екендігіне назар аударту, *сызба 1*). Ә) Сұраққа жауап іздеу. Табиғат ресурстарының кең көлемде игерілуі бұрын соңды болмаған экологиялық мәселелер мен табиғат апаттарын туғызуда. (*Сызба 2*)
Қандай?

Б) Ақпараттың экономикаға қатысты тұсын анықтау. «**Болашақтың қуаты**» қандай болуы мүмкін? Ол елімізге не береді? (*Сызба 3*)

А) 1.2 Сызба 1



- ХХІ ғасырда табиғат ресурстарының кең көлемде игерілуі және адамдардың мұқтажына жұмсалуды, сондай-ақ отын-энергетика саласындағы антропогендік әрекеттер бұрын соңды болмаған экологиялық мәселелер мен табиғат апаттарын туғызуда.
- Қазақстан. «Жасыл планетаны» құру мақсатында «ЭКСПО-2017: болашақтың қуаты» деген жаңа жобаны ұсынды



Ә) 1.2 Сызба 2

| Электр энергиясы | Көмір өндіру | Жанармай алу |
|---|---|---|
| <p>Электр энергиясын су арқылы алу үшін атом электр станцияларының салынуы және оның халықтың өмір сүруіне судың радиациямен ластануы қауіпі бар.</p> | <p>Табиғат рельефінің бұзылуы және жер қыртысының жүйесіне зияны бар. Оны өндіруші адамдардың өміріне келетін қауіптер. Жер қыртысының босауы салдарынан жер сілкінісі штабифи апаттың болуы.</p> | <p>Мұнай алу үшін жерді ұңғылау, табиғи қордың азаюымен қатар, эко жүйенің бұзылуына әкеледі. Табиғатқа келетін зиянның салдарынан адам өміріне де қауіптер болады.</p> |

Б) 1.2 Сызба 3



В) Еліміздің жасыл планета құру идеясы мен электр энергиясын балама көздер арқылы өндіру идеясын байланыстыра синтездеу.

Нәтижесінде: оқушылардың экология туралы мәлімет алуымен қатар олардың өзіндік көзқарастары талқыланады, олардың табиғатқа жанашырлықпен қарауға, оны сақтаудың маңызын түсінеді. Сонымен қатар экономикалық ақпараттарды анықтай біледі, еліміздегі өзекті мәселелердің бар екендігін және оның оңтайлы шешімдерін қарастыруда әрбір жаңа идеялардың құндылығын түсінеді. Жаңа идеялардың мемлекет экономикасын дамытудағы маңызын түсінеді.

Келесі этап грамматикалық талдауларға арналады. Тапсырмалар:

Тапсырма. Мәтінге байланысты жай сөйлемдер құрастыру. Жалғасын тап ойыны арқылы сол жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдыру керек.

Дескриптор: берілген сөйлемнің жалғасын тауып жазу керек. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолын түсіндіру керек.

Құрмалас сөйлемдердің түрін ажырату керек.

Н.Оразахынованың сатылай кешенді оқыту технологиясы Ж.Аймауытовтың комплексті оқыту жүйесі негізінде жасалған. Оның әдістемесі психология, педагогика ғылымдарының қағидаларымен, Алаш арыстарының білім беру мен тәрбие жөніндегі ой тұжырымдары мен әр түрлі пәндердің теориялық негізімен байланысты. Мұндағы сабақ жобасы үш кезеңнен тұрады: өткен материалды еске түсіру; жаңа білімді меңгеру; сабақты бекіту. Пәндерді оқу барысында оқушылардың материалды жылдам, орта, төменгі деңгейде қабылдауына сай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық оқушының дамуына қолайлы жағдай жасалады. Әр деңгейдің өзінің алдына қойған мақсаттары бар: [47]

Бірінші деңгейде жазылым басшылыққа алынады. Бұл деңгейде мұғалімнің қызметі алғашқы орында тұрады. Мұғалім жазылым әрекетімен тірек сызбаларды басшылыққа алып, теориялық материалдың әуелгі нұсқасын толық жазып, оқушылардың саналы түрде игеруіне ықпалдасады. Оқушылар сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады, екіншіден, материалды жүйелі ұғынып, ғылыми тілде баяндауға машықтанады.

Екінші деңгейде тыңдалымға мән беріледі. Оқушыға басымдық беріледі. Мұғалім бағыттаушы қызметінде болады. Оқушылардың зейінін тұрақтандырады. Оқушылар сыныптастарының жауаптарын ықтиятпен тыңдау, ондағы жіберілген қателіктерді уақытылы анықтау, оны сауатты түзету сынды іс-әрекеттерге үйренеді. Әр пәннің тірек сызбаларымен жүйелі, сауатты, ғылыми түрде баяндау талап етіледі.

Үшінші деңгейде оқушылардың ұқсас ұғымдарды жинақтау, айырмашылықтарын ажырату, жекеден жалпыға көшу әрекетін жүзеге асыра алу, ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесінің баюына жол сілтеу.

Төртінші деңгейде оқушылардың алдыңғы білім, білік, дағдыларын жинақтаумен бірге шартты белгілермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін сауатты игеру, өз беттерімен жұмыс істеу кезінде іскерлік дағдысы қалыптасады.

Бесінші деңгейде оқушылар талдау арқылы аңғарымпаздыққа, мұқият тыңдауға, ойын әрі жалғастырып кетуді үйренеді, талдау үлгілері көбіне ауызша орындалады, іс-әрекет көбіне ойын түрінде жүреді.

Алтыншы деңгейде оқушылардың сатылай кешенді даму арқылы алған білімдерін жатқа жазғызу. Осылай әр оқушының теориялық материалды қаншалықты тиянақты игергенін анықтау, орфографиялық, пунктуациялық сауаттылық деңгейінің қаншалықты артқанына көз жеткізу.

Жетінші деңгейде уақытқа талдау, оның басты қағидалары әр сөйлемді, сөзді, дыбысты сауатты талдау, анық, айқын айтуға дағдыландыру. Егер алдыңғы деңгейлерде жұмыс тиянақты, ширақ, жігерлі жүргізілетін болса, бұл деңгейдегі талдау өз нәтижесін береді. Тез әрі қатесіз талдап үйренген бала уақытқа талдауды қызыға орындайды.

Сегізінші деңгейде компьютерлік талдау жүргізіледі. Бүгінгі таңдағы мектеп оқушылары білімді нақты, қысқа, компьютер арқылы алуды мақсат тұтады. Сол себептен мұғалімдерге өмірдің ағымына сай сабағын компьютермен өтуге дағдылану керек. ОСКО технологиясымен білім алушы әр оқушының компьютермен жұмыс істеу машығы қалыптасады. Компьютерді мақсатты түрде нағыз оқу құралына айналдырады. Мүмкіндігіне қарай екінші деңгейден бастап компьютерлік талдауды енгізе берсе болады.

Тоғызыншы деңгейде тест болады. Ол оқушылардың білімін бағалау мен бақылаудың тиімді әдісі, тест жұмыстарын ұйымдастыруда дидактикалық шарттар дұрыс орындалып отыруы тиіс. Тесттің түрлері көп, оны сабақтың түріне сай мұғалім тандайды.

Оныншы деңгейде шығармашылық қарастырылады. Ол адамның өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі болады. Өмірде дұрыс жолды табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен дәлелді шешімдер қабылдай алуға үйренуі тиіс. Шығармашылық адамның бойындағы қабілеттерін дамытып, рухани күшін нығайтып, өзін-өзі дамытуына көмек болады.

ОСКО технологиясының негізгі құралы тірек сызба болып табылады. Бұл сызбада бірнеше сатыдан тұратын алгоритм беріледі. Сол арқылы бұл технологияда мұғалімнің әр оқушымен жеке дара жұмыс жүргізуіне де мүмкіндік болады, өйткені мұғалім әуелгі талдаудың үлгісін бірінші деңгей бойынша толық жазып береді. Мұғалім ұсынған осы алгоритмді оқушылар басшылыққа ала отырып, берілген сөйлемді, сөздерді жеке-жеке сабақ үстінде де, үй жұмысын орындау кезінде де өз бетінше талдауды үйренеді.

Оқушылардың шығармашылығын дамытуда мынадай тапсырмалар беріледі: сюжетті сурет бойынша әңгіме жазу; жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу; нақыл сөздердің мәнін ашу; мақал-мәтелдер негізінде әңгіме жазу; өз сыныптастарының портретін суреттеу; өлең құрастыру, ойдан ертегі, әңгіме құрастыру; еркін тақырыптарға шығарма, ойтолғау, эссе жазу; ұлы адамдар өміріне байланысты сұрақтар беріп, пікір айту; ақын-жазушылар шығармалары бойынша пікір алмасу; өлеңді қара сөзге айналдырып мәтін құрау; ақпарат құралдарын пайдалана отырып реферат, баяндама жазу; тақырыпқа сай диалог, монолог жаздыру; оқиғаға қатысты өз ойларын айту; автордың көзқарасы туралы өз ойын әдеби тілде баяндай білу, т.б. Осы шығармашылық жұмыстардың барлығы синтаксис саласының тапсырмаларымен тығыз байланысты болып тұр.

ОСКО технологиясы бойынша синтаксис саласын игеруге арналған сабақ жоспары төмендегідей болады:

Сабақтың тақырыбы: Сөйлем.

Сабақтың мақсаты: А) Тәрбиелік: нақыл сөз, мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу. Ә) Білімділік: сөйлем, оған қойылатын тыныс белгілерді сөйлемді сатылап талдату арқылы меңгерілуіне мүмкіндік істеу. Б) Дамытушылық: алынған нақыл сөздер мен нақыл сөздерді негізге ала отырып, пікірталас, ойтолғау,

шығармашылық жұмыстар атқару арқылы есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерінің қалыптасуына жағдай істеу.

Сабақтың технологиясы: сатылай кешенді оқыту.

Сабақтың түрі: жаңа материалды меңгеру.

Оқыту формалары: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық.

Көрнекілігі: сызба, көңіл-күйді бейнелеген суреттер.

Пәнаралық байланыс: ана тілі, дүниетану.

Техникалық құралдар: интерактивті тақта.

Сабақтың кезеңдері: I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бағыттау.

Біз, біз біргеміз,

Сөгілмесін іргеміз.

Сапалы білім басты мақсат,

Ұмтыламыз бірге біз!

Суреттер бойынша үш топқа бөлінеді. (нүкте, леп белгісі, сұрау белгісі).

II Жаңа сабаққа бағыттау. Бірінші кезең: өткен материалдарды еске түсіру. Мақсаты: жаңа білімді басқа біліммен байланыстыра отырып, өтілетін материалды жеңіл, ұғынықты меңгерту. Тірек тапсырма: Оқушылардың үйге берілген жаңа сабаққа негіз болатын тапсырмалармен жұмыс. Кіші, белгісі, пейілділік, кісілік сөздерін байланыстырып қанатты сөздер, мақал-мәтелдер құрастыру. Мысалы: Кішіпейілділік – кісілік белгісі.

Сөз бен сөйлемнің аражігін ажыратуға жағдай жасау.

А) сөйлемге айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жасау. Ата-бабадан ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдану.

III Жаңа тақырыпты өз беттерінше игеруге жағдай істеу. Екінші кезең: жаңа білімді меңгеру. Мақсаты: дербес тұрғыда әрекеттер іске асады. Ереже шығару: Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Сөйлемнен соң нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі қойылады.

А) сөйлемге айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша ойтолғау. 2 мин 2 ұпай. Б) талдаудың бірінші сатысы: жазылым, тыңдалым, айтылым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

Синтаксистік талдау: (жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асады. Үйретуші жазады, айтады; үйренуші жазады, тыңдайды, айтады. 5 мин. 2 ұпай

Сабыр –ақыл серігі.

1.1 Сөйлемде екі тыныс белгісі бар. Олар нүкте және сызықша. А) нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр. Ә) сызықшаның қойылу себебі бастауыш пен баяндауыш есім сөздерден болғандықтан бастауыштан соң сызықша қойылып тұр.

IV Дәптермен жұмыс. Сс әрпі мен дыбысын көркемдеп жазу.

1-тапсырма. Сабыр сөзіне сөзсазындық қысқаша жазылым бойынша талдап жазады. Жеке орындайды. (жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады). Сабыр 1. Бұл сөз жуан буынды сөз. 2. Бұл сөз

са (а.б.)-быр (б.б.). 3. Са-быр болып бір жағдайда тасымалданады. 4. Сабыр. Екпін соңғы буынға түседі.

Түсініп оқып, көкейіңізге алыңыз. Кішіпейілділік кісілік белгісі

Кішіпейіл адам адамгершілігі мол, мейірбан болады. Кісіге қарасуға, қол ұшын беріп, жәрдемдесуге әзір болып тұрады. Кішіпейілділік жай нәрсе емес, ол – мінез, әлеуметтік мәртебе, көп қошемет тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін де халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік дейді», - деп, оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізген.

Сіз кішіпейілділік дегенді қалай түсінесіз?

Сіз өзіңізді кішіпейілмін деп ойлайсыз ба? Неге?

Мәтіннің ішінен адамгершілікке жататын сөздерді теріп жазыңыз.

V Топпен жұмыс. 2- тапсырма. Топтық тапсырма. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыздар. 1-топ бірінші сөйлемге синтаксистік талдау жасайды. 2-топ екіншіге, 3- топ үшінші сөйлемге синтаксистік талдау істейді. Жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асады. Топтар бірін-бірі бағалайды. 3 мин 3 ұпай.

VI Сергіту сәті. Слайд көрсетілімі арқылы қимылдарды жасайды.

3-тапсырма. Жеке орындау. Әр қатардағы артық сөзді сызыңыз.

- Наурыз, сәуір, сабыр, мамыр;
- Әдемі, көркем, сұлу, кішіпейіл;
- Батырлық, батылдық, әдепті, өжеттілік.

Кез келген артық сөзді қатыстырып, бір сөйлем құрайды. Синтаксистік талдау: талдаудың бірінші сатысындағыдай болады.

4- тапсырма. Ауызша орындалады. Телефон ойыны (диалог).

Әдепті сөзіндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. (Айтылым, тыңдалым)

VII Шығармашылық жұмыс. Үшінші кезең: Бекіту. Мақсаты: оқушылар өтілген материалдар жайлы ізденеді, ойтолғайды.

1. Экрандағы суреттерді қатыстырып, сөйлем құрау; 2. Сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

VIII Рефлексия. 1. Сабақ сізге ұнады ма? 2. Не үйрендіңіз? 3. Не қиын болды? Неге?

IX Бағалау. Өзін-өзі бағалау. Бағалау критерийлері 1. Тірек тапсырмасын орындауы; 2. Жаңа тақырыпты меңгеруі; 3. Топтық белсенділігі; 4. Жеке тапсырмаларды орындауы; 5. Ойын еркін жеткізуі.

X Үй тапсырмасы. 1. Адамгершілік қасиеттерге байланысты ой толғау жазу; 2. Кез келген сөзге сөзсазындық талдау; 3. Кез келген сөйлемге синтаксистік талдау.

Осылай ОСКО технологиясы арқылы синтаксисті интеграциялай оқытып, сыни ойлау әдістерін іс жүзінде пайдаланып, талқылау, пайымдау, топпен жұмыс, ұжымдық жұмыс, жеке оқушымен жұмыс жүргізіп, оқушының логикалық ойлау қабілетін, психологиялық дайындығын, педагогикалық технология жетістіктерін іс жүзінде қолдану мүмкіндігі туды.

Оқушылардың жүзеге асыратын оқу мен танымдық әрекеттердің дамыта оқыту үдерісінде мынадай түрлері бар: сөз тіркесі деп тану әрекеттерін мұғалім көмегімен анықтау; сөз тіркесін анықтап білу міндетін оқушылардың өз беттерінше табуы; оқушылардың сөз тіркесінің әр түрлі сипаттағы ерекшеліктеріне қатысты жаттығулардың талаптарын өзгерте отырып, сөз тіркесі туралы жалпы заңдылықтарды іздеп табуы; сөз тіркесінің құрылымдық-мағыналық үлгісін нышандық әріптер арқылы жасау; сөз тіркесіндегі ішкі байланыстар мен қатынастарды кескіндік үлгілеу; трансформациялау арқылы сөз тіркестерінің қандай да бір үлгісін келесі үлгіге өзгертуі; жүйелілік заңдылықтарын жаттығулардың сипатына қарай айқындау; кез келген алдында орындап кеткен жаттығулар не тапсырмаларды қадағалап отыру; кез келген жаттығулар мен тапсырмаларды іске асырған сайын қандай мүмкіндік пен дағдыларға толығымен ие болып, нендей тәсілді толығымен игергеніне баға беріп отыру, сонда сөз тіркесін теориялық деңгейде оқыту технологиясының дамытушылық мақсатына теориялық материалдар және түрлі қиындық деңгейдегі жаттығулар жүйесі арқылы қол жеткізеді деп санаймыз [48, б. 11].

Б.Құлмағамбетова сөз тіркесін, сөйлем құрауға үйрету жұмысы оқушы ойын байланыстырып айта білумен қоса, жаза білуге де дағдыландыратынын айтқан. Мұғалім сөз тіркесін және сөйлемді құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, әсіресе синонимдік қатарларды, сөзді талғап, таңдап қолдануды үйретеді. Мұғалім жаттығу жұмыстарын грамматика-стилистикалық бағытта ұйымдастырады. Дайын мәтін ала отырып, оған грамматика-стилистикалық талдау жасатуға болады. Оқушылардың назарын сөйлемнің құрылысына аударып, қалай жасалғанын, қандай стильдік қателер барын, қаңдай ерекшелікпен көрінетінін байқатады. Оқушыларға мынадай жұмыстар орындату тиімді: сөз тіркесі арқылы сөйлем құрастыру, жай сөйлемді жапылама сөйлемге айналдыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтату, диалогты сөйлем құрату, әңгімені аяқтау, белгілі бір таныс тақырып бойынша әңгіме құрастырыу, берілген мәтінді редакциялау, т.б. осындай жүйелі жұмыстар арқылы оқушы дұрыс сөйлем құрастыруға бейімделеді. Сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктеріне сай өзара ажыратып, өздеріне тән белгілерін айқындау қажет [49].

Жалпы орта мектептерде сөз тіркесін дамыта оқыту үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңнің басты міндеті оқушыларды сөз тіркестерін оқыту арқылы ізденімдік-зерттеу оқу қызметіне баулу, біртіндеп дайын білімді игреуші объектілерден өздері танып білу дағдылары қалыптасқан ізденімпаз субъектілерге айналдыру. Екінші кезеңде, сөз тіркесі синтаксисін оқу қызметі механизмдерін оқу әрекетінің индивидуалдық формасының интрапсихологиялық механизмдеріне айналдырумен байланысты күрделі де маңызды міндет шешілді. Үшінші кезеңдегі міндет әрбір сынып оқушысының өзін оқыту қызметінің толыққанды субъектісі ретінде тануына жағдайлар жасау деп анықталды.

5-9 сынып оқушыларына сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясында теориялық тіректер қажет. Сол тіректерді Н.Құрманова мынадай жолда көрсеткен: сөз тіркесін оқытуда логика элементтерін қолдану, оқушыларға логика элементтерін тілмен байланыстыра отырып игерту; сөз тіркесін лексикамен, морфологиямен байланыстыра оқыту; жаңа синтаксистік ұғымдардың енгізілуі; қазақ тілінің жүйелі ғылыми курсы салалы фонетика, лексика, морфологияның синтаксистік негізде оқытылуы; сөздің синтаксистік қызметіне сөз тіркесін құруға қатысуын да енгізу; сөйлем құрылуындағы сөзбен бірге сөз тіркесінің қызметін де алға шығару; сөз тіркесі мен сөйлем (жай сөйлем, құрмалас сөйлем) жасалуындағы синтаксистік байланыстар мен синтаксистік қатынастар табиғатына терең синтаксистік талдаулар жасату; орфоэпия заңдылықтарының жаңа ұғымдарын ендіру; сөз тіркесінің мәтін құраушы қызметіне сай ұғымдар жүйесін енгізу. Сөз тіркесін тілдің барлық ішкі жүйелерімен байланыстыра оқыту арқылы пунктуациялық, орфоэпиялық талдаулар жасату арқылы мұғалім оқушыда сөз тіркесінің жүйелік-құрылымдық табиғатына мазмұндық талдау жасау дағдыларын қалыптастырады.

Қазіргі қазақ тілі сабақтарында түрлі ғылым саласындағы мәтіндермен жұмыс жасау барысында әр ғылым саласындағы өзгерістерге, жаңашылдықтарға байланысты түрлі сөз тіркестері де пайда болып жатыр, ол көркем мәтінде де, ғылыми мәтінде де, публицистикалық мәтінде де, ресми-іскери мәтінде де, ауызекі мәтінде де байқалатын үрдіс болып табылады. Сөз тіркесіне байланысты тапсырмалар интеграциялай оқыту, сыни ойлау технологияларының көмегімен жүзеге асады. Төмендегі мәтін бойынша сөз тіркесі және оны өзге тілдік жүйедегі элементтермен байланыстыра берген тапсырмаларды байқаймыз:

Ғарышкерлер тамағы Мәскеу облысының Бирюлев тәжірибе зауытында даярланады. Алғашқыда 165 грамдық түбекшелерде дайындалды. Мұндай тағамнан алғаш ауыз тиген Ю.Гагарин еді. Көкте 2 сағатқа жетпейтін уақыт болса да, оған белгіленген тәртіп бойынша тоғыз түрлі тамақ берілген. Технологтар мен конструкторлар ғарышкер тамағының көп орын алмауына, сақтау кезінде бұзылмауына және өте дәмді болуына көңіл бөлген.

1961 жылдан бері ғарышта 400-ден аса адам болыпты. Ғарышты игерген 55 жыл ішінде көкке 80 тоннадан астам азық-түлік жіберіліп, 50 мың тамақ түрі дайындалыпты [23, б. 95].

1-тапсырма. Оқылым мәтінінің бірінші азат жолынан сөздердің байланысу тәсілдерін анықтау керек. Дескриптор: Жаңа тақырып «Сөздердің байланысу тәртібі» ережелерін «Не білгім келеді? Не білдім? Не білмедім?» кестесінен қарап қайталау.

2-тапсырма. Төмендегі мәтіннен есімді және етістікті сөз тіркестерін теріп жазындар. Дескриптор: Миға шабуыл әдісін топ болып жасап, өткен тақырып бойынша білімді еске түсіру үшін өз ойларыңды айтып, дұрыс мәліметтерді іріктеп, сол бойынша жұмыс істеу.

3-тапсырма. Берілген мәтін бойынша бір-біріңнен Үш қадамды сұхбат алындар. Дескриптор: 1. А оқушыдан В-дан оқушыдан сұхбат алады, ал С оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады. 2. В оқушы С-дан сұхбат алады, ал А оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады. 3. С оқушы А-дан сұхбат алады, ал В оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.

4-тапсырма. Үш қадамды сұхбаттан 5 сөйлем жазып, сөздердің байланысу тәсілдерін анықтандар. Дескриптор: сөздердің байланысу тәсілдерін анықтау. Сөйлемдерді дұрыс байланыстырып құрастыру.

5-тапсырма. Ғарыш, аспан, жұлдыздар, ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер жаттап, топ болып жарыс ұйымдастырындар. Дескриптор: мақал-мәтелдердегі сөз тіркестеріне, олардың байланысу түрлеріне мән беру.

Бұл тапсырмалар публицистика жанрынан да, көркем әдебиет жанрынан да, ғылыми деректерден де хабар беріп тұр. Интеграциялай оқытудың маңызды тұстары сыни ойлауды дамыту, рефлексия, коммуникативтік күзіреттілікті арттыру, жаратылыстану-математика, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардан да хабардар болуға, әр оқушы өзінің ұнаған саласын, мамандығын таңдауына көмектесу, қоғамтану, психология, логика, философия ғылымдарынан хабардар беру болып табылады.

Ғылым мен технологияның қарыштап дамуына байланысты ғылым салалары көбейді. Оқушыларға экономикалық, құқықтық, экологиялық, технология т.б. салалардан білім беру заманның талабы болып отыр. Бұрынғы кездегі тек «сапалы білім мен саналы тәрбие беру ұстанымы» ескіріп, білім берудің қажеттіліктері де өзгеруде. Елімізге бәсекеге қабілетті, жан-жақты, білімді, өркениетті елдермен санаса алатын тұлғалар қажеттілігі интеграциялай оқытудың маңызын дәлелдей түсуде.

1.3 Синтаксисті оқытудағы интеграциялық ұстанымдар

Синтаксисті оқыту әдістемесінің дидактикалық тұғырын негіздеу үшін Х.Арғынов, Б.Құлмағанбетова, Ф. Оразбаева, Ә. Исабаев, Н. Құрманова секілді ғалымдардың еңбектері мен ойлары басшылыққа алынды. Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту үшін тірек ретінде ұстанымдарды айқындау білімнің мазмұны мен интеграциялай оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелеуге жол ашады.

Оқушылардың қазақ тілінен тиянақты, жүйелі білім алуы үшін мұғалім үстіне түскен жауапкершілік аз емес. Мұғалім қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдыларды игертуде ең тиімді деген әдістер мен ұстанымдарды басшылыққа алуы керек.

Берілетін білімнің мазмұны мен көлеміне қарай әдістер өзгеріп отырады. Мұғалім өзінің шығармашылығы, ықыласы мен ынтасының арқасында, баланың бойына білім мен пайдалы дағдыларды қалыптастыру мақсатында әдістерді талдап, пайдалану үшін өз бетімен жұмыс жасайды. Мұғалім

зерттелген, ғалымдардың пайымдауынан өткен, тәжірибеде сыналған педагогикалық әрі әдістемелік ережелер мен ұстанымдарға сүйенеді.

Синтаксисті басқа ғылым саларымен интеграциялай оқытуда дидактикалық ұстанымдар маңызды орын алады. Дидактик ғалымдар мен зерттеушілер өз еңбектерінде пайдаланған әдістеріне сәйкес келетін ұстанымдардың түрін де, санын да өзгертіп ұсынады.

Асхат Әбілқаев «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» еңбегінде дидактикалық ұстанымды екіге бөліп қарастырып, іштей жіктейді. 1. Мектеп қабырғасындағы оқытылатын барлық пәндерде қолданылып, пәннің мазмұнына сәйкес өзгеріп отыратын жалпы дидактикалық принципті көрсетсе. 2. Нақты бір пәнге тән арнаулы принцип деп бөліп қарастырады. Ғалым жалпы дидактикалық ұстанымның 9 түрін ұсынып, қазақ тілі пәнінде басшылыққа алуға болатындығын көрсетеді. Қазақ тілі пәнінің арнаулы принциптеріне: 1. Тілді оқып-үйрену мен ойлаудың дамуы арасындағы тығыз байланыс; 2. Грамматикалық құрылысты оқып-үйрену мен әдебиеттік оқу дағдыларын игерудің арасындағы өзара тәуелділік; 3. Грамматиканы оқып-үйрену мен тілдік дағдыларды игерудің арасындағы өзара шарттастық; 4. Қазақ тілін оқытуға әр түрлі варианттағы әдістемелік жол таба білудің мүмкіндігі мен қажеттілігі [62, б. 24] деп 4 түрін жатқызып, ерекше айқындап береді. Әбдірахман Исабаев қазақ тілінен жүйелі білім беруде басшылыққа алатын жалпы дидактикалық ұстанымдарға мыналарды жатқызады: ғылыми принцип, жүйелі принцип, көрнекілік принципі, саналылық пен белсенділік принципі, теорияны практикамен байланыстыру принципі және жеке оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру принципі [63, б. 6] деген ұстанымдарды ұсынса, Н. Оралбаева мен К. Жақсылықованың «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбектерінде төмендегідей ұстанымдарды ұсынады: 1. Оқу материалын саналы меңгерту принципі; 2. Оқыту материалының ғылымилығы принципі; 3. Дидактиканың жүйелілік пен жалғастық принципі; 4. Дидактикалық материалдардың оқушының қабылдауына сәйкестігі принципі; 5. Жеңілден ауырға принципі; 6. Теория мен тәжірибенің байланыстылығы принципі; 7. Дидактиканың көрнекілік принципі; 8. Оқу мен тәрбие ісінің бірлігі принципі [64, б. 26].

Қазақ тілінің оқыту әдістемесінің өзіне ғана тән ұстанымдарын Ф.Ш. Оразбаева өз еңбегінде былайша көрсетеді: 1. Тұтастық ұстанымы 2. Тіке байланыс ұстанымы 3. Адамның жеке қабілетін ескеру ұстанымы 4. Жұмыс түрлерін айқындау ұстанымы 5. Сатылап даму ұстанымы 6. Динамикалық өзгеру ұстанымы 7. Өзектілік ұстанымы 8. Оқытудың ғылымилық ұстанымы 9. Оқытудың көрнекілік ұстанымы 10. Саналылық пен белсенділік ұстанымы 11. Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы 12. Түсініктілік ұстанымы 13. Оқушылардың танымдық мотивациясын қалыптастыру ұстанымы 14. Сенімділік қабілетін дамыту ұстанымы 15. Пәнаралық байланыс ұстанымы. Ж.Балтабаева білім алушылардың тілін дамытуда қатысымдық, тіл дамытудың дифференциация мен интеграция, белсенділік, кешенді

ұстаным мен тілдік норманы қалыптастыру ұстанымдарын ұсынады [65, б. 56]. Ғалымның еңбегінде ашып көрсеткен ұстанымдарының барлығы да ана тілімізді оқытуда басшылыққа алынып оқытылса, оқушыларға берілер білім мен дағдылар, пәндік тақырыптар жүйелі әрі терең, саналы түрде меңгерулеріне үлкен ықпалын тигізеді. Жұмысымыз бойынша синтаксисті интеграциялай оқытудың төмендегідей ұстанымдарын ұсынамыз.

Оқытудың ғылымилық ұстанымы. Қазақ тіліндегі грамматиканың ғылыми фактілердің, ережелер мен анықтамалардың оқытылуы ғылымилық ұстанымға жатады. Тілдегі ең негізгі деген мәліметтер, өзіндік белгілер мұғалімнің ой елегінен өткізіліп, оқушылардың жас ерекшелігі мен білім дәрежесіне сай сипатталып берілуі тиіс. Мектеп оқушыларына тек ғалымдар тарапынан зерттеліп, мақұлданған фактілерді ғана айтып, ғылыми мәліметтер ұсынылады. Тақырыпты оқушыларға түсіндіру барысында сол айтылып жатқан тақырып төңірегіндегі соңғы жаңалықтарды да айтып отыруды ескеру қажет.

Ғалым Ә. Исабаев оқушыларға берілер қазақ тіліндегі мәліметтер төмендегідей өлшемдерге сәйкес болуы қажет деп санайды:

- Қазақ тілінен берілер тақырыптың дәлдігі.
- Тілдік тақырыптардың өзіндік белгілерінің сараланып алынуы.
- Төменгі сыныпқа таза ғылыми атауымен атап, түсіндіруге болмайтындығын, оқушылардың жасына қарай білім берілуін қамтамасыз ету керек.
- Оқушылар тарапынан меңгерілетін нысанның термині анық болуы керек.
- Қазақ тілінен берілер ережелер анықтамасының нақтылығы.
- Тілдік тақырыптарға байланысты берілер практикалық дағдылардың көлемінің дәлдігі.

Қазақ тілін оқыту барысында мұғалім меңгертетін тақырыптың ғылыми жағынан, анықтамалар мен терминдерді, ғылыми фактілерді оқушылар жасына сай ұсынып отыруы тиіс. Сол кезде ғылыми ұстаным оқыту барысында жүзеге аспақ. Қандай ғылым салаларымен интеграция жасалса да, синтаксистің ғылыми негізі сақталады.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы. Бұл- синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту барысында оқушылардың шығармашылық ойлауына, саналы түрде өз бетімен білім алуларына, ережелерді жаттанды түрде жаттап алмай, саналы түрде меңгерулеріне жағдай жасайтын ұстаным. Қазақ тілі сабағында түрлі интерактивті әдістерді, жаттығу әдістерін қолдану оқушының белсенділігі мен саналы түрде мәліметтерді меңгеруіне мүмкіндік береді. Оқушының сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығы ашылған кезде ғана саналы түрде білім мен дағдыларды меңгертуге болады. Сабақ барысында мұғалім материалды айқын түсіндіріп, балаларға да не түсінгендері бойынша да сұрап отыруы қажет. Одан бөлек қазақ тілінен берілетін тапсырмалар мен материалдардың анық болуы, берілер дүниелердің әсерлі болуы, ұсынылған білімнің сапалы болуы, қайталау жұмыстарының жүйелі болуы берілер білім

мен дағдының беріктігін қамтамасыз етеді. Саналылық пен белсенділік арттыру ұстанымының заңдылықтарына сәйкес синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялау барысында оқушының ғылыми мәтіндермен танысуы, оларды түсініп, түсіне отырып, грамматиканы белсенді түрде меңгеруі, алған білімдерін өз өмірлерінде қолдана алатын функционалды тұлғалардың қалыптасуы жүзеге асады. Оқытудың саналылық пен белсенділік ұстанымын басшылыққа алу негізінде білім алушылар өз ойларының барысын шамалай алуға, басқа сыныптастарының пікірлерін тыңдай алуға, берілер ғылыми мәтіндер арқылы қоршаған ортадағы өзгерістер, құбылыстар мен жаңалықтардан хабардар болып, дүниетанымын кеңейтуге, әртүрлі заттарды салыстыра білуге жағдай жасайтын жаттығу жұмыстарын орындатуға болады.

Мысалы:

Әмияндарыңыздың цифрлы қауіпсіздігі

Интернет- кез келген дүниені іздеп тауып, әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдармен байланыс орнататын алаң ғана емес. Желіде алуан түрлі қаржылық операциялар жүріп жатады. Интернет арқылы тауарға тапсырыс беріп, коммуналды қызметтің төлемін жасап, жасылымды рәсімдеп, бір шоттан екінші шотқа ақша аударамыз. Алайда бұл қызметті алаяқтар да пайдаланады. Сондықтан да «ас ішер алдында қолды жуу» секілді «цифрлық гигиенаны» сақтағанымыз дұрыс.

Күмәнді сілтемелерге өтпеңіздер. Қымбат сыйлық немесе айрықша жеңілдік көрсететін сілтемелерге өтпеңіздер, оларды атақты тұлғалардың, абыройлы брендтердің атынан ұсынуы мүмкін. Дұрысы, осы компанияның ресми сайтына тауып алыңыз. Егер ол шынымен сыйлық таратып жатқан болса, ол туралы міндетті түрде бірінші парақшада жазылып тұрады.

«Банктен» хабарласқандарға сенбеңіз. Егер қоңырау шалған адам өзін банк қызметкерімін деп таныстырса, сіз оған ешқандай артық ақпарат бермеңіз. Банк картасының нөмірін, CVV-кодын айтпаңыз. Егер қоңырау шалған адам картаңыздан күмәнді аударылым жасалғанын жеткізіп, картаның өзіңізде екенін растау үшін СМС-кодты хабарлау керектігін айтса, бірден телефонды қойып, банкіңіздің ресми шұғыл желісіне хабарласыңыз.

Қысқа нөмірге СМС жолдамаңыз. Кино көріп, музыка тыңдап, ойынды жүктеп алу үшін қысқа нөмірге смс жолдамаңыз. Бұл үшін алаяқ сайттар өте жоғары төлем алады. Бұл сіздің сапалы ресурсқа ай сайын төлейтін сомаңыздан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін.

Бөтен адамдарға сеніп қалмаңыз. Интернет арқылы танысқан жаңа досыңыз сіз ойлағандай адам болмай шығуы мүмкін. Сіз ол адаммен аралассаңыз да, жеке ақпараттарыңызды бермеңіз. Виртуалды достарыңызды қонаққа шақырмаңыз, кездесуді тек қоғамдық орындарда тағайындаңыз. Жақындарыңызға кіммен және қайда кездесетінін хабарлаңыз [66, б. 63].

А) Берілген ғылыми мәтіндегі құрмалас сөйлемдердің қай түрі екенін көрсетіндер. Құрамындағы жай сөйлемдердің қалай байланысып тұрғанын, жай сөйлем түрлерін анықтаңдар. Ә) Сұрақтарға жауап беріңдер: «Цифрлық гигиена» дегенді қалай түсіндің? Алаяқтардан, ниеті теріс адамдардан сақтану мақсатында қолданып жүрген әлеуметтік желілерді (инстаграм, вк, тикток) қалай пайдаланған жөн? Олардан келер зиянның алдын алу шараларын атаңыз.

Сөйлемдерге синтаксистік, морфологиялық тұрғыдан талдау жасау арқылы, мәтінмен жұмыс істеп, сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылардың осы күнге дейінгі алған білімдерін синтездеуі саналы түрде білім алу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы. Оқушылардың қазақ тілінен алған теориялық білімдерін күнделікті өмірде қолдана алуы теорияны практикамен байланыстыру принципіне жатады. Мұғалімдер сабақ барысында тек тілдік материалдарды меңгертумен ғана шектелмей, сол меңгерілген дүниені іс жүзінде оқушылардың қолдана алуларына жағдай жасайтын тапсырмалар мен жаттығулар, әртүрлі дидактикалық әдістерді пайдалануы тиіс. Синтаксисті өзге ғылым салаларының мәтіндерімен интеграциялай отырып, осы ұстанымды басшылыққа алуымыз, болашақта балалардың түрлі конференцияларда ғылыми жобалар қорғауға, баяндамалар жасауға, сауатты өз ойын білдіріп, жүйелі жазуға жағдай жасайды. Тілден алған теориялық білімдерді ауызша, жазбаша мақсатта қолдана білулеріне, әртүрлі талдаулар жасауға бағытталған тапсырмалар беруге болады. Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымын басшылыққа ала отырып қатысымдық әдіс арқылы оқушыларға тапсырма жасатуға болады. Мысалы: Оқушыларды топқа бөліп, әр топ ғылыми конференцияда өз жобаларын қорғау тапсырмасы беріледі.

Балалар алдына кішігірім мәтін ұсынылады. Сол мәтін желісі бойынша, әр топ өздерінің баяндамаларын жасаулары тиіс.

Бүкіләлемдік көрмелер немесе «ЭКСПО» осымен бір жарым ғасырдан аса уақыттан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында олардың танымалдығы өте артты, тіпті, көрмелерді әлем чемпионаттарымен және Олимпиада ойындарымен салыстыратын болды. Сарапшылардың есептеуінше, 1851 жылы Лондонда алғашқы көрмені өткізгелі бері, «ЭКСПО»-ға бүкіл әлемнен миллиардтан аса адам келген. Жұртшылықты техникалық жаңалықтарды бірінші болып тамашалау мүмкіндігі қызықтырады. Дәл осы «ЭКСПО»-дан кейін телефон, рентген аппараты, сыдырма ілгек, балмұздаққа арналған вафлядан жасалған стақан, телехабар тарату, сенсорлық экран және т.б. дүниелер біздің күнделікті тұрмысымызға жол тартқан [67].

Тапсырма: 1. ЭКСПО-ға қатысып жатқан өнертапқыш ретінде өздерінің қандай өнертабыс ойлап тапқандарың жөнінде мәлімдеме жасауларың керек. Адамзатқа немесе табиғатымызға қандай пайдалары бар екендіктерін ескеріңдер. 2. Мәтіндеріңе синтаксистік талдау жасап, сөйлем түрлерін анықтаңдар.

Оқушылар жауабынан: Технологияның тез дамуы адамдардың қажеттіліктерін көбейте түсуде. Ғылымның дамуы, әр секунд сайын жаңа жаңалықтардың ашылуы, мәліметтердің көптігі адамдардың уақытты үнемді қолдануына алып келуде. Әйел заты жұмыс істеп те, бала қарап та, өзіне де қарап та үлгеруге тырысуда. Біздің жасаған жаңалығымыз да әйелдерге көмек ретінде болды. Азанымен бояну үшін ерте тұрып, балалары мен күйеулеріне тамағын беріп, өзі де жұмысқа шығып кететін әйел үшін біздің жасаған затымыз пайдалы болады. Себебі енді ерте тұрудың қажеті жоқ. Боянуға жіберетін кем дегенде жарты сағатын үнемдейтін жолды таптық. Ол- мейкап машина. Бұл құрылғыға әйел адам қалаған функциясын ендіріп, күндізгі, жеңіл не кешкі макияждар түрін таңдап, бетін қояды. Аппарат макияж түріне қарай 2-5 минуттың ішінде бояндырып береді. Аппаратта қолданылатын косметикалар табиғи және де аллергия тудырмайды. Мейкап машинамыз түрлі зерттеулер мен тәжірибелерден толықтай өткен.

Оқушылардың танымдық мотивациясын қалыптастыру ұстанымы. Бұл ұстанымның басты мақсаты оқушыларды танымдық әрі шығармашылық тұрғыдан белсенділігін арттыру болып табылады. Әртүрлі бағыттағы тапсырмалар мен жұмыстар арқылы оқушылардың ғылыми-теориялық түсінік жүйесін қалыптастыру көзделеді. Оқушыға берілер мәтіндер мен тапсырмалар пән мазмұнына сәйкес болуы танымдық ұстанымға сай келеді. Сабақ барысында тілдік қарым-қатынас мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы формасымен жүзеге асып отырады. Оқушылардың танымдық мотивациясын қалыптастыру мақсатында түрлі ойын әдістерін қолдануға болады.

Мысалыға балаларды топқа бөле отырып, бір сипаттама үшін сурет беріледі. Әр топтан сурет салатын бір бала шығады. Қалған топ мүшелері суретті тек атаулы сөйлеммен сипаттап жазып, сурет салатын сыныптасына түсіндіреді. Соңында суретті сыныпқа көрсетіп түпнұсқадағы суретпен салыстыра отырып, оқушылар бір-бірінің суреттеріне баға береді. Мұғалім де атаулы сөйлеммен ғана сипаттауларын қадағалап отырады.

Оқушылардың психикалық дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымы.

Қазақ тілінен теориялық әрі практикалық дағдыларды меңгерту барысында әр оқушының барлық қасиеттерін психологиялық әрі педагогикалық тұрғыдан зерделеуге жағдай жасайтын ұстаным. Кез келген білім меңгерту барысында оқушының оқуға икемділігі, зейіні мен дайындығы міндетті түрде ескеріліп отырады. Мұғалім әр баланың өткен тақырыпты қалай меңгергендігін, жаңа тақырып қаншалықты оқушыларға түсінікті болғандығын тапсырмалар беру арқылы, жеке-жеке әр оқушымен жұмыс істеу арқылы бақылап, пайымдап отырады. Баяу қабылдайтын балалармен қосымша тапсырмалар беру арқылы, қабылдау дәрежелеріне сай жаттығулар жасатуы керек. Жақсы меңгерген оқушыларға бөлек қиындау тапсырмалар беріп отыруы қажет. Бұл ұстаным оқушылардың сабаққа деген ынтасының

ашылуына, қабылдауына қарай тапсырмалардың берілуі арқылы өздеріне деген сенімдерінің артуына себеп болады.

Мысалы: мұғалімнің анықтауымен әр сыныпта баяу қабылдайтын, орта топ, жоғарғы топ оқушыларына тапсырмаларын жасау.

1-деңгей тапсырмасы. Төмендегі кестеде (Кесте 1) берілген сөйлемдерді мағынасына қарай жұптастырып, құрмалас сөйлем құрастырындар. Құрмалас қай түріне жататынын дәлелдендер.

1.3 1-кесте.

Жалғасын тап

| | |
|--|--|
| Аюлар қыста жазға қарағанда ұзағырақ ұйықтайды, ... | ...қасіреті қалың жұмыр Жерді күл-қоқыс қоймасына айналдырып алмау жолында жанталаса қарекет жасап жатыр |
| Бүкіл өркениетті әлем қоршаған ортасын қорғап, ... | ...себебі аяқтары өте әлсіз болады. |
| Хайперлуп жобасы жүзеге асатын болса, ... | ... кейде жәндіктермен қоректенеді |
| Колибри құсы жерде жүре алмайды, ... | ...бірақ бұны терең ұйқы деуге келмес. |
| Колибри құсы кейде гүл шырындарымен қоректенеді, ... | ...адам және жүк тасымалы саласында үлкен төңкеріс болады. |

2-деңгей тапсырмасы.

Мен өзімді қатты жақсы көремін. Сыйлаймын. Өзімді өзім сыйлап, жақсы көретін адам ретінде мен үшін күн сайын «Өз уақытыммен» қалғаным өте маңызды. Тіпті ауадай қажет. Сол өзіммен өзім тыныштықта қалатын күн сайынғы кемінде бір-екі сағат уақыт үшін қалған тірліктің барлығын шыр айнала орындап, билеп жүріп істеуге әзірмін. Мен өз уақытыммен кездеспесем, арнайы уақыт арнамасам, өзін жоғалтқан қуыс кеудедей өзімді біртүрлі сезіне бастаймын.

... Біздің табиғатымызға беруді, бөлісуді, жарылқауды, жылытуды, бүтіндеуді салып берген Жаратушымыз. Барымызды айналамызға үлестіріп беріп, өзіміз сарқылып қалмас үшін қайта қуаттануымыз қажет. Мұның барлығы тыныш ұйқы, әдемі әуен, мағыналы кино көру, пайдалы кітап оқу, құрбыңмен не ұстазыңмен кездесу, жай өзіңнің аймағыңда тыныштықты тыңдап отыру секілді бізді рухани кемелдікке жеткізетін амалдар арқылы іске асады. Өзіңізге уақыт арнаңыз, уақытыңызды пайдалы өткізіңіз. [68, б. 89].

Тапсырма: А) Мәтінді түсініп оқып, құрмалас сөйлемдерді табындар, қай түріне жататынын түсіндіріңдер. Ә) «Өз уақытым» деген ұғымды қалай түсіндіңдер? Бұл дүние не үшін маңызды? «Өз уақыттарыңа» қанша уақыт бөліп, қалай өткізесіңдер?

3-деңгей тапсырмасы. А) Берілген мәтінді түсініп оқып, құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажыратыңдар. Морфологиялық талдау жасаңдар. Ә) Мәтіндегі көп нүктенің орнын өз ойларыңмен толтырыңдар Б) «Өмір-бумеранг» тақырыбында қысқаша ойларыңды жазып, пайымдандар.

Бір кедей адам күнделікті әйелі дайындаған бауырсақты бір келіден өлшеп, базарға апарып сатып күнелтеді екен. Бір күні базардағы дүкен иесі әлгі кедейден бір келі бауырсақ сатып алыпты. Кедей кеткен соң бауырсақты таразыға салып өлшесе, тұп-тура жүз грамм кем екен. Бұған ашуланған дүкен иесі ертеңінде базарда жүрген кедейді ұстап алып, елдің көзінше жерден алып, жерге салады. «Сен мені неге алдайсың? Бауырсағыңнан бір келіге толмайды», – алаяқтығын әшкерелемек болады. Сонда кедей төмен қарап : «.....», – депті. Бай не дерін білмей, ұялып қалыпты. (Интернет желісінен алынды)

Сатылап даму ұстанымы. Бұл ұстаным бойынша мұғалім мен оқушының тіке байланысы да, оқушылардың мәлімет қабылдау ерекшелігін ескеруде де, сөйлеуге, жазуға үйрету барысындағы тапсырмалары да бірте-бірте жеңілден ауырға, аздан көпке, қарапайымнан күрделіге өзгеріп, сатылап даму үстінде болады. Тек жана тақырып өткенде ғана қолданбай, тапсырма орындату барысында, тақырыптарды қайталау кезінде, үй тапсырмаларын беруде сатылап даму ұстанымы іске асады. Бұл ұстаным бойынша балаларға берілер дағды мен білім жеңілден ауырға, оңайдан қиынға қарай дамытылып берілуі тиіс.

Берілген бағдарламаны оңай қыламын деп, мұғалім тым жеңіл дүниелерді ғана орындатып, сабақ тақырыптарына үстірт қарамауы тиіс. Бұл ұстаным өз жемісін беріп, нәтижелі болуы үшін мұғалім сабағын тартымды әрі қызықты етіп өткізуі тиіс. Тапсырмалардың деңгейі жеңіл жаттығулардан бастап шығармашылық жеке не топтық жұмыстарға ұласып отыруы мүмкін.

Оңайдан күрделіге бағытталған жаңа инновациялық үрдістегі «Бес жолды өлең» (Синквейн) стратегиясын орындатуға болады. Балаларға мәтін беріледі. Сол мәтіннің кілт сөздерін тауып, бес жолдан тұратын тапсырманы орындату керек. Бірінші жолда зат есімнен тұратын түйін, кілт сөз жазылады. Екінші жолда бірінші жолдағы сөзді сипаттайтын екі сын есім сөз жазылады. Үшінші жолда берілген бірінші түйін сөздің қимылын білдірер үш етістік жазылады. Төртінші жолда бірінші жолдағы кілт сөздің қимылын білдірер төрт сөзден тұратын тіркес жазылуы керек. Бесінші жолда алғашқы кілт сөздің синонимі берілуі тиіс.

Күн жерге шамамен 150 млн км қашықтықта орналасқан. Күн сонша қашықтықта орналасса да, ол – Жерге ең жақын жұлдыз. Жасы шамамен 4,6 млрд жыл және шамамен осынша жыл өмірі қалды. Ол – Жердегі тіршіліктің көзі, өйткені ол жылу мен жарық береді. Сонымен бірге, ол – Күн жүйесінің энергия көзі.

Күн бетінің температурасы шамамен 6000С, ал ортасының температурасы ең кемі 15 000 000 С. Салмағы барлық галамшарлардың жалпы салмағынан 743 есе, ал Жер массасынан 333 000 есе ауыр [69, б. 8].

Оқушылардың жасаған нұсқалары:

1)Күн

Ыстық, жарық

Жылытады, жарықтандырады, ысытады

Күн әлемге жарық береді

Жұлдыз

2)Күн

Сары, дөңгелек

Қыздырады, сәулелендіреді, жылытады

Күн бізге жылу береді

Шуак

2-тапсырма. *Ол – Жердегі тіршіліктің көзі, өйткені ол жылу мен жарық береді. (салдар мәнді салаласты себеп мәнді салаласқа айналдыр) Күн сонша қашықтықта орналасса да, ол – Жерге ең жақын жұлдыз. (қарсылықты бағыныңқыны қарсылықты салаласқа өзгерт) Ол – Жердегі тіршіліктің көзі, өйткені ол жылу мен жарық береді. (себеп-салдар салаластысебеп бағыныңқыға айналдыр)*

Оқушылардың өз бетімен іздене білу ұстанымы. Оқушының өз бетінше білім алуы, ізденуі, еңбек етуі бұл да, қазіргі біліммен бәсекелесетін заманда игерілуі керек қасиет әрі дағдылар болып табылады. Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялау барысында оқушылардың өз бетімен іздене білу ұстанымын басшылыққа алу арқылы оқушылардың шығармашылық дәрежесін шыңдап, өз бетімен білім алуына, ойлауына, қиялына ерік беруіне жағдай жасаймыз. Соның бірі оқушыларға өздік жұмысын істету. Өздік жұмысына арнайы мұғалім уақыт беріп, мұғалімнің басшылығымен, алайда көмегінсіз оқушының өз бетімен жасалатын жұмыс. Оқушы тапсырмада берілген мәселеге ақылын, білімін, ерік-күшін қолдана отырып, шешеді, осылайша нәтижеге де қол жеткізеді. Ең бастысы, мұғалім қызықтыра отырып тапсырманы қабілетіне, жасына, біліміне қарай беруі тиіс. Бұндай тапсырмалар тек баланың өз бетінше ізденуіне ғана себеп болмай, өзіне деген сенімінің де қалыптасуына тікелей көмектеседі. Тағы бір тапсырма түрі шығармашылық жұмыстары. Бұл жерде де әр оқушы жеке дара шығармашылық жұмыспен айналысады. Қазақ тілі сабағында тілдерін дамыту мақсатында- шығарма, әңгіме, ертегі жазу, не әңгіменің басын бастап, сонын өздерің аяқтандар , болмаса, бір видео көрсетіп, дауысын өшіріп тастап, өздерің дубляж жасаңдар деген тапсырмалар беруге болады. Бұндай шығармашылық жұмыстар да дәстүрлі оқудан жалыққан оқушыларға өте қызық келеді. Қызыққан соң да өз бетімен ізденіп, ойлана алу дағдысын да бірте –бірте қалыптастырары хақ.

Жоба негізінде оқыту әдісін қолдану. «Әкімге хат жаз» жобасын орындатуға болады. Топқа бөліп балаларды, өз аймақтарындағы үлкенді-кішілі проблемаларды табуды тапсырады. Оқушылар топ болып, ізденіп, тауып, шешімін қарастыруы тиіс. Әкімге хат жазуды ұсынамын. Мысалы бұны

стильдерді өткенде қолдануға болады. Ресми стильде мәселені әкімге жеткізуді үйренеді.

Жалпы оқушы бойындағы өз бетінше оқу, іздену дағдысын қалыптастыру үшін мұғалімнің тапқырлығы, шығармашыл болуы өте маңызды. Бала сабаққа қызықса, бұл дағдыларды қалыптастыру да оңайға соқпақ.

Жобалау әдісі бойынша тапсырма. А) Төмендегі мәтінді оқып, 2-3 жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырындар. Ә) Қиялыңа ерік беріп, ерекше ту ойлап тап. Туыңда қолданған түстер мен бейнелердің мәнін аш.

Әр елдің байрағы оның елдігінің, тәуелсіздігінің белгісі іспеттес. Біз әдетте туда елдің тарихы мен дүниетанымын, салт-дәстүрі мен өмірлік философиясын аңғаруға тырысамыз. Ал кейде тудағы символ мүлдем басқа мағынаны береді. Қайсыбірі тіпті қызық...

Жалпы, туған тарихи деректер мен сол елдің географиялық орны, экономикалық көрсеткіштері, діні немесе этникалық факторларға байланысты түрлі элементтер мен түстер қолданылған. Бүгінгі біздің топтамамыз қызықты тарихы бар туларға арналады.



1.3 1-сурет. Кипр елі.

Кипр елінің туы (1-сурет) ақ фонға республиканың жер көлемі жез түстес етіп салынуымен ерекшеленеді. Неге жез түсі? Себебі, осы аралда б.з.д үш мыңжылдықта жез кені табылған. Химиялық элементтің *Cyprum* (латынша) атауы осы Кипр аралының атымен байланысты қойылған. Ал контурдан кейінгі зәйтүн ағашының екі бұтағы республикада өмір сүріп жатқан грек-киприоттар мен түрік-киприоттардан хабар береді.



1.3 2-сурет. Бразилия елі.

Бразилия елінің негізі түсі ретінде жасыл түс таңдалған. Ал ортасында дөңгелек келген жұлдызды аспан бейнеленген сары ромб бар. Жұлдызды аспанды 1889 жылдың 15 қарашасындағы әскери төңкерілістен соң, Бразилия республика болып жарияланған оқиғамен байланыстырады. Яғни, сол күні аспан тұп-тұнық жұлдызға толы болып тұрған.

Ал ондағы жұлдыздар саны да кездейсоқ емес. Олардың жалпы саны – 27. Бұл осы елдегі штаттардың санымен байланысты [70].

Оқушы жауабынан:



Бұл ту (3-сурет) үш түстен тұрады. Қызыл, қара және ақ. Ал дәл ортасында әлем бойынша сәттілік әкелушінің белгісі саналатын қанқыздың бейнесі бар. Арт жағындағы ақ түс бейбітшілікті білдіреді. Елдегі бірлік пен татулықтың айғағындай. Қанқыздың үстінде бес дөңгелек бейнеленген. Елде үнемі бес керемет орнасын деген шынайы ниеттен туындаған. Олар: сәттілік, тыныштық, жақсылық, бейбітшілік пен бірлік.

1.3 3-сурет. Оқушы жауабы

Қорыта келе, синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту барысында жоғарыда аталған ұстанымдар басшылыққа алына отырып оқыту, тәрбиелеу жұмыстарын нақты бір мақсатқа негіздей отырып ұйымдастыру оқушылардың тақырыпты жүйелі түрде, белсене араласып, өз беттерімен саналы түрде меңгерулеріне, мұғалімдердің де іс-әрекеттерінің ұдайы жоспарлы түрде өтуіне себеп болады.

2 МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес синтаксисті интеграциялай оқытудың әдіс-тәсілдері

Синтаксисті оқытуда білім алушыларды жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында төмендегідей ғылымдармен интеграциялау тиімді деп қарастырылды. (Сызба 1)

2.1 Сызба 1.

Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялау




Синтаксисті жоғарыда көрсетілген ғылым салаларымен интеграциялай отырып оқыту оқушының қазіргі таңдағы өзекті болған ғылым салаларынан хабардар болуына, болашақта мамандық таңдауына, мектеп бағдарламасынан тыс ақпараттарды игеріп, дүниетаным көкжиегін кеңейтуіне, алған білімін өз қажеттілігіне пайдаланып, дұрыс сөз саптап, сауатты жаза алуына өз ықпалын тигізеді. Ғылым салаларын интеграциялау арқылы тек грамматикалық білімін бекітіп қана қоймай, экономика саласынан хабардар етіп, оқушының қаржылық сауаттылығын арттыру, философия ғылымын интеграциялау арқылы ойлана алу, берілген мәліметтерді дұрыс пайымдап, өз өміріне жауапкершілікпен қарай алу дағдысын қалыптастыру, экологиялық білімін арттырып, табиғатқа жанашырлықпен қарауды, әлеуметтік салада проблемалық сауалдарға жауап іздеп, сыни тұрғыдан ойлана алуды, жаңадан қалыптасқан нутрициология ғылымы арқылы дұрыс тамақтану, дұрыс витаминдерді қабылдау, адам денсаулығына пайдалы тағамдардан хабардар болып, денсаулыққа көңіл бөлудің өзі үлкен жауапкершілік екенін түсіндіру,

технологиядан хабардар болып, шығармашылық дағдыларын арттыру секілді дүниелерді дамыту мақсат етіледі. Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялауда қол жеткізетін нәтижелер төмендегі 2-сызбада көрсетілген.

2.1 Сызба 2.

Күтілетін нәтижелер



Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту барысында көптеген оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қолданылады. Синтаксисті интеграциялай оқыту үшін ең тиімді деген төмендегідей әдістер топтастырылып қарастырылды. Олар: Жаттығу әдісі, қатысымдық әдіс, интерактивтік әдістер, салыстыру әдісі, проблемалық әдіс, жобалау әдісі.

Жаттығу әдісі.

Жаттығу жұмысы- білімді бекіту, пысықтау, іскерлік пен дағдыға, теориялық ойлауға қалыптастырады [71, б. 161]. Оқушылардың синтаксисті теориялық тұрғыдан жақсы меңгеруі- болашақта ана тілінде дұрыс жазып әрі дұрыс сөз саптай алуының алғышарты. Берілген жаңа мәліметтерді оқушы санасына бекіту мақсатында жаттығу әдісінің бірнеше түрімен ұштастыра отырып үйрету, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне, жаңа дүниелерді санасына жинақтауға жол ашады.

Жаттығу жұмыстарына қойылатын ең негізгі талаптарға тоқталып өтсек: оқушылар орындайтын жаттығу жұмыстары оқушыларға қызықты әрі ой саларлықтай дүние болуы тиіс; жаттығу, жазба жұмыстары оқушылардың дүниетанымы мен тіл байлығын дамытуға жағдай жасауы керек; жаттығудың білімдік мәні болуы тиіс. Оқушыларға сапалы білім меңгертуді қамтамасыз етуі керек; Жаттығу орындау арқылы оқушыны өздігінен білім алуға, өз бетінше ойланып, пайымдай алуға итермелеуі керек.

Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту әдіс-тәсілдері үшін жаттығулар, тапсырмалар мен ойын түрлерінің төменде көрсетілген түрлері таңдалып, тәжірибе жасалынды.

Жаттығулар: аналитикалық және логикалық

Тапсырмалар: танымдық

Ойындар: тапқырлық.

Аналитикалық жаттығулар оқушылардың құрмалас сөйлемдер туралы білімдерін нығайтады. Бұндай жаттығуларда талдау басым болғандықтан, оқушылар құрмалас сөйлемдердің бір-бірінен ерекшелігін көрсетіп, теориялық білімдерін толықтыра түседі. Құрмалас сөйлемді өзге ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың нәтижесінде оқушылар жалаң білім алып қана қоймай, игерген мәліметтерді өз өмірлерінде қолдана алу дағдыларын да қалыптастырады.

Логикалық жаттығулар

Жас ерекшелігіне сай құрастырылған логикалық тапсырмалар, оқушылардың теориялық білімінің кеңейе түсуіне, оны практикада қолдануына, ойланып, ізденіп өздігінен жұмыс жасауына, сонымен қатар интеллектуалдық деңгейін жоғарылатуға ықпал етеді. Сондықтан да мұғалім оқушыларға ойланып оқуға бағыттайтын тапсырмалар мен жаттығулар түрін беріп отыруы керек.

Танымдық тапсырмалар оқушының дүниетанымын кеңейтуді, сана-сезімін оятуды әрі ақыл-ой белсенділігін өрістетуді мақсат етеді. Танымдық тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың шығармашылық дағдысы мен ынта-жігерінің қалыптасуына әсер етеді.

Танымдық тапсырмаларды оқушылардың ізденіс бағытына немесе сипаттау бағытына бағыттай отырып жүргізуге болады. Ізденіс бағытында оқушылардың тапсырма орындау барысында қажетті деректерді ізденуі, мәліметтерді жинай отырып орындауы жатады. Сипаттау бағытында берілген тапсырма бойынша сұрақтар дайындалып, оқушылар сол сұрақтарға жауап іздеу арқылы орындайды.

Дидактикалық ойындардың маңызы туралы Платон, Я.Коменский, Дж. Локк, Ж.Ж.Руссо, М.Монтессори, К.Ушинский, Л.Толстой секілді философ, ойшыл, ғалымдар т.б. өз еңбектерінде атап өткен. Дидактикалық ойындар баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, сабақ үстінде сергіп қалуына, беріліп жатқан білімнің тез игерілуіне, логикалық қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды. Ойын бала психикасына саналы өзгерістер тудырып, ойлау-қиялдау қабілеттерінің дамуына жол ашады. Ойын түрлері синтаксисті меңгертуде күнделікті жұмыспен қатар білім алушылардың шығармашылық ізденісін шыңдап, білімді меңгертуді қызықты ететін оқытудағы ұтымды жолдардың бірі болып табылады. Дидактикалық ойындарды ойнату арқылы оқушылардың ауызша сөйлеу тілі мен ойлау дағдысы шыңдалады. Интеллектуалдық қабілеттерін дамытып қана қоймай, сыныптастарымен бірге ұжым болып қызмет етуге, өзін өзгелердің алдында еркін ұстауға, өз пікірін айтуға үйретеді.

Әдіскер ғалым Е.И.Тихеева дидактикалық ойындар оқушының түсініп, пайымдауына қиын соғатын дүниелерді оңай жолмен берудің бір түрі деп есептеген. Сонымен қатар алдына ұсынылған мәселені шешу жолында білім алушының логикалық ойлау дағдысы, анализ жасау мен синтездеуді, бірнеше

дүниелерді тоғыстыра отырып, ойлана алуды үйретіп, дамытады. Дидактикалық ойындардың құндылығын оқушының сырттай бақылау арқылы алдына берілген шешімін табу керек мәселе туралы пайымдау арқылы, ой-өрісі мен айтылым дағдысы, өз пікірін жеткізуде, дәлелдеуде дұрыс сөз саптау қабілетінің де дамитындығында екендігін ескерген.

Ойын әдісін балалардың тек көңілін көтеруге арналған құрал ретінде ғана пайдалануға болмайды. Әр сабақ сайын ойын ойнатып, оқушылардың қызығушылығын түсіріп алмау қажет.

Дидактикалық ойындар әдісін қайталау сабақтарында, қорыту, тексеру сабақтарында пайдалануға болады. Оқушының белсенділігін арттыру мақсатында мұғалімнің таңдаған әдістері негізінде педагогикалық ортаны қалыптастыру қажет. Ойын арқылы сабақты қызықты өткізіп қана қоймай, оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, сыныптастарымен тіл табысуға үйретеді.

Жұмыс барысында дидактикалық ойынның бірнеше түрі қарастырылып, мысал ретінде тапқырлық ойын түрі алынды.

Қатысымдық әдіс

Тілді үйрету қазіргі таңда қолданбалы сипатқа ие болып отыр. Тек теорияны үйретіп қана қоймай, практика жүзінде қолдану басшылыққа алынуда. Қатысымдық әдісті арнайы қарастырған зерттеуші Е.И. Пассовтың айтуынша, бұл әдісті мұғалімнің сабақ барысында өз орнымен қолдануы, тапсырмалардың жүйелі берілуі үйретуші мен үйренушілердің бір-бірімен қарым-қатынас жасай алуына жағдай жасайды [72, б. 36]. Бұдан түйетініміз сабақта тек теорияны үйретіп қана қоймай, оқушылар қарым-қатынас құру арқылы, еркін түрде өз ойларын жеткізе алуы арқылы қатысымдық әдіс орын алуы керек.

Қатысымдық әдіс -білім алушы мен берушінің арасындағы қарым-қатынас арқылы іске асатын, оқушының дұрыс сөз саптауын қалыптастыратын әрі тілді қарым-қатынас құралы ретінде жүзеге асыратын әдіс түрі.

Қатысымдық әдіс дұрыс жазу, дұрыс айту дағдыларын дамытып, тілдің грамматикасын да игеруге себеп болады. Қарым-қатынас барысында дұрыс сөз саптау мен грамматикалық ережелерді орнымен қолдана білуге үйретеді.

Тілші ғалым Ф. Оразбаева тілдік қатынас сабақ барысында үш түрлі жолмен жүзеге асады деп көрсетеді. Олар төмендегідей:

1. Жұптық
2. Топтық
3. Ұжымдық

Жұптық оқытуда қарым-қатынасқа екі оқушы түседі. Алдарына берілген тапсырманы диалогтың негізінде орындап, екеуара тапсырманы талдап, жүйелеп, бір-бірінің сұрақтарына жауап беру арқылы жүзеге асады. Тапсырма екі адамға берілгендіктен, бұндай жұптық қалыпта ешкім жұмыстан тысқары қалмауға тырысады. *Топтық қалыпта* сынып шағын 4-5 адамнан тұратын топтарға бөлініп, бір оқушы бірден бірнеше адаммен тілдік қарым-қатынасқа

түсіп, өзгенің ойын тыңдауға бейімделеді. Өзгелермен ақылдаса отырып, мәселелердің шешімін табуға тырысады. Топтық жұмыстың бір ерекшелігі тапсырма барысында әртүрлі пікірдің бір жерде тоғысып, оқушылар сол пікірлерді бір арнаға синтездейді. Бұндай топтық қалыпта оқушылар өз ойларын белсене айтуға тырысып бағады, тапсырманы барынша жасап, өз тәжірибесімен бөліседі.

Ұжымдық қалып. Үйренудің бұл қалпында жұптық және топтық қалыптар біріктіріліп, қарым-қатынас процесі сыныптағы бүкіл оқушылармен де, екі оқушы арасында да жүріп отырады.

Ғалым Ф. Оразбаева: «Тіл үйренудің ұжымдық формасы дегеніміз үйренушінің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұхбаттасу арқылы олардың екеуара бірін-бірі үйретуі, оқытуы, адамдардың бірінен екіншісінің үйренуі, пікір алмасуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел қамтылып, әрі жұптық, әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы», - деген анықтама береді [73, б. 150].

Ұжымдық қалыпта сабақ сұхбаттасу арқылы игеріледі. Сыныптағы оқушылар бір-бірімен сұхбат құрып, пікір алмасып, сұхбат құру арқылы рөлге ене отырып, мәтіндерді оқытқызу, сұхбат жасау арқылы мәтіндер құрастыру немесе ойын сабақтары оқушының сабақ барысында өзін емін-еркін сезініп, ішкі күйін сыртқа шығарып, сезімдерімен бөлісіп, білімді игеруіне себеп болады.

Интерактивтік әдіс. Ағылшын тілінің «interactive» сөзінен шыққан термин «өзара әрекеттесу, әрекет жасау» деген мағынаны береді. Заман талабы қоғамда өзге адамдармен еркін байланыс орнатып, өз ойын ашық жеткізе алатын тұлғаны қалыптастыру болса, сабақ үстінде интербелсенді әдіс арқылы жоғарыда атап өткен дағдыны қалыптастыруға қол жеткізе аламыз. Дәстүрлі сабақтан мезі болған мұғалім де, оқушы да интербелсенді әдіс арқылы білімі мен дағдыларын шыңдап, пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі. Интербелсенді әдісте «білім беру, меңгерту» деген түсініктердің орнына «білім аламын, меңгеремін» деген түсінік қалыптасады. Білім игеру процесінде негізгі рөлде мұғалім емес, оқушы болады. Мұғалім мен оқушы, оқушы мен қасындағы сыныптасының арасындағы байланысқа құрылатын қарым-қатынаста ұстаз бағыттаушы рөлін атқарады.

Педагогика ғылымында ғалымдар тарапынан адамның мәлімет пен білімді сөз арқылы естігеннен гөрі, білгенін өзгелермен әрекеттесе отырып тәжірибеде қолданғанда ғана жадында ұзақ сақталатындығы дәлелденген.

«Адам тек өз қолымен жасағанды жадында сақтап, осы әрекеттерінің негізінде туындаған білік пен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады. Сондықтан да әр сабақта үйренушілер бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқаруы керек: ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру [74, б. 13].

Интербелсенді әдісті негізге ала отырып, синтаксисті өзге ғылым салаларының мәтіндерімен интеграциялай оқытуды ұштастырсақ, бала төмендегідей машықтар мен дағдыларға, қасиеттерге үйренеді:

Ойлана алу, пайымдай алу;
Өз көзқарасының қалыптасуы;
Өзінің айтар ойын жүйелеп, көпшілік алдына ұсына алу;
Ақпаратты түсінік, түсініп оны өмірге қолдануға бейімдей алу;
Өзгелердің пікірімен санаса білу, тыңдай білу;
Ортақ жұмыс жасай алу
Өзгелермен сыйласа отырып, әрекеттесу

Бұндай білік пен дағдылар сабақта ғана орын алмай, өмірінің өзге де қырларында көрініс табады.

Қазіргі таңда дидактика ілімінде оқытудың интерактив әдістеріне мыналарды жатқызып жүр: пікірсайыс (дискуссия, дебат) әдісі; ми шабуылы («мозговой штурм»); эвристикалық немесе «Сократ» әдісі; «деңгелек үстел» әдісі; іскерлік, рөлдік ойындар және т.б. Бұл әдістің негізгі мақсаты - оқу процесінің барлық сатысында бірлескен әрекетке жағдай жасау. Әр оқушы жеке тапсырмамен жұмыс істей отырып, топ мүддесін ойлауға үйренеді. Әрқайсысы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады. Синтаксисті оқытуда пікірсайыстардың, логикалық жаттығулардың орны ерекше [75].

Проблемалық әдіс

Проблемалық оқытудың қалыптасуы дайындық кезеңі және негізгі кезеңді қамтиды. Проблемалық оқытудың қалыптасуының дайындық кезеңі оқытуды жандандыру идеяларының пайда болуынан және дамуынан басталады (Сократтың, Ж.-Ж. Руссо, И. г. Песталоцци, а. ф. Дистерверг, К. Д. Ушинский, Я. А. Коменский және т. б.). 19-20 ғ.ғ. бастап оқытуды жандандыру идеясының негізінде оқушылардың білімді игерудегі танымдық еркіндігін дамыту әдістеріне негізделген зерттеу әдісі қалыптаса бастайды (А. Я. Герд, г. Э. Амстронг, а.п. Пинкевич, Б. Е. Райков және т. б.). 20-ғасырдың бірінші жартысында оқытуды жандандыру идеялары мен зерттеу әдісі негізінде проблемаларды шешу арқылы оқыту идеялары қалыптаса бастайды (Дж. Дьюи, Дж. Брунер, в. Килпатрик және т.б.). Осылайша, 20- ғасырдың бірінші жартысында шығармашылық белсенділікті зерттеу аясында көптеген авторлар "проблемалық оқыту" ұғымымен байланыстыратын оқыту атауы пайда болды.

Проблемалық оқытудың тиімділігі мен оқушылардың тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқаратындығы турасында дидактик ғалым И. Махмутовтың еңбектері мен болжамдары педагогикалық практикамен расталды. Дидактик ғалым өз еңбегінде бұл әдіске проблемалық-дамытушылық деген атау береді. Проблемалық-дамытушылық оқыту теориясы білім алушылардың ойлау қызметін жандандыруға, шығармашылық ойлауды дамытуға, білім беру мазмұнын игеруге ықпал ететіндігін өз еңбегінде дәлелдеп кетеді.

Әдістің басты ерекшеліктерінің бірі білім дайын күйінде берілмей, оқыту барысында проблемалық сұрақтар мен жағдайлар тудырып, білім алушының ізденістері арқылы берілген білімнің жауабын табуы. Проблемалық жағдайлар тудыру арқылы, әртүрлі сұрақтар сұрау арқылы

баланың өзі ойланып, шешімін табуына жағдай жасау үшін мұғалімнің шеберлігі, тәжірибесі әрі шығармашылық дағдысы мен білімі шыңдалған болуы керек.

Проблемалық әдіс- проблемалық жағдаяттардың туындауынан, оқушылардың сұрақты шешу мақсатында ізденімпаздық әрі танымдық белсенділіктерінің жоғары болуынан тұратын оқыту процесі [76, б. 68].

Проблемалық әдісті зерттеуші И.Махмутов бұл әдіспен оқыту үшін төмендегідей шарттардың болуы керектігін айтып өтеді:

- Оқу материалын маңызды әрі өзекті ету
- Проблемалық жағдай тудыру
- Дұрыс тапсырмалардың болуы
- Берілген проблеманың шешілуі мен тексерілуі

Синтаксисті өзге ғылым салаларының мәтіндерімен интеграциялай оқыту барысында бұл әдісті қолдану оқушыларға не береді деген сұраққа жауап тапсақ. Бұл әдісті қолдану арқылы оқушыларға мына дағдыларды қалыптастырамыз:

Талдай алу дағдысы. Берілген мәліметті талдау, өзекті мәселені таба алу, нақты ойлана алу;

Практикалық дағдылар. Оқушының функционалды сауаттылығын арттыру, алған білімін өз өмірінде қолдана алу;

Коммуникативтік дағды. Пікірталасқа еркін түсе алу, өз ойын дәлелдеп, өзгені сендіре алу, өзінің пікірін қорғау;

Әлеуметтік дағды. Дискуссия барысында өзгенің пікіріне сыйластықпен қарай алу, өзінің көзқарасын ашық айта білу;

Шығармашылық дағды. Логикалық жолмен шешілмеген проблеманы, шығармашылық дағдысын қолдана отырып шешім табу;

Проблемалық оқыту әдістері мен жолдары 3 деңгейге бөлінеді.

Бірінші – оқу материалын немесе теориялық ұғымды білім алушыға проблемалы түрде ұсыну. Мұғалімнің бағыт-бағдары арқылы оқушы нәтиже шығару, мәселені шешу.

Екінші – мұғалім проблема мен шешудің міндеттерінің көрсетілуі. Білім беруші мен алушының бірлесе отырып мәселені шешуі.

Үшінші- екі жақтап проблеманы ортаға қоя білу мен шешу жолдарын да бірге қарастыру.

Жобалау әдісі

Синтаксисті басқа ғылым салалармен интеграциялай оқыту барысында оқушылардың әртүрлі дағдылары жобалау әдісі бойынша дами түседі. Себебі жобалау арқылы оқытуда оқушы алған білімін өзге мәліметтермен жинақтай, біріктіре отырып, керекті ақпаратты іріктеп, ұйымдастырып, жинаған білімін өзгеге таныстырады, практикамен ұштастырады.

Бұл әдіс өз нәтижесінде прагматикалық бағытты ұстанады. Оқушы жобалау әдісі арқылы алдына берілген мәселені шешу арқылы жинақтаған білімін өз өмірінде қолдана алу дағдысын қалыптастырады. Балалардың бұндай нәтижеге қол жеткізулері үшін оларды өз бетімен ойлана білуге, жоба

жасау барысында басқа саладағы жинаған білімдерін ұштастыра білуге, нәтижені болжай білуге, өзге сыныптастарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істей білуге баулу керек.

Ғалым Е.С. Полат жобалау әдісін әрекет түріне қарай төмендегідей түрлерге бөліп көрсетеді:[77, б. 62-65]

- Зерттеушілік
- Шығармашылық
- Ойын түріндегі жоба
- Ақпараттық
- Қолданбалы

Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай отырып балалардың бойында шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында шығармашылық жобалау әдісін алып оқытуға болады. Шығармашылық жобалауда оқушылардан біріге жұмыс істеу әрі алдарына қойылған мәселені шығармашылық жолмен шешу талап етіледі. Ортақ мәселені шешу жолын видео жасау арқылы, мақала жазу, презентация қорғау, шығарма жазу т.б. дүниелермен көрсетуге болады.

Салыстыру әдісі

Бұл әдісте оқушылар сабақтағы өтіп жатқан тақырыпқа бар назарын аударады. Салыстыру әдісі тақырыптың игерілуіне, сол тақырып бойынша оқушылардың өз бетінше ой қорытып, логикалық тұрғыдан ойлануына, бұған дейін алған білімін қолдануға жағдай жасайды. Оқушы грамматикалық ережелер мен емлелер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарын табу арқылы бұған дейін өтілген және өтіп жатқан материалдар меңгеріледі.

«Дидактикада салыстыру негізгі тәсіл болып табылады. Салыстыру арқылы оқу материалы оңай меңгеріліп, білім алушының өмірінен тысқары білімді меңгеруіне көмектеседі», - деген Ш. Ерхожинаның пікіріне сүйене отырып, синтаксисті өзге ғылым салаларымен интеграциялауда салыстыру әдісі арқылы оқушы тек емлелер мен ережелерді игеріп қана қоймай, дүниетаным көкжиегін кеңейтеді, ғылыми мәтіндердің құрылымымен таныс болып, мағынасын түсінуді әрі білімдерін өз өмірлерінде қолдануды үйренеді.

Оқушыларға ыңғайлас салалас сөйлемдерді оқытқанда, бірыңғай мүшелі жай сөйлемдермен салыстыра отырып меңгертуге болады. Үтірлі сөйлемнің барлығы құрмалас сөйлем емес екенін, күрделі ойы болса ғана құрмалас сөйлем болатындығын өздерінің салыстырулары мен пайымдаулары арқылы игертуге болады.

Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай отырып меңгертуде жоғарыда аталған әдістер тиімді деп қарастырылды. Оқушылардың дүниетаным көкжиегін кеңейту, түрлі ғылыми мәтіндермен жұмыс істей отырып функционалды сауаттылыққа баулу, синтаксисті арналған тапсырмалар орындау барысында оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінен мәтіндер іріктелді. Әдістерді сауатты пайдалану үшін берілер тапсырмалар жүйелі әрі оқушыға да жасына сай қызықты әрі түсінікті болуы тиіс. Жаратылыстану

пәндерінің мәтіндері, әдеби мәтіндер, философиялық, экологиялық, экономикалық, әлеуметтік мәтіндер оқушылардың меңгерген білімдері мен дағдыларын болашақта кез келген қажеттіліктері үшін қолдана алуларына, өзге пәндерден алған білімдерін қазақ тілі пәнінде ұштастыра отырып, синтаксисті оңай игерулеріне жағдай жасайды.

2.2 Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес синтаксисті интеграциялай оқытуға арналған тапсырмалар

Аналитикалық жаттығу

1-жаттығу. Берілген мәтінді түсініп оқып, сөйлемдердің құрылымын талдандар. Сабақтас құрмалас сөйлем мен салалас құрмалас сөйлемнің айырмашылықтарын түсіндіріңдер.

А. Мәтін не туралы? Тақырыбын қойыңдар.

Ә. Құрмалас сөйлемдерді тауып, қай түрі екенін табыңдар.

Б. Жай сөйлемдерді 2-3 құрмалас сөйлемге айналдырыңдар. (Сабақтасқа бөлек, салаласқа бөлек)

Өмірде сусыз тіршілік жоқ. Судың адам ағзасына пайдасын білу – міндет. Адам денесінің 70 пайызы судан тұрады. Кез келген адам күніне 1,5-2 литр таза су ішуі керек. Судың жетіспеушілігінен дененің кейбір функциялары баяулап, адам ауруға шалдыға бастайды. Иммуитет жүйесінің негізін құрайтын жілік майының түрлі ауруларға қарсылығын күшейтеді. Азық құрамындағы керекті элементтердің ағзаға сіңуін арттырады. Азықтарға энергия беріп, құрамындағы элементтердің ағзаға сіңуі кезінде бұл энергияны денеге таратады.

Жасушаларды оттегімен қамтамасыз етіп, қалдық газдарды өкпеге тасымалдайды. Улы қалдықтарды жинап, бауыр мен бүйрекке жеткізеді. Буын қуыстарын негізгі майлаушы зат болып табылады. Омыртқадағы дискілерді жұмсартқыш су көпшіктеріне айналдырады. Ішектердің жұмысын реттейді, майлануын қамтамасыз етіп, іш қатудың алдын алады. Жүрек ауруы мен сал болу (параллич) ауруынан сақтайды. Стресс пен депрессияны басады. Ұйқыны жөнге келтіреді. Шаршағанды кетіреді. Теріні жұмсартады. Қанды сұйылтып, қан айналымы кезінде қоюлануын алдын алады. Адам денесінде су қоймасы болмағандықтан, суды жиі ішіп тұру керек [78].

Жаттығудың мақсаты- грамматикалық білімді нығайту, талдай алуға үйрету. Адам организмі үшін судың қаншалықты пайдасы бар екендігін түсіндіру.

Нәтижесі: оқушылар сөйлемдердің құрылымы арқылы түрлерін жіктей алады. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырып, күрделендіру арқылы ойын жеткізуді үйренеді. Мәтіннен алған білімі дүниетанымын кеңейте түседі.

Логикалық жаттығу

2-жаттығу.

Тапсырма

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарына қарап (2-кесте), қай түрі екенін ажыратындар.

2.2 1-кесте.

Сабақтас құрмалас кестесі

| Сабақтастың бағыныңқысының баяндауышы | Шартты | Қарсылықты | Себеп | Мезгіл | Қимыл-сын | Мақсат |
|---------------------------------------|--------|------------|-------|--------|-----------|--------|
| 1.-ып,-іп,-п | | | | | | |
| 2.-а,-е,-й | | | | | | |
| 3.-а,-е,-й+ тұра | | | | | | |
| 4.-май,-мей,-бай,-бей,-пай,-пей | | | | | | |
| 5.-са да,-се де | | | | | | |
| 6.-са,-се | | | | | | |
| 7.-ғалы,-гелі,-қалы,-келі | | | | | | |
| 8.-ған,-ген,-қан,-кен + күйі, бойы | | | | | | |
| 9.-ғанда,-генде,-қанда,-кенде | | | | | | |
| 10.-ғанша,-генше,-қанша,-кенше | | | | | | |
| 11.-ғаны,-гені,-қаны,-кені + үшін | | | | | | |
| 12.-у+ үшін | | | | | | |
| 13.-ысымен,-ісімен,-сымен,-сімен | | | | | | |

2-тапсырма

Бағандарды бір-бірімен жұптастыр. (2-кесте)

2.2 2-кесте.

Жұптастыру кестесі

| | | |
|---|--------|--|
| 1 | Шартты | Леонардо «эссифир» сөзін латыншаға аударып, латын мәтіндерінде «serpium» түрінде көрсетті. |
|---|--------|--|

2-кесте жалғасы.

Жұптастыру кестесінің жалғасы

| | | |
|---|------------|--|
| 2 | Қарсылықты | Жерге қарағанда Айдың тарту күші алты есе кем болғандықтан, 60 килограмдық адамның салмағы Айда 10 килограмм болады. |
| 3 | Себеп | Скифтер тарихына тереңірек үңілсек, оларды құрайтын бірнеше тайпалар көне жазба шежірелерде жиі кездесетінін көреміз. |
| 4 | Мезгіл | Түсін өзгерте алатын «granitomeya imitator» бақасының уы жыртқыштар үшін қауіпті болғанымен, адамдарға соншалықты зиян емес. |
| 5 | Қимыл-сын | Гүл шырындарын оңайлықпен сору үшін, колибридің тұмсықтары жіңішке әрі ұзын болып келеді. |
| 6 | Мақсат | Әлемде мұнай бағасы тұңғыш күрт көтерілгенде, дүниежүзінде энергетикалық дағдарыс орнады. |

Жаттығу мақсаты:

Оқушы сабақтас құрмалас сөйлемдерге өз беттерінше мысал келтіре отырып, сабақтас құрмалас түрлерін ажыратуды, тапсырма жасау барысында пайымдай алуға үйретеді.

Нәтижесінде: білім алушының ойлау деңгейінің жоғарылауына, ойлау мен сөйлеу заңдылықтарын тиімді пайдалануға үйренуге жол ашады.

Танымдық тапсырма.

1-тапсырма. Төменде әлемдегі ерекше құстар туралы мәлімет берілген. Мәліметтерді пайдаланып, қай қатарда құстардың дұрыс орналасқанын анықтаңдар. Өз қиялындағы ерекше құсты құрмалас сөйлем арқылы суреттендер. Құрмалас сөйлемнің түрлерін тауып, талдаңдар.

Казуар. Ұшу қабілетінен айырылған бұл құстың бойы бір жарым метрге жетсе, салмағы да сексен килограмнан тұрады. Казуардың максималды жылдамдығы- сағатына елу шақырым. Құстың бас сүйегінде он жеті сантиметрге дейін өсетін мүйізтекті айдары болғандықтан, индонезиялықтар оны мүйіздібас деп те атайды. Әлемдегі ең мықты әрі алып аяқтары бар құстардың бірі.














Кондор. Денесінің алыптығына қарамастан, бұл құс аспанда еркін қалықтап ұша алады. Ежелгі уақытта үндістер күн кондордың үлкен қанаттарында жасырынған деп сенген. Қанаттары 3 метрге дейін жеткенмен, құстың денесінің ұзындығы небәрі 1-1,5 метрге дейін ғана. Мойны қауырсынсыз әрі терісі ашық қызғылт түсті болып келеді.

Кішкентай сұлтан. Кішкентай сұлтан ұзын сары сирақтары мен ұзын саусақ-тырнақтарымен ерекшеленеді. Аяқтарының ерекше құрылысының арқасында суда да еркін жүзіп, бұл құс ағаш пен өсімдіктерге де өрмелейді. Жерде де тауық секілді жүре алады. Әдемі түсімен де ерекшеленеді.

Үнді мүйізтұмсығы. Мүйізді құстың ерекшелігі оның үлкен сары тұмсығының болуында. Тұмсықтың үстінде сарғылт келген тұмсық секілді сүйек бар. Ғалымдар бұл сүйектің не үшін қажет екендігін әлі таба алмай келе жатыр.

Мүйізтұмсық құсы балықпен, түрлі жемістермен де, жәндіктермен де қоректенеді.

Колибри. Пинос пен Куба аралында әлемдегі ең кішкентай құстар мекендейді. Колибри атты құстың салмағы 1,6 грамды құраса, ұзындығы тұмсығы мен құйрығын қосқанда бес сантиметр жеті миллиметрден тұрады. Кішкентай денесі үшін шыбынқұс деп те аталады. Тұмсығы гүлдегі шырынды алуға ыңғайлы болуы үшін ұзын болып келеді(интернет желісінен аударылды).

| | I | II | III | IV | V |
|----|---|---|---|---|---|
| A. |  |  |  |  |  |
| B. |  |  |  |  |  |
| C. |  |  |  |  |  |
| D. |  |  |  |  |  |

2.2 1-сурет (Құстар әлемі)

Тапсырманың мақсаты- оқушыларға әлемдегі ерекше құстарды сипаттау арқылы дүниетаным көкжиегін кеңейту, ойларына ерік беріп, қиялындағы құсты сипаттауда сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру, алып жатқан теориялық білімдерін практикада қолдана алу маңыздылығын түсіндіру.

Нәтижесінде: оқушы айтар ойын дұрыс жеткізе білуді, құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып сипаттай алуды үйренеді. Құстар әлемінен хабардар болып, сурет пен сипаттама мәтінін ұштастыра білуді үйренеді.

Дидактикалық ойын. Ойын аты: Қылмыскерді тап

Сәуір айының сегізінде, сағат 21.32-де полиция бөлімшесіне Әсембаева Күнзираштан үйіне ұры түсу, мүлік тонау фактісі бойынша шағым түсті. Тергеушілер мен полиция бригадасы 21.53-те дәлел іздеу мақсатымен Алматы қаласы, мамыр ауданы, 2а мекенжайына келді. Үй иелері үйде болмаған. Көрішілері мен куәгерлердің айғақтары алынды. Бес адам күдікті ретінде ұсталынды. Қылмысты ашуға ізкесуші Дәурен Азаматұлы тағайындалды.



Немересі
Айбын



Аспаз
Бердібек



Жүргізуші
Төкеш



Нағашы інісі
Бағдат



Керші
Айбек

2.2 2-сурет (Күдіктілер)

Керші Асылханов Дәуітбайдың айғағы бойынша ұрының шашы қысқа болғандығы білінді. Демек, ұры Әсембаева Күнзираштың немересі Айбын емес, алайда шашы қысқа Бердібек аспаз емес/ болуы мүмкін.

Үй маңындағы «Асар» дүкенінің сатушысы Қалдыбаева Айнаш ұрының көзілдірік таққандығын жеткізді. Куәгерлердің сөзі расталынса, ұры Төкеш жүргізуші емес/болуы мүмкін. Қалғандары,күдікті.

((Үй көмекшісі Анар Сүлейменованың айтуынша ұрының шашы қара болғандығы белгілі болды. Күдіктілер қатарынан нағашы інісі Бағдат табылады/алынады. Ұрыныңнеболуы мүмкін.

Такси жүргізушісінің куәлігі байынша қашып бара жатқан ұрының сақалы болмағанын, бірақ та мұрты болғандығын айтты. Демек не болуы мүмкін.


Үйден дәлел ретінде ұрының көзілдірігінің төртбұрышты оң жақ линзасы түсіп, дәлелдер қатарына қосылды. Ұры нағашы інісі де, жүргізуші де емес/болуы мүмкін.

Сонымен, айғақтарды талдай отырып ұрының екендігі расталды. Тергеу істері жалғасуда. Уақытша қамауға алынды.

Қылмыскер.....үй иесінен кешірім сұрап, өзінің қателігін мойындады. Дұрыс емес іс-әрекет жасағандығын түсінді.

Ойын арқылы интеграциялық талдау тапсырмасы: а) жоғарыда берілген куәгерлердің айғақтарын есепке ала отырып, күдіктілердің суретіне (2-сурет) қарап, бос орындарға күдіктілердің атын жазыңыз. Сіздің тапқырлығыңыз ұрыны табуға көмектеседі. Берілген мәтіннің тіліне назар аударындар. Қандай стильде жазылған? Мәтіннің қандай тіл ерекшеліктері бар?(берілген тапсырманың құқық ғылымымен байланысы бар екендігіне назар аударту). ә) Сұраққа жауап табу. Жұптық жұмыс жасау. Берілген ойын арқылы құқықтық мәселелерді көтеру. Адам құқығын бұзу, адамның әрекеттерді жасамас үшін, олардың алдын алу үшін қандай іс-шаралар жасалуы тиіс. Шешімін тауып көріңдер (құрмалас сөйлемдерді кіріктіру, талдау; айтар ойды жүйелі жеткізу; кез келген бір мәселені көтеріп, содан шығу жолын қарастыру).

А) 2.2 Сызба 1



Сәуір айының сегізінде, сағат 21.32-де полиция бөлімшесіне Әсембаева Күнзираштан үйіне ұры түсу, мүлік тонау фактісі бойынша шағым түсті. Тергеушілер мен полиция бригадасы 21.53-те дәлел іздеу

мақсатымен Алматы қаласы, мамыр ауданы, 2а мекенжайына келді. Үй иелері үйде болмаған. Көршілері мен куәгерлердің айғақтары алынды. Бес адам күдікті ретінде ұсталынды. Қылмысты ашуға ізкесуші Дәурен Азаматұлы тағайындалды.



Ресми, анық, хабарлы сөйлемдер, ісқағаздарда қолданылады. Баяндауыштары ырықсыз етіс формасымен келген, нақты мәлімет берілуде.

Ә) 2.2 Сызба 2



Оқушы жауаптарынан:

2.2 Сызба 3



Жемкорлықты тоқтату қаранайым халықтан бастау алу керек. Жоғарыда отырған адамдарды халықтың ақшасын желі деп жамандағанша, қаранайым тұрмыста өз күшіміз бен ақбымызға сенип, әрекет жасауымыз керек. Кезінде ҰБТ-ны сатып алған да, дәрігерге ақша берген де, сотқа не прокурорға пара беріп, қылмыскерлерді босатып жібертізін отырған да қаранайым халық еді. Кішкентайынан бала санасына бұл істің өзгеге зияны тигізіп, өзгенің құқығын бұзатынын ата-ана да, мұғалім де, қоғам да айтып отыруы тиіс.



Қазіргі кезде бұлның ең өзекті мәселелер қатарында. Көптеген мектептерде оқушылар осы мәселені өз бағтарынан өткізеді. Бұлның адамның ауызына не іс-әрекетімен өзгеге дауыс көтеруі, зиян тигізуі, кекетін-мұқатуы, психологиялық зорлық көрсетуі. Бұл бұлның ті бастан өткеріп жатқаны да, оған қарап жүргенге де өз зиянын зардабын тигізеді. Бұлның жасаушыға іс-әрекеті қызық болса да, зардан жетушіге қаншалықты ауыр екенін білмейді. Бұл мәселе қайдан шығады? Оқушылардың өзгелерден сырт-келбеті арқылы ерекшеленуі, діні мен ұлты басқа болуы т.б. әсер етеді. Бұлныңті шешу жолдары көп. Ата-анасының әрдайым қолдауы көмектесе, мұғалімнің оқушылармен сөйлесуі де бұлныңтің алдын алады. Ата-ана өз балдарына тым көп еркіндік бермесе, бұлның жасалмас еді. Әр ата-ана балдарына дұрыс тәрбие берулері керек. Оқушы да балаларымен көп уақыт өткізіп, психологиялық тұрғыдан қолдап жүруі керек. Бұлныңке ұшыраған оқушы да ішіндегі мәселелерін жанындағы жақындарына айтуы тиіс. Олар ата-анасы, мұғалімдері, мектеп психологтары мен достары.



Қоршаған ортаны ластау адам құқығын бұзу ісіне жатады. Неге? Бұл іс-әрекет өз ортамыздан бастау алады. Тауға шығып демалың келіп табиғатқа шықсаң, көңілің түсіп кетеді. Себебі адамдар қаранайым артын дағы коқысты тастауға ерінеді. Менің таза жерде демалу құқығыма келергі келтіруде. Футболшыларға жанкүйер болу үшін стадионға барасың, кетерде де кей адамдар артын жинап кетуге де киналады. Қаранайым коқысты тастау сауаттылығын үйренуіміз керек. Пластик тастайтын жошықке коқысты сорғып тастау арқылы табиғатымызға жанашырлық көрсете аламыз. Жолда кетіп бара жатып кез келген жерге түкірмей, мәдениеттілікті сақтап өзге адамдардың құқығына кірмеуді кішкентайынан ата-ана мен мұғалім үйренуі тиіс.

Нәтижесінде : Ойын арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен белсенділігі арта түседі. Жоғарыда келтірілген құқықтық тапсырма бойынша балалардың сыни ойлау, аналитикалық ойлау қабілеттерін пайдалана отырып, мәтіннің тіліне және өзгеге зиян тигізетін қаранайым тұрмыстағы әрекеттерге талдау жасайды. Жағымсыз, теріс әрекетерді жан-жақты талдау арқылы оқушы бұндай процестің қаупі мен оның заңға қайшы келетін әрекеттерді істемеу керектігін түсінеді. PISA халықаралық тапсырмаларының да мақсатымен сәйкестендіре отырып, мұғалім тарапынан оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін алған білімін тиімді пайдалана білу дағдылары қалыптасқан және қоғамға пайда келтіре алатын тұлғалар қалыптасады. Өз ойларын нақты проблеманы анықтап, соны шешу жолдарын ұсынуды үйреніп, грамматикалық дағдылары да беки түседі.

Қатысымдық әдіс.

Топтық қалып арқылы оқыту.

1-тапсырма.

Әнді тыңдап, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңдар. Мағынасына қарай сөз тіркестерін құрастырыңдар.

Сұрланды, жалғыздың, үндейді, қуаты, бүтін, себелесін, ренжиді, кесіліп.

BALA: Дауылмен ілесіп, жан-айқайыңды

сал,

Жауын, сен де бір жылап ал!

"Дау және күрес - бұл әлемнің заңдары"

Деп үйретіп еді олар бізді алдап

ACE: Бүгін де ертең көрінбейді,

біздің әлем гүрілдетіп дауысын

.....

Адамдарға кекке бар және күші жоқ сүйетін:

Қарашы, әне табиғат жылауда,

күнде ағаштаркұлауда,

Аспан толған тұмша шаң,

Күн көзін жұмғанда көрінбейді шамдар

Тыңдашы, әне табиғат жылауда,

Ол бізге ана, сондықтан да сұрауы бар,

Жер, су, от, жел,

Бір-біріне тең сондай мінсіз ең

Өзгеруді мүлдем қажет етпейді,

Керісінше, бізге өзгеру керек деп білемін

Ешқашан да кеш емес немесе ерте,

Жүрегі барларды өзіммен бірге ертемін, &

..... дауысы алысқа естілмейді

Дегенмен де, мен оған келіспеймін

Енді ойлашы, біз бір болсақ не болады?

Түсіндің ба, жетсең әкел бесті бер!

BALA: Бүгін де ертең көрінбейді,

Біздің әлем гүрілдетіп дауысын

.....

Адамдарға кеккебар және күші жоқ сүйетін:

Сендер жоғалтып алдыңдар мен берген

бір қасиетті!

ALEM: Не керегін бәрі біледі, бәрі біледі,

тек дым істемейді

Махаббат "мені

іздемейді" деп

Неге керегін бәрі біледі, бәрі біледі, тек

дым істемейді

Махаббат "мені

іздемейді" деп

Махаббат "мені іздемейді" деп.

https://www.youtube.com/watch?v=P-F88_oGn30 сөзі: Дулат Мухаметкалиев, Азамат Зенкаев; әні: Олжас Нұрғалиев, Батырхан Маликов, Данияр Кулумишин

Сендер жоғалтып алдыңдар мен берген бір қасиетті!

ALEM: Неге керегін бәрі біледі, бәрі біледі, тек дым істемейді

Махаббат "мені

іздемейді" деп

Неге керегін бәрі біледі, бәрі біледі, тек

дым істемейді

Махаббат "мені

іздемейді" деп

AZ: Пс - пс... Саған айтамын

ZAQ: Кейде ойланамын қару-жарақ не

үшін қажет деп

Адам адамнан қорқатын кезге де жеттік

Біз жоқ жердің бәрі әдемі, бұл

саңылаулар "мылқау әлемде"

"Еркіндіктің мәні не?" дейді оның

көрмегесін дәмін ерні,

Бұл әріптерде сәні тердің,

мен жаймен тердім көрген әр әсерді

Мәлімдейтін сені бар нәрсемен кешкі,

түнгі және таңертеңгі,

Біз үшін мұның бәрі өртенді

Көк, бұл түгіннен, бірі кінәлап,

бірін түртуде,

Бәрі бөлінуде біртіндеп, бірақ жеті

миллиард - бірел

ACE & ZAQ: Не керегін бәрі біледі, бәрі

біледі

Жеті миллиард - бірел

Бәрі біледі, бәрі біледі

Жеті миллиард - бір ел

Не керегін бәрі біледі, бәрі біледі

Жеті миллиард - бір..... ел

Бәрі біледі, бәрі біледі

Тек ол нәрсе іске асу үшін

ALEM: Не керегін бәрі біледі, бәрі біледі,

тек дым істемейді

Махаббат "мені іздемейді" деп

Неге керегін бәрі біледі, бәрі біледі, тек

дым істемейді

а) Әуен не туралы, қандай мәселелер көтерілген?

ә) 3-4 сөз тіркесін алып, талдау жасаңдар. Қандай сөз тіркесі екенін анықтап, дәлелдендер. (есімді, етістікті сөз тіркесі)

2-тапсырма. Төменде берілген экологиялық мәтінді түсініп оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Қоршаған ортаның ластануы- ол жердің, судың және ауаның интоксикациялануы деген сөз. Ол адам денсаулығына әрі қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Қоршаған ортаның ластануына негізгі себеп адам әрекеті болып табылады. Автокөліктер мен өнеркәсіп кәсіпорындары күн сайын ауаға зиянды заттарды- улы газдар мен химиялық заттарды орасан көп мөлшерде таратып жатады, осының бәрі қоршаған ортаны ластайды. Ауаның ластануы улы химиялық заттар мен газдардың ауада шамадан тыс шоғырлануынан туындайды. Ауаны қазба отынды пайдаланып, түтінді атмосфераға тарататын автомобильдер мен өнеркәсіп кәсіпорындары ластайды. Ауаның ластануы әртүрлі респираторлық аурулардың- астманың, бронхиттің және өкпе рагының қозуына негізгі себеп болып отыр.

Су көздерінің ластануына ауылшаруашылықтық, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды беталды суға тастай беру себеп болып отыр. Бұл өсімдіктер мен жан-жануарлардың көптеген түрлеріне түзелмес соққы болып тиюі мүмкін. Ондай суға түсуге болмайды, ал ауыз су орнына ішу одан да қауіпті. Лас суда қауіпті бактериялар көп болады. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша жыл сайын 5 миллионға жуық адам лас суларды ішуден қайтыс болады [79, б. 6].

- Мәтіннен бөлек әлемге, табиғатқа төнген қандай қатерлерді білесіңдер?

- Мәтінге сүйене отырып, табиғатты қалай сақтап қалуға болатындығын жазыңдар. Қарапайым тұрмыста әлемнің жақсы жаққа өзгеруіне қалай септігімізді тигізе аламыз? Шешімін тауып көріңдер. Топ болып қорғандар.

- Жай сөйлем түрлерінің қайсына жататынын талдап, құрмалас сөйлемге айналдырыңдар.

- Әр сөйлемді 2-3 жай сөйлем түрлеріне өзгертіндер. Мысалы атаулы сөйлемге, жақсыз, жалаң, толымсыз т.б.

Лас суда бактериялар көп болады.

Ол адам денсаулығына әрі қоршаған ортаға зиянын тигізеді.

Ондай суға түсуге болмайды.

Мақсаты: қазақ тілін музыкамен, экологиялық мәтінмен интеграциялай отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру. Себебі алынып отырған әуен жастардың басым көпшілігінің сүйіп тындайтын тобынан алынды. Алдына келген оқушының қызығушылығы және дүниетанымымен мұғалімнің санасуы оқушы бойындағы басқа да қырлардың ашылуына себеп болады. Экологиялық мәтін арқылы тұрмыста қарапайым іс-әрекеттеріміз арқылы айналамызды, әлемді сақтап қалуға болатындығын түсіндіру. Әлемді сақтау өзімізден басталатындығын, кез келген іс-әрекет өзімізден басталатындығын түсіндіру. Дүниетанымдарын кеңейту. Жаттығулар арқылы грамматикалық тапсырмаларды оңай игерулеріне жағдай жасау.

Нәтижесінде: оқушы мағынасына қарай сөз тіркестерін қолдануды біледі, жай сөйлемдердің түрлерін түрлендіре алады, экологиялық сауаты арта түседі.

Итнерактивтік әдіс. Тапсырмаға кіріспе ретінде 91 тобының әуені (1dei) қосылады, оқушыларды сергіту мақсатында әрі келесі тақырып ашылу

мақсатымен әуеннен қандай ой түйе алатындығымыз жайлы оқушылармен сөйлесіп, тоқталып өткен соң, мәтінмен жұмыс істелінеді.

Төменде берілген философиялық мәтінді түсініп оқыңдар. а. Ішінен құрмалас сөйлемдерді тауып, түрлерін ажыратыңдар. ә. Автор мәтінде көрсетілген проблеманың шешімін қай құрмалас сөйлем түрлерімен берген? б. Өзіңді күт, жан қалауыңды тыңда деген автор пікірімен барлық жағдайда келісуге болады ма? Мысалы: адам өз ойына келгенін істеп, өзгемен санаспай, менің жан қалауым осы деп өзіне не өзгеге зиян келтірер қоғамда кездесетін қандай іс-әрекеттерді білесіңдер?

Екі түрлі түсініктеме күнделігін (3-кесте) қолданып, тапсырманы орындандар. Ортаға шығып ойларыңды білдіріңдер.

2.2 3-кесте.

Екі түрлі түсініктеме күнделігі

| Бөліктің оң жағына | Сол жағына |
|--|--|
| Қатты әсер еткен тұстарды немесе үзіндіні жазыңыз. | Әсер еткен, ұнаған үзінді туралы өз пікіріңізді жазасыз. Неге бұл тұсы ұнады, нені есіңе түсірді, қандай сабақ алдың, т.б. |

«Біз ең әуелі өзімізге мейірімді болуымыз керек. Біз өзімізге тым қаталмыз. Біз жетістікке жету үшін қоғам талабына сай боламыз деп өзімізді ең газжап нәрселерден алыстатып, шынайы болудан сақтандырып қойдық. Әркім өзіне бір образ таңдап алып, сол образдан шыға алмай өзімізді бір жәшікке тығып тастадық. Өзімізге дос емес, жау сияқтымыз. Әйтпесе досымыз басымыздан синар еді. Өзіңді күт. Айналаңдағы барлық шуды сөндіре тұр, жан қалауын тыңда дер еді. Өзімізге қас емес, дос болайықшы. Өзіңізбен достасқыңыз келсе, онымен кездесуден қашпаңыз.

...Сіз өзіңізбен достасқыңыз келсе, екеудің арасында айтылмаған сыр қалмауы тиіс. Қопарыңыз! Бәрін айтыңыз. Жаныңыздың сізге не үшін көңілі толмайды? Екеудің кездесетін орны айна. Айнаның алдына отырыңыз да өзіңізбен дауыстап сөйлесіңіз де, өзіңізден кешірім сұраңыз. Өзгенің қалауын жасап, өзіңізге ұнамайтын қызметте жүргеніңіз үшін. Бұған дейін батыл болмаған, өзін жақсы көрмей келген болмысыңызды кешіріңіз. Достасыңыз өзіңізбен. Өзіңізге жанашыр болыңыз да, айнаның алдына жиі барып тұрыңыз. Кем-кетік іздеп, өзіңізді сөгіп, арадағы достықты ажыратпаңыз. Досыңызбен байланысты бекіту үшін жиі айнаның алдына келіп тұрыңыз [68, б. 81].

Тапсырманың мақсаты: Бұл тапсырмалар, ең бірінші, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып жасалынды. Соңғы онжылдықтың зерттеулеріне қарағанда жасөспірім шақта жасалынатын суицидтің басты себептерінің бірі жеке қасиеттерін бағаламау екен. Жасөспірім шақта мінез-құлықтың өзгеруі, өзін тұлға ретінде қабылдамауы, өзгеге не өзіне пайдасызбын деп есептеуі, өзін жақсы көрмеуі секілді факторлар оқушылардың көп жағдайда күйзеліске түсуіне не суицидке итермелеуіне алып келеді [80, б. 420-436]. Қоғамдағы бұндай әлеуметтік мәселені де шешуге атсалысу мұғалімнің мойнына түскен жауапкершілік. Мұғалім тек сабағында білім беріп қана қоймай, оқушыны өзін адам ретінде қабылдайтын, өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыру керек. Тапсырма мақсаты қазақ тілі сабағында философиялық мәтінді интеграциялай отырып, бала бойына тұлға ретінде қымбат екендігін, «адам – қымбат жан» құндылығын насихаттау.

Нәтижесінде: құрмалас сөйлемдерді мағынасына қарай ажырата алатын, философиялық мәтіндерді түсінетін әрі өміріне қолдана алатын, кез келген пікірді пайымдап, өз ойы мен көзқарасын айта алатын оқушы қалыптасады.

«Жалғасын тап» ойыны

Қаржыны үнемдеу лайфхактары.

• Қаржыңыздың кіріс-шығыс есебін жүргізуді әдетке айналдырыңыз. Ол үшін телефоныңызға CoinKeeper секілді тегін мобильді қосымша жүктеп алыңыз. Қосымшаға қаржының кіріс көздерін жазып қоюға болады. Сондай-ақ қаржы шығындайтын әрекеттерді ұяшықтарға бөліп, жұмсалған қаржыны көрсетіп жазып отыруға болады. Ай соңында қай әрекетке көп қаржы жұмсалғанына талдау жасап, оны дұрыс басқаруға қол жеткізесіз. Қосымшаны қолдану жолын Youtube каналындағы арнайы дәрістерден үйренуге болады.

• Ай сайын келер ақшаның бір бөлігін басқа карточка, есепшотқа жинаған тиімді. Бұлай істеу арқылы сіз ақшаны «жоқ» деп есептейсіз. Сонда санаңыз қолыңыздағы қалған ақшаға шақтап өмір сүруге өзін мәжбүрлейді. Көрпеңізге қарай көсілесіз.

• Сауатты тамақтану, спортпен айналысу. Себебі денсаулығы мықты адам емделуге артық қаржы шығындамайды.

• Темекі, ішімдік секілді зиянды әдеттерден арылу.

• Басқалармен бәсекелеспей өмір сүру.

• Дүкен, базарға азық-түлік, киім-кешек алуға барған кезде тізім жасап шығу. Тізіммен барған адам өзіне қажетін ғана алады. Олай болмағанда, аса қажеті жоқ нәрсеге ақша шығындауыңыз мүмкін.

• Ұнаған нәрсені бірден алмаңыз. Бірнеше күн күтіңіз. Себебі жарнаманың әсері хәм сол кездегі көңіл-күйдің ықпалымен керексіз затты сатып алуыңыз бек мүмкін. Көп жағдайда, қажет сияқты көрініп тұрған көп нәрсе, эмоция тарқап, аптығыңыз басылған соң түкке керегі жоқ болып шығады.

• Бір зат сатып аларда өзіңізге «Бұл нәрсе шынымен маған керек пе?», «Қажеттілігі қанша? Бұнсыз өмір сүруге бола ма?», «Мұның баламасы бар ма?» секілді сұрақтар қойыңыз. Қажеттілігі анық болғанда ғана сатып алыңыз.

• Киім-кешекті маусымнан бұрын не кейін сатып алу. Мысалы, қыстық киімді көктемде, жаздық киімді күзде сатып алып қою. Дүкендер көбінесе маусымнан кейін заттарды жаппай арзан бағаға сатады.

• Қағаз ақша ұстау. Карточкамен төлем жасау, қолма-қол ақша жаратқандай әсер қалдырмайды. Ақшаны аударғанда, яки карточкамен төлегенде жұмсалған ақшаның мөлшері толық сезілмейтіндіктен, әр нәрсені ала беруіңіз мүмкін. Ал қолма-қол төлегенде құнын сезінесіз [81, б. 251].

Аудиомәтінді тыңдаңыз. Аудиомәтінді тыңдап болған соң, мәтінге байланысты өз түсінгеніңіз бойынша жай сөйлемдер құрастырыңыз. Жалғасын тап ойыны арқылы сол жай сөйлемдердің жалғасын тауып жазыңыз. Мысалы: *Ұнатқан затыңызды бірден сатып алмаңыз. Ұнатқан затыңызды бірден сатып алмасаңыз, сіз ақшаңызды дұрыс бағытта жұмсауды үйренесіз.*

Қолыңызда сізге бір айға жетерліктей қаржы бар делік. Сол қаржыны мәтін тақырыбына сай қалай, қай жерге жұмсап, басқарар едіңіз? Мысалы: 10 пайызын қайырымдылыққа, жиырма пайызын киімге, 30 пайызын өзімді дамытуға арналған курстарға т.б.

Мақсаты: Экономика саласын интеграциялай отырып оқыту арқылы оқушыларды қаржылай сауаттылыққа баулу. Тыңдалым арқылы мәтінді

түсініп, өз ойын жинақтай алуды, жинақтап жай сөйлем құрастыра алуды дамыту. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдыру арқылы, бір ойды күрделендіре жеткізуді үйрету.

Нәтижесінде: құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білетін, түрлерін ажырата алатын, қаржылық сауаттылықтан хабардар, алған білімін өз өмірінде қолдана алатын сауатты тұлға қалыптасады.

Проблемалық әдіс

Төмендегі тіл мәселесіне байланысты әлеуметтік мәтінді оқып, жұп бойынша проблемалық сұрақтардың жауабын табындар. Шешімін көрсетіндер.

Әлемде көптеген тілдер жойылып бара жатқаны мәлім. Соның бірі кет тілі туралы сіз не білесіз? Егер естіген болсаңыз, бұл тілдің дыбысы бір қызық, көпшілікке белгісіз дыбыстар. Алайда 200-дей ғана сөйлеушісі бар кет тілі жоғалып бара жатқан тілдер қатарына енген.

Бүгінде кет тілі орталық Сібірдің жоғары Енисей жазығындағы кейбір ауылдарда ғана сақталған. Кет тілінде тек аздаған адам ғана сөйлейді, оның жалғаса қоюы да екіталай.

Бірақ басқа да тілдер сияқты кет тілінің өзіндік ерекшелігі де бар. Оның грамматикасы таңқаларлықтай көп құрылымды, етістіктері түрлі жолдармен қолданылады. Кет тілінде сөйлейтіндердің өзі оны арғы бабаларының дәстүрімен байланыстырады.

Гарвард университетінің тіл маманы әрі жоғалып бара жатқан тілдер институтының директоры Грегори Андерсон тілдердің жойылу қаупін былай түсіндіреді:

– Егер сіз ата-бабаларыңызға түсіңізде сөйлесеңіз, олар ағылшын тілінде сөйлемейді. Сондықтан сіз оларға қай тілде сөйлейсіз? Мұнда жоғалып бара жатқан тілдердегі адамдардың шынайы тарихымен байланысы үзілуде. Ал ағылшын, испан болмаса орыс тілі сияқты үстемдік құрып тұрған тілдер мұндай проблемаға кезікпей отыр.

Ресейдің шығыс жағалауынан мыңдаған шақырым жырақта жатқан кет тілі сияқты жоғалып бара жатқан тілдердің қатары күннен-күнге өсіп барады деген лингвистер, 14 күнде бір тіл жойылып кететіндігін айтып отыр. Тіл мамандарының дерегіне қарағанда, 2100 жылға дейін әлемде 3500-дей тіл қолданыстан шығып, жоғалады екен. Бұл деген бүгінгі таңда дүниежүзіндегі бүкіл тілдердің тең жартысы болмақ.

Ол көбіне Жаңа Гвинея, Кавказ елдері мен Сібір аймағындағы түрленген тілі бар азшылық ұлттардың ана тілдері болады. Мамандар Ресейдің өзінде жоғалу қаупі төнген 136 тіл бар екенін айтады. Тілдердің жоғалуына қарсы күресіп жүрген мамандардың аздаған тобы өліп бара жатқан тілдерді құжатқа түсіру жасағын қолға алған.

Бірақ Кэмбридж университетінің лингвист-антропологы Марк Турин оның өзі өте қиын шаруа екенін айтады:

– Мен айтар болсам, біз әлем бойынша тек 10 пайыздай ғана тілдерді білеміз. Аудио немесе видео таспаға жазылып, нақтыланған, соңғы құжаттары бар тілдер аз ғана. Сондықтан бұл жағдайдың қиындығы тек бес пайыз ғана тілдер жақсы деректелген. Қалған 95 пайызы сақталмады, – дейді Марк Турин.

Деректерге қарағанда, әлемдегі жоғалып бара жатқан тілдердің 28 пайызының 1000-нан сәл асатын сөйлеушісі бар. Мысалы, Ауғанстандағы тирахи тілінде сөйлейтін 100 адам ғана қалған. Арменияда ловаврэн тілінің сөйлеушісі тіпті 50-ден аспайды.

Тілдердің қолданыстан шығуына немесе тілдер қауымдастығы не себепті өз ана тілдерінен басқа тілге ауысып кетеді дегенге жауаптар да әртүрлі. Десе де доктор Андерсон бұл құбылыстың тамыры көбіне бір жағдайда жатыр деп біледі.

– Басым тілдер мен осындай тілде сөйлейтін этникалық топтар негізінен экономикалық жағынан белсенді болып келеді. Оның себебі, әлеуметтік-экономикалық даму әрі әл-ауқатты жақсартуға байланысты. Адамдар экономикалық иерархияға

жақындау келеді, сондықтан оған жету жолында тілді ұстанбау керек болса, көп адам сол жолды таңдайды, – дейді Андерсон.


Бұл таңдау саналы түрде болмаса да, кейде әлеуметтік қысымнан болуы ықтимал дейді тіл мамандары.

Бұл тұрғыда Андерсонның айтуынша, ашылық ұлттардың тілдері көбіне іскерлік жағдайда көп қолданылатын тілдерді үйренгенде ұмытыла басталады. Үстемдік құрушы елдердің тілдері жұмысқа алынған ашылық топтардың тілін қолданыстан ығыстырып шығарады. Бұл, әсіресе, Ресейдің Сібір аймағында кездесіп отыр деген лингвист Андерсон «бұл апатты жағдайдан кем емес» деді.

Ал бұрынғы совет республикалары болған Орталық Азиядағы тәжік, қырғыз және өзбек тілдері ел тәуелсіздіктерінен кейін күшейе түскендерімен, Тәжікстандағы памир тілдері сияқты бұл аймақтағы кішігірім тілдер ұмытыла бастаған [82].

Мәтінді интеграциялық талдау тапсырмасы: А) Мәтінді мұқият оқып, негізгі ақпаратты анықтау керек. Өз сөзіңмен қысқаша ғана мәтінде көтерілген мәселені жаз. Ә) Сұрақ-жауап айдары. Б) Грамматикалық тапсырма

А) 2.2 Сызба 4



Әлемде қанша халық болса, сонша тіл бар деу қате тұжырым. Себебі кей халықтар өз тілінде сөйлемегендіктен, сөйлеушісінің саны өте аз болғандықтан, тілдері жойылу үстінде. Сол тілдердің қатарына кет тілін жатқызуға болады. Ана тілін сақтау-қоғамдық, әлеуметтік мәселе.

Ә) 2.2 Сызба 5

| | |
|--|--|
| Қандай фактілер кет тілінің жойылып кетуіне қауіп төндіруде? Ана тілін сақтау қаншалықты маңызды? | • Сұрақтарға сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін қолдана отырып, жүйелі түрде жауап беріңдер. |
| Қазақстанда тұрып, қазақ балабақшасына барса да, қазақ мектебінде оқыса да неліктен жас буынның көп бөлігі ана тілінде таза сөйлей алмай, өзге тілмен шұбарлап сөйлейді? | • Сұрақтарға сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін қолдана отырып, жүйелі түрде жауап беріңдер. |
| Тілді сақтау кімнің жауапкершілігінде? Ойыңды дәлелде. | • Сұрақтарға сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін қолдана отырып, жүйелі түрде жауап беріңдер. |

Сыныпты 3 топқа бөлеміз. Әр топ 4 адамнан тұрады. (сарапшы, жол сілтеуші, баяндаушы, қарсы сұрақ қоюшы). Case-study әдісі бойынша жоғарыдағы тапсырманы орындатамыз.

Б) Мәтіннен есімді және етістікті сөз тіркестеріне бес мысалдан теріп жазыңдар.

Мақсаты: әлеуметтік мәтінді интеграциялау арқылы сөз тіркестері мен сабақтас құрмалас сөйлемді меңгерту, ана тілінің маңызын айқындау, өзекті мәселелерді тауып, шешімін табу дағдысын қалыптастыру. Ауызша сөйлеу және дұрыс жазу дағдысын қалыптастыру

Нәтижесінде: қай сөздер қалай тіркесетінін түсінеді, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін еске түсіріп, өз ойын ашық айта алатын, ақпараттармен жұмыс істей алатын және проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілеті дамыған, сыни тұрғыда ойлана алатын, өзгенің пікірімен санаса алатын тұлға қалыптасады.

Жобалау әдісі.

Шығармашылық жоба тақырыбы:

«Жаңа ғасырдың ерекше қонақүйі»

Күтілетін нәтиже: оқушылар топқа бөлініп, шетелден келген туристер мен отандастарымызды таңқалдырар қонақүй жобасын дайындайды, сынып алдында презентациямен қорғап, «тапсырыс берушілерге» сатулары керек.

Мақсаты: қолдарына берілетін «қаражатпен» ерекше қонақ үйді салу жобасын дайындайды. Жоба барысында қазақ тілінен, математикадан, биология, экономика, география, дизайн т.б. алған білімдерін ұштастыра отырып, жобаны қорғау. Оқушы сынып алдында сөз тіркестері мен жай сөйлем, құрмалас сөйлемдерді орнымен қолдана отырып, еркін сөйлеуді үйренеді.

Әр топқа берілетін материалдар:

Тапсырма

Материалдар мен прайс

Ватман

Рөлдік карталар

Әр топ төрт оқушыдан бөлінеді. Әр оқушыға бір-бірден рөл бөлінеді. Бухгалтер барлық есептеулерді өз мойнына алып, жобаға керекті қаражатты көрсетеді. Архитектор топпен келісіп жасалған дүниенің сызбасын қағаз бетіне түсіреді. Басқарушы топтың әр мүшесі жоба барысында барынша белсене қатысуларын қадағалайды. Менеджер жобаның аяғында сынып алдына шығып жобаның мақсаты мен күтілетін нәтижелерін айтып отырады. Соңында барлық топ болып құрған жобаларын презентация жасайды.

200 млн теңге айналасында ерекше төмендегі критериялар бойынша қонақүй жобасы ұсынылады:

Жоба ресми тілде, сөз тіркестері мен сөйлемдердің дұрыс қолданылуы арқылы ұсынылуы тиіс.

Қонақүйдің логосы мен атын ойластырыңдар.

Қонақүй қаншалықты қарапайым халық үшін қолжетімді?

Қонақүй Қазақстан экологиясы үшін қаншалықты маңызы бар?

Эстетикалық тұрғыдан жоба қаншалықты келушілерге тартымды?

Барлық қаражат орнымен жұмсалынды ма?

Жобаңыз өзгелердікінен қаншалықты ерекше?

Жобаңызда материалдар тың, ерекше жолдарда қолданылды ма?

Осындай мәселелерді қарастыра отырып, жоба қорғау. Екі сабақ айналасында қорғалады. Сабақ соңында анонимді түрде сыныптың дауыс беруі арқылы, ең үздік жоба анықталады.

«Тойымды әрі пайдалы тәрелке» жобасы.

Ағзамыздың жанармайы, қорек көзі- біздің жеп жүрген асымыз. Күнделікті тұтынып жүрген асымыз құнарлылық, бойымызға дәрумен, бойымызға күш берсін дейтін болсақ, тамақтың сапасына мән беруіміз қажет.

Ата-бабамыз ақуызды (ет және субтағамдар) майлармен бірге қабылдағандықтан, екеуі бірге тез қорытылып, жеңіл әрі сіңімді болады.

Ақуыз- ағзаның құрылыс материалы. Өсіп келе жатқан ағза үшін жаңа клеткалар бөлінуі, бойдың өсіп, салмақ жинауы, гормондардың бөлінуі, вирус, бактериялармен күресетін иммунды клеткалардың өндірілуіне әсер етеді.

Пайдалы ақуыз түрлері: субтағамдар (бауыр, пащет), қызыл майлы ет, үйде өсірілген құс еті, үй сүт өнімі, жұмыртқа сарысымен бірге, теңіз өнімдері.

Табиғи майлар калорияға бай энергия көзі. Энергия беру жағынан көмірсу және ақуызға қарағанда екі есе алда тұрады. Жануар майлары мықты иммунитет, гормондардың дұрыс бөлінуі, ағзаның өсуіне әсерін береді. Ата-баба тамақтануына қарайтын болсақ, гендік тұрғыдан біз пайдалы жануар майларын қорытуға бейімдіміз.

Пайдалы майлар: 82% сары май, шыжғыртылған ГХИ майы, авокадо, кокос, зәйтүн, құйрық май, грек жаңғағы, треска балығы.

Сұйық майлар қатты отта қызғанда ағзаға канцорегенді әсер береді. Сол үшін тамақты өз формасын ұстап тұратын майларда дайындау керек. Олар: шыжғыртылған май, кокос майлары.

Күрделі көмірсулардың пайдасы: талшық өсімдік текті тағамдарда кездесетін, ас қорытуға айтарлықтай үлесі зор көмірсулар; ішектен токсиндерді, тітіркендіргіш заттарды, кейде паразиттерді алып шығады, иммунитетті жақсартады. Күрделі көмірсулар: жүгері, сәбіз, қызылша, кәді, каштан, аскөк, асқабақ, бал, үйеңкі сиробы,

нақат, асбұршақ, қарақұмық, сұлы, тары, жемістер. Зиянды көмірсулар: ақ ұн өнімдері, дайын құрғақ таңғы астар, ақ қант, тосап.

Таңғы ас балалар үшін міндетті және оянғаннан кейін жарты сағатпен екі сағат аралығында болуы тиіс. Таңғы астан бұрын жылы суды ішуді ұмытпаңыз. Бұл асқазанды ас қорытуға дайындайды. Таңғы ас ақуыз, майлар, көмірсу және клетчаткадан тұруы тиіс. Түскі ас ең калориялы және мөлшері жағынан да басқа уақытпен салыстырғанда көп болады. Тәулік бойынша желінетін ақуыздың ең көп бөлігі осы түскі аста болуы қажет. Май, көмірсуды да қосуды ұмытпаңыз. Кешкі ас күн ішіндегі ең жеңіл тамақ болуы керек. Ақуыз, майлар, күрделі көмірсулар болуы міндетті. Таңғы ас пен түскі асқа қарағанда мөлшері аз болады. Кешкі асқа күрделі көмірсулар, жеңіл салаттар және жеңіл сорпалар дайындайды [83, б. 37].

Мәтінді интеграциялық талдау тапсырмалары: А. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтіннің кілт сөздерін табыңыз (кілт сөздері арқылы биология, нутрициология ғылымымен байланысын көрсету). Ә. Алдарыңа берілген мәтін бойынша дұрыс, бұрыс, мен таңдаймын тапсырмасын орындандар. Таңдаған дүниелеріңді дәлелдендер. Б. Топтық жұмыс: мәтіндегі мәліметтерді саралай отырып, әр топ «Пайдалы әрі тойымды тәрелке» жобасын ұсынулары тиіс. Жоба бойынша бір күндік таңғы ас, түскі ас және кешкі ас мәзірлерін дайындаулары тиіс. Сынып алдына шығып, пайдалы ас мәзірлеріңді ұсыныңдар. Ең пайдалы әрі тойымды мәзірді дайындаған топ сынып дауысы арқылы шешіледі.

А) 2.2 Сызба 6

Биология (тірі организмдердің құрылысын, функциясын, өсіп-жетілуін қарастырады)

- Ағза, қорыту, ішек, көкөніс, гормон, иммунды клеткалар

Нутрициология (тамақ туралы ғылым. Адам организміне қай тағамдар сіңімді, тағамның құрамын, денсаулыққа әсерін зерттейді)


- Күрделі көмірсулар, пайдалы ақуыз, субтағамдар, кешкі ас, сіңімділік, дәрумен

Таңғы ас балалар үшін міндетті және оянғаннан кейін жарты сағатпен екі сағат аралығында болуы тиіс. Таңғы астан бұрын жылы суды ішуді ұмытпаңыз. Бұл асқазанды ас қорытуға дайындайды. Таңғы ас ақуыз, майлар, көмірсу және клетчаткадан тұруы тиіс. Түскі ас ең калориялы және мөлшері жағынан да басқа уақытпен салыстырғанда көп болады. Тәулік бойынша желінетін ақуыздың ең көп бөлігі осы түскі аста болуы қажет. Май, көмірсуды да қосуды ұмытпаңыз. Кешкі ас күн ішіндегі ең жеңіл тамақ болуы керек. Ақуыз, майлар, күрделі көмірсулар болуы міндетті. Таңғы ас пен түскі асқа қарағанда мөлшері аз болады. Кешкі асқа күрделі көмірсулар, жеңіл салаттар және жеңіл сорпалар дайындайды. (Мәтіннен үзінді беру арқылы нутрициология ғылым саласымен байланыстылады. Осы берілген мәлімет арқылы, жаңа ғылым саласынан хабардар ету арқылы, келесі кілт сөздер табылады).

Ә) дұрыс/бұрыс 2.2 Сызба 7

| | | |
|---|---|---|
| <p>Тамақты жануар майына пісіріп, қуырып жеу керек. д/б</p> | <p>Кешкі ас неғұрлым соғұрлым адам ағзасына пайдалы. Кешкі асқа ет тамақ, лағман, манти, тұшпара жеу керек. д/б</p> | <p>Адам бойындағы паразиттерді, ішектегі токсиндерді алып шығуға пеште піскен асқабақ немесе сәбіз, буға піскен жүгері көмектеседі. д/б</p> |
| <p>Дұрыс. Себебі отқа жанасатын май өз формасын ұстап тұратын болу керек. Оған жануар майлары жатады.</p> | <p>Бұрыс. Себебі кешкі ас қорытуға жеңіл тамақтардан тұруы тиіс.</p> | <p>Дұрыс. Себебі аталған көкөністер ағзадағы токсиндер мен паразиттерді алып шығуға көмектеседі.</p> |

Мен таңдаймын. 2.2 Сызба 8



Келесі этап грамматикалық талдау. Оқушы білімдерін түйіндейтін сөйлемдерді жаздырту. Сөйлемдер да,де,та,те,және,әрі,та,те жалғауларының қатысулары арқылы жасалу керек. Ыңғайлас құрмалас сөйлем құраңдар.

Мақсаты: Грамматикалық дағдыларды меңгерту. Оқушының таным көкжиегін кеңейту. Жазылым, айтылым дағдыларын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Нәтижесінде: алған білімін өз өмірінде қолдана алатын, өз пайымдауын ортаға шығып дәлелдеп, дұрыс сөз саптай алатын, мәліметтерді анализден өткізіп, синтездей алатын функционалды сауатты тұлға қалыптасады. Құрмалас сөйлем туралы мағлұматтарын кеңейтеді. Елімізде енді қалыптасып келе жатқан нутрициология ғылымынан хабардар болып, сол алған білімдерін өз өмірлерінде пайдалана алатын тұлғалар қалыптасады. Жаңа ғылым саласына деген қызығушылықтары оянады.

Салыстыру әдісі.

Төмендегі кестенің (4-кесте) бірінші қатарындағы мысалға қарап, салыстырыңдар. Айырмашылығын табыңдар. Бірыңғай мүшелі жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің жасалу жолына мән беріп, жай сөйлемді құрмалас сөйлемге айналдырыңдар.

2.2 4-кесте.

Салыстыру кестесі

| Бірыңғай мүшелі жай сөйлем | Құрмалас сөйлем |
|--|---|
| Колибри ұяларын ағаштарға, бұталарға, жартастарға, ағаш жапырақтарына сілекейімен жапсырып салады. | Колибри ұяларын ағаштар мен бұталарға салады, кейбіреуі ағаш жапырақтарына сілекейімен жапсырып салады. |
| Колибри гүл шырындарымен, өрмекшілермен, жәндіктермен де қоректенеді. | Колибри гүл шырындарымен қоректенсе, кейде ол өрмекшілермен де, жәндіктермен де қоректенеді. |
| Сарышұнақ жайылымдық жерлерді, азықтық өсімдіктерді жояды. | Сарышұнақ жайылымдық жерлерді жояды, ол азықтық өсімдіктерге де зиян тигізеді. |
| Шахмат шығармашылық ойлауды, интелекті, есте сақтауды жақсартады. | Шахмат шығармашылық ойлауды, интелекті дамытады, әрі бұл ойын есте сақтауды жақсартады. |

Нәтижесінде: Берілген бірыңғай мүшелі жай сөйлемнің сөздерін ауыстыру арқылы құрмалас сөйлем жасату оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырып, дұрыс сөйлем құрау дағдысын қалыптастырады.

2.3 Синтаксисті оқытудың эксперимент нәтижесі

Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың неғұрлым қолайлы әдістері іріктеліп, оқу әдістемелік материалдар дайындалып эксперименттік оқу жүргізілді. Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың маңызын әрі тиімділігін айқындауда 8-9- сыныптар арасында белсенді және бейтарап эксперименттер жүргізілді. Синтаксис саласындағы құрмалас сөйлемдерді меңгерту үшін басқа ғылым салаларының мәтіндерімен интеграциялауда салыстыру әдісі, қатысымдық әдіс, проблемалық әдіс, жаттығу әдісі (аналитикалық, логикалық жаттығулар, танымдық тапсырмалар, тапқырлық ойындар), интерактивтік әдістер, жоба әдістері қарастырылып, эксперименттен өтті.

Эксперимент жасалатын топтарға алдын-ала бақылау әдісі қолданылды. Нысанға алынып отырған бақылау және эксперимент сыныптарға айтылым дағдысы, тапсырма жасаудағы белсенділіктері мен грамматиканы меңгеру деңгейлері бойынша алғашқы мониторинг жүргізілді. 8-9- сыныптардың сабақтарына қатысып, оқушылардың тақырып меңгерудегі тапсырмалардың сан алуандығы маңызды екендігі аңғарылды. Оқушылардың бар зейінімен сабақты тыңдауы, тапсырмаларды жасауы, белсене араласуы сабақ мазмұнының біркелкі болмауына байланысты деген болжам мен пайымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының нәтижелі болуы үшін әр сыныптан екі топ алынды. Бірі экспериментті топ, екіншісі бақылау тобы. Эксперимент сыныбына жұмысымыздағы таңдалған әдістермен тапсырмалар берілсе, бақылау сыныбында оқыту өзгеріссіз жүргізілді. Бір сыныпты екі топқа бөліп оқытатын мектепте, әр топ шамамен 12-13 оқушыдан тұрды. Оқушылардың даярлығы мен үлгерім дәрежелері бірдей болды. Сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлемдерге берілген тапсырмалар алған білімді бекіту әрі қайталау негізінде берілді. Оқушылардың құрмалас сөйлемдер туралы білімдерін нығайту әрі бұрын өткен тақырыпты (жай сөйлем) ұштастыру мақсатында аналитикалық жаттығу берілді. Медициналық тақырыпта жазылған мәтінді «С» деңгейіндегі оқушы мәтінді түсініп, тақырыбын қоя алды. Құрмалас сөйлемдерді іріктеп, тауып қай түріне жататынын барынша табуға, айтуға тырысып бақты. «В» деңгейіндегі оқушы тақырыбын қойып, құрмалас сөйлемдерді тауып, жай сөйлемдерді құрмаласқа аударуға тырысты. «А» деңгейіндегі оқушы тақырыбын қойып, құрмалас сөйлемдердің түрін ажыратып, жай сөйлемді толықтай құрмаласқа айналдыра білді.

Оқушылардың сабақтас құрмалас сөйлемді мағынасына қарай түрлерін ажырата білулері үшін әрі теориялық білімдері кеңейе түсіп, ойлана отырып өздігінен жұмыс істеу мақсатында логикалық жаттығулар берілді. Тапсырмада сабақтас құрмаластың жасалу жолдарына қарап, қай түрі екенін ажыратып, кестені толтырулары тиіс. Теориялық тұрғыдан өздері ойша сөйлем құрап, мағынасына қарай ажыратқан соң, практикалық тұрғыдан жұптастыру тапсырмасы берілді. Оқушылардың басым бөлігі логикалық тапсырмада қиналды. Себебі өздігінен ойланып, қосымшаларды ойша сөйлемдерді құрау

жеңіл болмады. Жұмысты «өте жақсы» деген бағаны 6 оқушы, «жақсы» деген бағаны 3 оқушы, «қанағаттанарлық» деген бағаны 4 оқушы алды. Практикалық тапсырмаға көшпес бұрын логикалық жаттығу барысында жасалған қателермен жұмыс жасалынды. Оқушылармен бірге сөйлем құрап, оны мағынасына қарай талдап, сабақтастың қай түрі екендігі анықталды. Содан соң барып теорияны практикаға қолдану мақсатында жұптастыру тапсырмасы жүргізілді. Берілген тарихи, биологиялық, астрономиялық бағыттағы сөйлемдерді оқып, талдап, жұптастыра білуде «өте жақсы» деген бағада 11 оқушы, «жақсы» деген бағада 2 оқушы жазып шықты. Бақылаушы топқа жұптастыру тапсырмасына сай келетін тапсырма барысында 13 оқушының тек 6 «өте жақсы» деген бағада жазып тапсырды. Логикалық жаттығу (төменде көрсетілген диаграмма 1) орындау барысында оқушылардың өз күштерімен, еш жерден көшірмей, қиналып, ойлана отырып түрлерін табудың нәтижесінде теориялық білімі нығая түсіп, келесі берілген тапсырманы қиналмай тез орындауға жол ашты.

Логикалық жаттығулар нәтижесі



2.3. Диаграмма 1

Эксперимент жүргізілген топқа дүниетанымын кеңейте отырып, дұрыс сөйлем құрастыра білуге, қиялдарына ерік беріп, дұрыс сипаттама мәтінін жаза білуге дағдыландыру мақсатында танымдық тапсырма берілді. Берілген тапсырма бойынша сурет пен сипаттама мәтінін ұштастырып, дұрыс жауабын табу болды. 13 оқушының барлығы бірінші тапсырманы «өте жақсы» деген бағада жазып, екінші тапсырмаға көшті. Тапсырмада мәтінде көрсетілгендей өз қиялындағы құсқа сипаттама мәтінін жазу болды. Оқушылардың басым бөлігі құстарға ерекше ат ойлап тауып, сипаттай білді. Сыныптан тек бір оқушы табиғатта кездесетін фламингоны сипаттаса, екі оқушы бір сөйлемнен тұратын құрмалас сөйлеммен құсты сипаттаған. Қалған он оқушы сипаттама мәтінін жазған. Оқушының тапсырма бойынша жауабы:

*«Менұр» құсы.
Бұл құс өзге құстардан ерекше. Ерекшелігі сонда күннің астында алтын түске оралып, кешқурым ай туғанда шіріп кетеді. Ол кейде қарапайым алмамен қоректенсе, кейде лас ауаны жұтумен де өзін тойдырады.*

Менұр құсы тек экологияны тазартып қана қоймай, адамдарға ерекше келбетімен әдемі көңіл-күй де сыйлайды. Бұл құстың жойылып кетуден аман сақтап қалу үшін, арнайы қорықтарда ғана ұстауымыз қажет.

Бұл тапсырманы жасауда балалардың қызығушылығы оянып, өз қиялдарына ерік беріп, сынып арасында бір-бірінің жазған мәтіндерін оқып, бір сергіп қалды. Тапсырма оқушыларға ұнады. Апайларымен жазған мәтіндерінен қандай құрмалас сөйлем түрін қолданғандығы, қай жерде үтір, шылау қолданылатындығы талқыланды.

Оқушының сабаққа деген қызығушылығының артуына әрі ойлай алу қабілеттерінің дамуына септігін тигізер дидактикалық ойындардың ішіндегі тапқырлық ойыны эксперименттен өтті. Құқықтық мәтінмен жұмыс істей отырып, адам құқығы жайлы топ болып сөз қозғады. Мақсат маңызды тақырыптарда өздерінің ойларын шаршы алдында қорғай алу дағдысын қалыптастыру болды. Үш топқа бөлініп, бірінші тапсырманы орындады. Қылмыскерді тапты. Екінші сөз сөйлеу тапсырмасында бірінші және екінші топтар буллинг тақырыбында сөз қозғады. Үшінші топ жемқорлық туралы өз ойларын ортаға салды. Тапсырма бойынша құрмалас сөйлемдерді кіріктіре отырып, жазу форматында тапсыру әрі топ болып қорғау болды. Буллинг тақырыбын таңдағанда оқушылардың басым бөлігі өз ойларын еркін жеткізуге тырысып бақты. Арасында екі-үш оқушы өзге тілде араластырып, ескертуден соң таза сөйлеуде біраз қиналды. Бірақ топтастары қазақша баламасын айтып, топ болып алып шықты. Жемқорлықты таңдаған топ сөйлеу барысында оқушылар өзара дискуссияға кірісіп кетті. Оқушылар жемқорлықты жою үшін не істеу керектігін айтып, топ мүшелеріне сұрақтар қойылды. Өз ойларын ашық әрі нақты дәлелдер келтіре отырып, жемқорлықты жою әр азаматтың өзінен басталатындығын атап өтті. Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отырған буллинг тақырыбына байланысты оқушылардың құрмалас сөйлемді кіріктіре отырып, ойларын жазу тапсырмасын төмендегідей орындалды.

Қазіргі кезде буллинг ең өзекті мәселелер қатарында. Көптеген мектептерде оқушылар осы мәселені өз бастарынан өткізеді. Буллинг- адамның ауызша не іс-әрекетімен өзгеге дауыс көтеруі, зиян тигізуі, кекетіп-мұқатуы, психологиялық зорлық көрсетуі. Бұл буллингті бастан өткеріп жатқанға да, оған қарап жүргенге де өз зиянын, зардабын тигізеді. Буллинг жасаушыға іс-әрекеті қызық болса да, зардап жегушіге қаншалықты ауыр екенін білмейді. Бұл мәселе қайдан шығады? Оқушылардың өзгелерден сырт-келбеті арқылы ерекшеленуі, діні мен ұлты басқа болуы т.б. әсер етеді. Буллингті шешу жолдары көп. Ата-анасының әрдайым қолдауы көмектесе, мұғалімнің оқушылармен сөйлесуі де буллингтің алдын алады. Ата- ана өз балаларына тым көп еркіндік бермесе, буллинг жасалмас еді. Әр ата-ана балдарына дұрыс тәрбие берулері керек. Әрқашан да балаларымен көп уақыт өткізіп, психологиялық тұрғыдан қолдап жүруі керек. Буллингке ұшыраған оқушы да ішіндегі мәселелерін жанындағы жақындарына айтуы тиіс. Олар ата-анасы, мұғалімдері, мектеп психологтары мен достары.

Жай сөйлем мен сөз тіркестерін басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқыту барысында қатысымдық әдістің ішінде топтық қалып арқылы оқытуды алдық. Эксперимент сабақтың соңғы бөлігінде жасалынды. Сынып топқа бөлінді. Тапсырманың кіріспесі ретінде табиғатқа төнген қауіп жөнінде әуен шырқалды. Әуеннің кейбір сөздері алынып тасталынды, балалар

мағынасына қарай сөздерді тіркестірулері керек. Тапсырма сабақтың соңғы бөлігінде жасалынса да, шаршап тапсырма жасауға ниеттерінің жоқ екендігі білінді. Алайда әуен қосыла сала, оқушылардың белсенділіктері артып, тапсырма жасауға деген құлшыныстары арта түсті. Тапсырманың бірінші бөлігінде үш топ та дұрыс жауап беріп, сөздерді дұрыс тіркестіре білді, түрлерін ажыратты. Әуеннің мазмұны талқылану барысында барлығы дерлік белсенділік танытты. Екінші тапсырма мәтінмен жұмыста грамматикалық тапсырма жеке-жеке жасатылды. 13 оқушының 10 оқушысы жай сөйлемнің түрлерін дұрыс ажырата білді. Жай сөйлемді түрлендіруде 9 оқушы дұрыс жауап берсе, қалғандары дұрысы мен бұрысы аралас болды. Дәл осындай тапсырманы келесі бақылау тобындағы сыныптың жартысына жасалынды. Сабақ соңында мәтінмен жұмыс істелінді. Балалардың белсенділіктері төмен болды. Екінші топтағы 13 оқушының тек 6 оқушысы дұрыс жауап берсе, қалған бөлігінде дұрысы мен бұрысы аралас тапсырылды (төменде көрсетілген диаграмма 2). Эксперимент тобындағы оқушылардың экологиялық білімдері тапсырма жасауда, өз ойларын қорғауда пайдасын берді. Оқушылар жауабынан:

Мәтінге сүйене отырып, табиғатты қалай сақтап қалуға болатындығын жазыңдар. Қарапайым тұрмыста әлемнің жақсы жаққа өзгеруіне қалай септігімізді тигізе аламыз?

Табиғатты қорғау – әр адамның міндеті. Айналамыздағы тазалықты сақтау өзімізден басталады. Барлық заттарды үнемді қолдану да жеке адамнан бастау алады. Қарапайым тұрмыста целлофан пакеттерді қолданбауды, оның орнына шоппер сөмкелерді пайдалануды, пластик заттарды қайта өңдеу жерлеріне тапсыруды, су, электрді үнемді қолданып, керек кезде ғана пайдалануды өз жауапкершілігімізге алуымыз керек. Табиғатқа пайда тигізу үшін өз үй жағамызға ағаш отырғызу да қиын емес әрекет. Егер айтылған нәрселерді әркім өзінен бастаса, кішкене болса да әлемнің жақсы жағына өзгеруіне көмегіміз тиер еді.

Қатысымдық әдіс нәтижесі



2.3. Диаграмма 2

Оқушылар интербелсенді әдісте өздерінің ойларын ашық айтып, өзгенің көзқарасын тыңдай білуде жақсы нәтиже көрсете білді. Философиялық мәтінді интеграциялай отырып, адами құндылықтар насихатталды. Оқушылардың белсенділіктерін арттыру мақсатында мәтінмен мағыналас әуен тыңдатылып, тақырыпқа кіріспе жасалынды. Оқушылардың ойын тыңдап болған соң, екі

түрлі түсініктеме күнделігі қолданылды. Оқушылардың барлығы құрмалас сөйлемдерді тауып, мағынасына қарай түрлерін ажыратып талдады. Мәтінді оқып, өздеріне ұнаған мәтін бөлігін теріп жазды. Ортаға шығып, неге ол бөлігі қатты әсер еткендігі, өздерінің ойларымен, пайымдауларымен бөлісті. Оқушылар сыныптастарының айтқан пікірлеріне қарсылықтарын көркем түрде жеткізіп, әрқайсысы өздерінің пайымдауларын ортаға салды. «А» тобындағы оқушылар өз ойларын еркін жеткізе алды және тың пікірлер айтуға тырысты, «В» тобындағы оқушылар ойларын қысқа да нұсқа жеткізді, «С» тобындағы оқушылар ойларын жеткізуде қиналды, өзге тілмен араластырып, ойларын жеткізуге барынша тырысты. Тапсырманың пайдасы бірде-бір оқушы тапсырма жасаудан қашпады, барлығы дерлік өз ойларын айтуда белсенділік танытты. Оқушы жауабынан (1-кесте) :

2.3. 1-кесте.

Екі түрлі түсініктеме күнделігінен оқушы жауабы

| | |
|--|--|
| Қатты әсер еткен тұстарды немесе үзіндіні жазыңыз. | Әсер еткен, ұнаған үзінді туралы өз пікіріңізді жазасыз. |
| <i>Әркім өзіне бір образ таңдап алып, сол образдан шыға алмай өзімізді бір жәшікке тығып тастадық. Өзімізге дос емес, жау сияқтымыз.</i> | <i>Басқалар сен туралы не ойлайды екен, басқалармен дос болуым үшін не істесем болады, үлкендердің көңілінен шығу үшін қандай жақсы зат жасасам болады деп өзімізді ұмыттық. Шын түрімізді, хоббилерімізді айтудан қорықтық. Маған ұнайтын, бірақ басқаларға жамандық тигізбейтін заттармен айналыссам мені жақсы көретін, сыйлайтын достар да табылады ғой. Сол үшін өзіңе ұнайтын киім киюден, шашыңды бояудан, билеуден ұялма дейтін едім. Сен ерекшесің. Ерекше болғаның үшін де қасыңа ерекше адамдар келеді. Ұмытпа.</i> |

Әлеуметтік мәтінді интеграциялау арқылы сөз тіркестерін меңгертіп, ана тіліне байланысты көзқарастары мен проблемалық сұрақтарды шешу арқылы, сыни ойлау дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық әдіс алынды. Оқушылар жұппен жұмыс істеп, грамматикалық тапсырманы тез орындады. Келесі мәтінмен жұмыс барысында, проблемалық сұрақтың шешімін табуда өздері сұрақты өзара талқылап, ойларымен бөлісті. Әр оқушы алдымен өз ойларын айтып, кейін ортақ бір шешімге келді. Өзара ақылдаса отырып, сұрақтарға жауап берді. Мәтінмен жұмыс істеу барысында айтылым дағдыларын жетілдіре түсті.

Оқушылардың жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің аражігін ажыратып, мағынасына қарай құрмалас сөйлемге айналдырып, салыстыра отырып ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында салыстыру әдісін эксперименттен өткіздік. Тапсырманың мысалы оқушылармен талқыланып, олардың

айырмашылықтары мен ұқсастықтары көрсетілді. Кестеде берілген бірыңғай мүшелі жай сөйлемді келесі бағанаға құрмалас сөйлемге айналдырып жазу тапсырмасы орындалды. Тапсырма орындауға оқушылар біраз уақытын жұмсады. Өз бетімен ойланып, мұғалімнің бағыт-бағдары арқылы орындап шықты.

Оқушыларға синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытуда жасалынған экспериментте тапсырмаларды орындаудағы белсенділіктері, айтылым дағдылары, грамматиканың меңгерілуі басты назарға алынды.

Жасалған оқушылардың сараптай отырып, диагностикаға салу арқылы нәтижесін шығарылды.

Екі топтағы оқушылардың орындаған жұмыстарын сараптай отырып, нәтижелерін талдай келе, төмендегідей (диаграмма 3) мониторинг нәтижелері шығарылды.



2.3. Диаграмма 3

Қорыта келе, мониторинг нәтижелерін салыстыра отырып, оқушылардың тапсырмалар нәтижесінде пәнге деген қызығушылықтарының артуы, тапсырмалар орындауда белсенділіктерінің артқандығы, айтылым дағдысында жағымды өзгерістер мен грамматиканың меңгерілуінде оң нәтижелер бергендігін байқауға болады. Зерттеу жұмысы барысында синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудағы таңдалған әдістер іріктеліп, олардың тиімділігі анықталды. Бақылаудан өткен әдістер оқушылардың өзіндік көзқарастарын білдіруде, осыған дейін жинақтаған білімін іс жүзінде пайдалана білуде, таным көкжиегін кеңейтуде, сабаққа деген ынтасын ашуда әрі грамматиканы оңай игерулерінде ұтымдылығы жоғары болды. Әдістер балалардың қызығушылығымен, дүниетанымымен

санаса отырып, оқу мақсаттарымен үйлесім тапса, нәтижелердің ілгерілеуін байқауға болады. Яғни қазақ тілі сабақтарын басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың қызықты әрі маңызының жоғары екендігі дәлелдене түсті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, жұмысымызда синтаксисті оқытудың теориялық негіздеріне ғылыми тұрғыда шолу жасалынып, синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың маңызы айқындалды.

Синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың қазіргі таңдағы бірден бір құралы мәтін екені анықталды. Ғылыми мәтін, көркем мәтін, ресми-іскери мәтін, публицистикалық мәтін, ауызекі мәтін арқылы басқа ғылым салаларының тың мәліметтерімен танысуға мүмкіндік туды. Әр салада пайда болған жаңалықтар, жаңа мамандық түрлері, ғылымдағы соңғы жаңалықтар қазақ тілі сабағының мәтіндеріне енгізіліп, синтаксис саласында жаңа сөз тіркестері, жаңа сөйлемдер, жаңа күрделі синтаксистік тұтастықтар, жаңа мәтіндер пайда бола бастайды. Интеграциялай оқыту әдісі инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға жол ашты. Педагогикалық технологиялар саласындағы жаңалықтар синтаксисті басқа ғылым салаларымен ұштастыра оқытуға жол ашты. Интеграциялай оқыту сыни ойлаудың бірден бір құрамдас бөлігі болып табылады. Сыни ойлау технологияларында пайда болған жаңа әдістер синтаксисті оқыту әдістеріне, педагогикалық технологияларға жаңалықтар әкеледі.

Синтаксисті интеграциялай оқыту барысында әр ғылым саласына қатысты ақпараттар ішінен маңыздысы мен қажеттісін таңдап, оны сабақта байланыстыра алу маңызды болып табылады. Синтаксисті оқытуда басты талаптардың біріне оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін көтеру, оқушыларға тілді таным құралы ретінде терең меңгерту, толықтай пәннің мазмұнын интеграциялай оқыту болып тұр. Ол үшін түрлі саладағы мәтіндерді таңдап, олардың танымдық, тәрбиелік, сауаттылықты арттыру жағына аса назар аудару қажеттігі туындайды.

Технология мен ғылымның қарыштап дамыған заманында еліміздегі жастардың өркениетті елдердің азаматтарымен санаса алатын, алған білімін өз қажеттіліктеріне қарай жұмсай алатын, еліне адал қызмет ететін, адами құндылықтарды бойына сіңіре білген тұлғаларды қалыптастыру мұғалімнің де үстіне түскен жауапкершілік болып отыр. Синтаксисті оқытуда тек жалаң білім беріп, грамматикалық дағдыларды ғана бекітіп қоймай, басқа да мектепте оқытылмайтын ғылым салаларынан тың ақпарат ала отырып, дүниетаным көкжиегін кеңейте түсу, дүниеге жаңаша көзқараспен қарап, алған мәліметтері болашақ мамандығына әсер етіп, әлемге пайдалы азаматтарды қалыптастыру мақсатына жету үшін жұмысымызда тиімді деген әдістер көрсетіліп, интеграциялауға келетін деректер іріктелініп алынды.

Біздің ойымызша, синтаксисті басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытуды жүзеге асыру білім алушылардың танымдық қызығуы мен білім сапасын арттырып, пәнге деген қызығушылығы жоғарылай түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі (Оқу құралы). 2-басылуы. – Алматы: «Санат», 1995. – 176 бет.
2. Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арда», 2016. – 488 бет.
3. Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабевова Ұ., Қасабек Қ., Балтабаева Ж., Мұхамеди Қ., Рахметова Р., Көпбаева Ж. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 535 б.
4. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі тіркесімділіктің кейбір мәселері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 95 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 бет.
6. Серғалиев Мырзатай. Синтаксистік зерттеулер. – Алматы, Сөздік-Словарь, 2004. – 392 бет.
7. Сайрамбаев Т. Сөздердің тіркесімділігі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 52 б.
8. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
9. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. (Өңделіп және толықтырылып, 3- басылым). Оқулық. – Алматы: «Санат», 1997. – 240 бет.
10. Жақыпов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар: (монография-оқулық) / - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
11. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет.
12. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. – Өнд., толық., 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 199 б.
13. Бегалиев Ғ., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар баспасы, 1948. – 234 б.
14. Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. -192 б.
15. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары: Таңдамалы еңбектерінің жинағы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 352 б.
16. Әмір Р.С, Әмірова Ж.Р. Қазіргі қазақ тілі, құрмалас сөйлемдер жүйесі: оқулық/ Р.С.Әмір, Ж.Р. Әмірова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 110 б.
17. Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы, II-бөлім. Синтаксис. Орталау жаңа орта мектептерге арналған. 1-басылым. – Алма-ата, Қазақ мемлекет баспасы, 1939. -81 б.
18. С.Аманжолов. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы. – Алматы, 1940.- 139 бет.
19. Есенов Х.М. Синтаксис осложненного предложения в казахском языке. – Алматы: «Ғылым», 1992. – 197 с.

20. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 192 б.
21. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 226 б.
22. Скобликова Е.С. Современный русский язык. Синтаксис простого предложения (теоретический курс) [Электронный ресурс] : учеб. пособие / Е.С. Скобликова. – 4-е изд., стер. – М.: Флинта, 2012. – 320 с.
23. Ермекова Т.Н. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. / Ермекова Т.Н., Ерхожина Ш.Л., Тоқбаева А.Е. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 256 бет
24. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова – Алматы: Мектеп, 2018. – 200 б., сур.
25. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өнд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608-бет.
26. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. -128 бет.
27. Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әмір Рақыш Сәтұлының 90 жылдығына арналған «Филология модернизациялау: тәжірибесі мен проблемасы» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Құраст.: Әлімтаева Л., Саткенова Ж.Б., Әмірқұлова Н.А., Өтегенова Б.Ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 347 б.
28. Хасенова А.Қ., Р.С.Әміров, А.Ибатов. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1975. – 224 б.
29. Ермекова Т.Н. ж.б. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. / Ермекова Т.Н., Бертілеуова К.Ә., Абишева Р.А. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 240 бет.
30. Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/ Ж.Дәулетбекова, А.Рауандина, М.Дусымбаева – Алматы: Атамұра, 2019. – 160-бет.
31. Мамаева М., Мұқашева Ж. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп», 2019. – 144-б., сур.
32. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы, Мектеп, 1989.- 96 бет.
33. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Павлодар. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 234 бет.
34. Әлімжанов Д. Қазақ тілін оқыту методикасы: орта мектеп мұғ. мен жоғ. оқу орынд. филол. фак. арн. / Д.Әлімжанов, Ы.Маманов. – Алматы: Мектеп, 1965. - 248 б.
35. Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы (екінші басылым). Әдістемелік оқу құралы. – Ақтөбе, 2014 ж.

36. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 147 б.
37. В.С.Безрукова. Интеграционные процессы в педагогической теории и практике. – Екатеринбург, 1994.
38. Данилюк А.Я. Теория интеграции образования. – Ростов -на-Дону, 2000. – 440 с.
39. Беляева А.П. Дидактические принципы профессиональной подготовки в профтехучилищах: метод.пособие. – Москва: Высшая школа, 1991. -208 с.
40. Максимова В.Н. Межпредметные связи в процессе обучения. – М.:Просвещение, 1988. -191 с.
41. Костюк Г.С. Избранные психологические труды. – М.:Педагогика, 1988. - 304 с.
42. Лифанова Т.Ю. Критическое мышление / Т.Ю.Лифанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 178 с.
43. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 170 б.
44. Құсайынов Ғ.М. Қазіргі педагогикалық технология: Оқу құралы. – Астана: РҒПО «Оқулық», 2012. – 66 б.
45. Оқудың педагогикалық технологиялары: тәжірибе, инновациялар, енгізу. Әдістемелік құрал. 1-бөлім. – Астана: Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 353 б.
46. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы / А.Қ.Әлімов Асхат Қамзаұлы. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.
47. Оразақынова Н.А. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының әдістемесі / Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал / Н.Оразақынова, Е.Мұхтарова, Р.Шалова, М.Абдукодирова/. – Алматы, 2015. - 236 бет.
48. Құрманова Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. – Монография. – Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы, 2007. – 140 бет.
49. Құлмағамбетова Б., Исанова А., Исінғарина М., Көккөзова М., Құрманғалиева Р., Айтжанова Н. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Білім» баспасы, 2000. – 144 бет.
50. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: теориясы, оқыту әдістемесі: республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. -100 б.
51. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1966. – 359 б.
52. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 592+12 бет суретті жапсырма
53. Серғалиев М. Синтаксис және стилистика. Оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 1997. – 150 б.

54. С.Аманжоловтың ғылыми мұрасы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылым мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – ШҚМУ. – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2003. – 490 бет.
55. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. - 180 б.
56. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес және проф. Н.С.Исаева. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.
57. Кустова Г.И. Синтаксис современного русского языка: Учеб. пособие для студ. филол. фак. высш. учеб. заведений / Г. И. Кустова, К.И.Мишина, В.А.Федосеев. — М.: Издательский центр «Академия», 2005. - 256 с.
58. Ермекова Т.Н. ж.б. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. / Ермекова Т.Н., Рысқұлбек Д.Ж., Мұнасаева Р.Н. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 240 бет.
59. Ермекова Т.Н. ж.б. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. / Т.Н.Ермекова, Г.М.Найманбаева, Б.М.Найманбаева. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2020. – 304 бет.
60. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография. – Астана: Тіл комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. -160 б.
61. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Педагогикалық училище оқушыларына арналған оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 бет.
62. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі(Оқу құралы).- Алматы, «Санат», 1995.-120бет.
63. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері (Көмекші оқу құралы).- Алматы, «Қазақ университеті», 1993.-160бет.
64. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі- Алматы: Ана тілі, 1996-208 бет
65. Ф.Ш.Оразбаева, Б.Қ.Қасым, Ж.Қ. Балтабаева, Н.А. Оразахынова, Р.С. Рахметова/ Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқулық.- Қарағанды: «Medet Group» ЖШС.-2016.-424б.
66. Оқушылар мен ата-аналарға арналған қазақстандық ғылыми-көпшілік журнал Ойла, N8(72)тамыз 2021
67. «ЭКСПО-2017»: өнертабыстар алаңы.//Орталық Қазақстан ақпараттық сайт. URL: <https://ortalyq.kz/ekspo-2017-nertabystar-ala-y/>(қаралған уақыты: 21.03.2022)
68. Өмірге шексіз ғашық/Динара Болат.-Алматы, 2020.-258б.
69. Гүл С. Ғарыш/ С. Гүл. Ауд. Қанат Ибрагимов.- Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2013.- 32 б.
70. Мөлдір Қайнар. ТОП-10. Әлемдегі ерекше тулар.// el.kz ақпараттық-танымдық сайт. URL: https://el.kz/news/nauka/alemnin_en_kizikti_tulari/ (қаралған уақыты: 24.04.2022)

71. Ерхожина Ш.Л. Құрмалас сөйлемдерді шығармашылықпен оқыту әдістемесі: Монография.- Алматы: ЖК «Балауса». – 2018.- 232 б.
72. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. М., 1985. 208 с.
73. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. -Алматы, «Сөздік-словарь», 2005.-272 б.
74. Әлімов Асхат. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы баспасы, 2009. - 263 бет. 13-бет)».
75. Әбдіқалиева Қуаныш, Синтаксисті меңгертудегі интерактивті әдістер, 2021 International Young Scholar's Conference, 2021, ISSN 2709-1120.
76. Конышева А.В. Современные методы обучения иностранному языку. – Минск: Тетра Системс, 2003. – 175 б.
77. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, М. В. Моисеева, А. Е. Петров; под ред. Е. С. Полат. — М.: Издательский центр «Академия», 1999—2005.
78. Судың пайдасы. //Балалар әлемі танымдық сайт. URL: <https://balalaralemi.kz> (қаралған уақыты: 24.04.2022)
79. Табиғат. Энциклопедия/ Қазақ тіліне аударған М. Әкімжанов.- Астана: «Фолиант» баспасы, 2012.- 160б. – «Балалар энциклопедиясы» сериясы.
80. Beautrais, A.L. (2000). Risk factors for suicide and attempted suicide among young people. Australian and New Zealand Journal of Psychiatry, Vol. 34
81. Қайрат Жолдыбайұыл. KEMEL ADAM.- Алматы: «Самға» баспасы, 2021,- 376 бет.
82. Әр 14 күнде бір тіл жойылады. Азаттық радиосы интернет- журналы// URL:https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_world_language/1962994.html (қаралған уақыты: 20.04.2022)
83. Тойымды тәрелке ережесі. Едіге Сұлушаш. Аналарға және балаларға арналған жинақ.